

Абдуллина Г.К.

**АДАМ ПСИХИКАСЫ ДАМУЫН
ЗЕРТТЕУДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ**

(дәрістер жинағы)

**Семей
2017**

Пікір жазғандар:

Кунслямова Т.К. – Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті психология ғылымдарының кандидаты, доцент

Избасарова Ф.Д. – Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Абдуллина Гүлнар Қабдышеитқызы. Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері: дәрістер жинағы – Семей, 2017 – 112 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері - психология ғылымының аса маңызды және күрделі бір саласы. Соңғы жылдары салыстырмалы зерттеулер тарихы өзге ғылымдардың көлеңкесінде қалып қойды. Сондықтан, салыстырмалы психология курсы бүгінгі күннің талабына сай психология мамандығы студенттері үшін арнайы, терең білімді қажет ететін пән болып есептеледі. Аталған курста психиканың материя қасиеттерінен ерекшеліктері, психиканың материалистік және идеалистік түсінігінің маңызы мен пайда болуы сипатталады. Психиканың материалистік және идеалистік түсінігінің маңызы мен пайда болуының салыстырмалы сараптамалары да қарастырылған. Психикалық бейненің сипаттық белгісі мен психиканың даму барысында жүйке жүйесінің пайда болуы мен маңызы қарастырылады.

Дәрістер жинағында психика даму барысында жүйке жүйесінің пайда болуы мен маңызын жан-жақты сипаттаған. Психологиялық деректер мен заңдылықтарды талдай отырып, психикалық іс-әрекетті, қозғаушы механизмдерді де анықтап көрсеткен. Кез-келген организм қоршаған ортаның бір бөлігі бола отырып, сол ортамен байланыста болатындығы сияқты психикалық даму процесінде де тұлға өзін шындықтан неғұрлым алып шыққанымен, соғұрлым онымен байланыста болады дей келе, бейнелеудің неғұрлым жоғары-ойлау формаларына ауыса отырып, тұлға шындықтың кеңірек сфераларына еніп, онымен байланысқа түсетіндігін ғылыми зерттеулерге сүйене отырып талдаған.

Адам психикасы дамуы мен психиканың материя қасиеттерінен ерекшеліктері жөнінде білімдермен қаруландырады Болашақ психолог мамандарды жан-жақты даярлауда «Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері» - атты дәрістер жинағы қазақ тілінде оқитын студенттер үшін қажетті құрал.

Пәннің мақсаты:

Болашақ мамандардың салыстырмалы психология саласын оқып-зерттеуге бағытталған кәсіптік білім негіздерін қалыптастыру, тәжірибе үйрету арқылы қалыптасу заңдылықтарын; мінез-құлық пен ойлаудың, психиканың даму кезеңдері және бейнеленудің эволюциялық формаларын ашу.

Пәнді оқып-зерттеудің негізгі міндеттері:

- психика және оның басқа қасиеттерден айырмашылығы жайлы салыстырмалы зерттеулердің тарихын білу, талдау, категориялық құрылымын ашу;

- кәсіптік және жеке басы салаларында психиканың мәні мен пайда болуы жайлы материалистік және идеалистік салыстырмалы сыни көзқарастарды өзбетінше қолдана алу;
- адам өмір сүру барысында психикалық дамудың қайнар көзі мен қозғаушы күшін тану;
- адам психикасы мен оның салыстыраамалы-психологиялық аспектілері жайлы білімдерін тәжірибеде қолдануға дағдылану;
- психикалық процестердің салыстырмалы дамуына байланысты ерекшеліктерді танып білу;
- пәнге қызығушылықтарын қалыптастыру;
- салыстырмалы психология саласынан алынған білімдер жүйесін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамыту.

Пререквизиттері:

биология, зоология, физиология, жалпы психология, философия.

«Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері» курсының оқытудағы әдістемелік нұсқаулар:

1. «Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері» дәрістер жинағы 15 дәріс тақырыптарынан тұрады. Дәрістің тақырыбы мен жоспары, сұрақтарының мазмұны жайлы мәліметтер берген.
2. Алған білімді меңгеру деңгейін бекітуге арналған сұрақтар көмегімен тексеруге болады.
3. Практикалық (семинар) сабақтарының мақсаты, талқылауға арналған сұрақтары, практикалық (семинар) сабақтарына дайындалудағы әдістемелік нұсқау және әдебиеттер ұсынылған.
4. Білім алушылардың өздік жұмыстары (БӨЖ) мен білімалушы оқытушы жетекшілігімен орындалатын өздік жұмыстарының (БӨӨЖ) тапсырмалары және тақырыптары, әдістемелік нұсқау, жұмыс түрі мен әдебиеттер ұсынылған. Сондайақ емтихан сұрақтары да ұсынылады.
5. Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілерін меңгеруде төмендегі нұсқауларға сүйену қажет:
 - тақырыптардың атауларымен танысу және олардың әрқайсысы туралы жалпы хабардар болу,
 - тапсырманы орындау және қажетті материалдарды іріктеу барысында оқытушымен кеңесу,
 - ұсынылған әдебиеттермен танысып, конспект дайындау,
 - сабаққа дайындалу барысында глоссарийға сүйену.

Глоссарий

Адам психикасы – бүкіл материяның эволюциялық даму нәтижесі

Адам іс-әрекеті - қоғамдық-тарихи ілгерлеудің қозғаушы күші, сонымен бірге ол жеке адамның психикалық даму құралы ретінде де қызмет етеді

Антропсихизм – психиканың пайда болуы адамның пайда болуымен байланысты, психика тек адамдарда ғана бар

Архитектоникасы - ми қыртысының түрлі бөліктерінің құрылыстық ерекшеліктерін атаймыз

Биопсихизм – психика кез-келген материяның қасиетімен емес, тек қана тірі материяның қасиетімен танылады.

Биогенетикалық заң – баланың құрсақта даму кезеңдерінің және биологиялық даму кезеңдерінің арасындағы қатынасын сипаттайтын заң, негізін Ф.Мюллер мен Э.Геккель ашқан.

Белсенділіктің органикалық жүйесі жануарлардың мінез-құлық белсенділігінің әдістері мен формасын белгілейтін түсінік.

Белсенділік– тірі ағзалардың жалпы мінездемесі.

Белсенділік-адамның қоршаған ортамен өзара ықпалдасты қатынас формаларының бірігімі.

Іс-әрекет жалпы адамзаттың тәжірибе негізінде саналы белгіленген мақсаттардың іске асуымен болатын болмысты меңгерудің адамдық әдістәсілі.

Генезис– қалыптасу, пайда болу тарихы.

Генотип – ағзаның генетикалық конституциясы немесе барлық гендер жиынтығы.

Даму - анатомиялық, физиологиялық, әлеуметтік, рухани аспектілердің бір қарқынмен сандық және сапалық жағынан өзгеруі; кез-келген құбылыстың сандық және сапалық өзгеруін көрсететін объективті процесс

Жүйелілік принципі– психикалық құбылыстарды талдаудағы методологиялық негіз.

Интерполяция – ішпей ойда бейнелену.

Коацерваттар – күрделі молекулалы ақуыздар.

Локомоция – кеңістікті бағдарлау қозғалысы

Морфология– форма, құрылыс дегенді білдіреді.

Мотивация – ниеттелген қажеттілікке орай ағзаның белгілі бағытта белсенділікке келуіне ықпал жасаушы нақты жүйке құрылымдарының (функционалды жүйенің) қозуы

Ми қыртысының түрлі частоктарының құрылыстық ерекшеліктерін оның архитектоникасы деп атайды

Нейропсихизм – психика кез-келген материяның қасиетімен емес, тек жүйке жүйесі бар ағзаларда ғана танылады

Нейрондар бірігуінің морфологиялық аппараттарын синапс деп атайды.

Онтогенез– балалық шақ кезеңінде индивид психикасының негізгі құрылымдарының қалыптасу үрдісі.

Панпсихизм – табиғаттың жалпылама жандылығы туралы ілім.

Постнаталды кезең– өмірге келгеннен кейінгі кезең.

Психология «псюхе»-қазақ тілінде «жан», «логос»- «ілім», «ұғым», «ой» деген гректің екі сөзінен тұрады

Психика дегеніміз – үнемі болып, қозу мен тежелу сияқты физиологиялық процесстердің ми қабығында жасалуы

Психиканың дамуы– психикалық үрдістердің белгілі-бір заңдылықтарға бағынып өзгеруінің сандық, сапалық және құрылымдық жаңа құрылымдарда бейнеленетін өзгерістер.

Рекапитуляция теориясы– балалардың психикалық дамуы мен биогенетикалық заңның әсерін қарастырған С.Холл теориясы.

Рефлекс(лат *reflexus* — кері қайтарылған, шағылысқан) — организмнің ішкі немесе сыртқы тітіркендіргіштер әсеріне орталық жүйке жүйесінің қатысуымен қайтаратын жауабы

Сана психологиясы– психологиялық білім жүйесі, психика сананың негізгі критерийі.

Сенсорлы-сезетін, сезімдік, түйсікке байланысты ұғымдар.

Сана– психикалық бейнелеудің жоғарғы деңгейі.

Салыстырмалы психология жан-жануарлардың әрекетін, адамның адам болғанға дейінгі эволюциялық психологиялық дамуын зерттейді.

Тропизмдер –жүйке жүйелері бар жануарлардың кеңістіктегі бағдарлауға қажетті қозғалыстар

Таксистер – қарапайымдылардың кеңістікті бағдарлаудағы қажетті қозғалыстар

Тітіркену – биологиялық бейнеленудің қарапайым түрі, биологиялық ықпалдардың әсеріне тірі ағзаның жауап қайтару қабілеттілігі.

Түйсіктің модальдылығы – түйсіктің тітіркенушілігі, түйсіктің ерекшелігін танытатын сапалық сипаттама.

Түйсіктің локальдылығы – түйсіктің кеңістікке байланысты сипаты.

Физиология– ағзаның, оның жасушалары, мүшелері мен функционалды жүйелердің қызметі жайлы ғылым.

Филогенез– жануарлар тәртібі мен психиканың тарихи дамуының қалыптасу үрдісі.

Феномен– құбылыс дегенді білдіреді.

Фенотип – сыртқы ортаның әсері барысында онтогенезде дамидын барлық белгілер жиынтығы.

Экстериоризация- әрекеттер барысында белгілі бір қиындықтар туындайды, оларды қайта құру, ішкі компоненттерді қажет етеді, яғни сырттан ішке өту.

Экстраполяция – сырттай заттарды тану.

Этология– жануарлардың мінез-құлқының заңдылықтары мен жалпы биологиялық негіздері жайлы ғылым.

Эмбрионалдық– құрсақтағы, туғанға дейінгі кезең.

Ювенильді – ойын кезеңі.

ДӘРІСТЕР

I-МОДУЛЬ: Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілерінің маңызы

№ 1-Дәріс тақырыбы: Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілерінің пәні мен міндеттері

Дәріс жоспары:

1. Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері пәнінің мазмұнына түсінік
2. Даму жайлы түсінік, дамудың заңдылықтары мен қағидалары
3. Адам көптеген ғалымдар саласының зерттеу объектісі

1. Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері пәнінің мазмұнына түсінік.

Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері *пәнінің негізгі мақсаты*: адамзат тарихында қалыптасқан тәжірибені үйрету арқылы қалыптасу заңдылықтарын; мінез-құлық пен ойлаудың, психиканың даму кезеңдері және бейнеленудің эволюциялық формаларын ашу. *Пәннің міндеттері*: адам психикасы дамуын салыстырмалы зерттеулер тарихына сүйене отырып талдау; психиканың материя қасиеттерінен ерекшеліктерін ашу; психиканың материалистік және идеалистік түсінігінің маңызы мен пайда болуын салыстырмалы сараптамалар арқылы толықтыру; психикалық бейненің сипаттық белгісін ашу; психиканың даму барысында жүйке жүйесінің пайда болуы мен маңызын сипаттау.

Психология атауы «псюхе»-қазақ тілінде «жан», «логос»- «ілім», «ұғым», «ой» деген гректің екі сөзінен тұрады. *Психика объективті шындықтың субъективті бейнесі*. Психикалық құбылыстар бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы бейнесі. Олар (түйсік, ой, елес, сезім, қабілет, мінез, т.б.) көпшілігімізге мәлім, тілімізде жиі кездесетін ұғымдар. Осылардың бәрін ғылыми тұрғыда психология ғылымы зерттейді. Психология-жан туралы ғылым дегенді аңғартады. Дәл

осы меселенің шешімі төңірегінде бір-біріне тікелей қарсы философия бағыттары-идеализм мен материализм - пайда болды.

«Психология» термині 1500 жылы Марбург қаласының профессоры Гокленнус есімімен байланысты. Келесі бір дерек бойынша «психология» терминін неміс философы Ломоносовтың ұстазы Христиан Вольф 1732 жылы енгізген. Ол Афродитаның баласы Эросқа ғашық болған гректің «Психея» атты мифологиялық әңгімесін пайдаланады. Психологияның даму жолы ұзақ болды.

1. *Ғылымға дейінгі психология.* Бұл кезеңде адам өзін және басқа адамдарды әрекет пен қарым-қатынас үрдісінде тікелей танып білдіреді. П.Жаненің айтуынша, «Бұл халықтың психологтарға дейін өздері жасайтын психологиясы», - дейді.

2. *Пәлсапалық психология.* Психология пәлсапалық жүйеде қарастырылады.

3. *Ғылыми психология* 1860 жылы неміс ғалымы Г.Т.Фехнер өзінің «Психофизика элементтері» деген еңбегін жариялайды. Х.Вольф пен Гальтон идеяларын Фехнер бірінші болып эксперименталды әдіс реттеуде қолданып, психикалық құбылыстардың зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеуден өткізеді.

4. 1879 жылы Лейпцигте В.Вундт *алғашқы психологиялық лаборатория* құрады. Г.Т.Фехнерге қарағанда В.Вундттың ғылымға тигізген әсері ол жүйелі лаборатория құрып, ғылыми мектептердің пайда болуына әсерін тигізді. Сондықтан, В.Вундт ғылыми психологияның атасы болып есептеледі.

Жан жөнінде танымдар қандай құбылыс-өзгерістерге енгенімен өмірлік іс-әрекеттік, қозғаушы күші жан деген тұжырымға ешбір күмән келтіре алмады. *Тек 18 ғ. психология білімнің дамуында Рене Декарт жаңа дәуір есігін ашты.* Ол адамның ішкі мүшелері ғана емес, тіпті дене әрекетінің де жанға ешқандай қатысы болмайтыны жөнінде пікір айтып дәлелдеді. Р.Декарт ғылымға екі түсінікті: *рефлекс және сананы енгізген.* Р.Декарт тағылымы «дуализм» атауын алды. Дуалистер көзқарасында, психикалық табиғат ми қызметінің өнімі емес, мидан тыс - оған тәуелсіз, өз бетінше жасайтын құбылыс екені түсіндірілді.

Қоғамның өзгеруі, өнеркәсіптің дамуы да практикалық мақсатты - жаңа, ғылыми психологияның пайда болып

дамуына әсер етті. Жан немесе психиканы түсіндіретін қағидалар мен жаңа ғылыми түсініктің пайда болу қажеттілігі туды.

Интероспектік психология аймағындағы теориялардың бір-бірінен айырмашылығы, сананың құрылымы, мазмұны және белсенділік дәрежесіне қарай әрқилы сипатталды. Осы тұрғыдан идеалистік сана психологиясының зерттеулері бес бағытта дамыды: *-саналық элементтер теориясы; -саналық әрекеттер психологиясы; -саналық ағым теориясы; - дербес құрылым психологиясы; - Дильтей суреттеме психологиясы.*

Бұл теориялардың бәріне ортақ түсінік: қоршаған дүниемен белсенді қатынастағы адам орнына сана қойылып, оның бар іс әрекеті сана белсенділігі деп танылды. Осыдан ХХ-шы ғасырдың екінші он жылдығында психологияның және бір бағыты пайда болып, оның өкілдері психологияның жаңа пәнін жариялады: *ол психика да емес, сана да емес, ол сырттай бақыланатын, адам негізінің, қозғалысының жиынтығы әрекет-қылық.* Бұл бағыт «бихевиоризм» деп аталып, психология пәні жөніндегі түсініктер дамуының үшінші кезеңін қалады.

Диалектикалық материализм бағдарынан психологиялық ғылыми білімдердің құрамы неден тұрады, яғни пәні не? Бұл ең алдымен психикалық өмір деректері, әртүрлі ғылым мақсаты – зерттелетін процестер мен құбылыстар бағытынан объективті заңдарды белгілеу. Теориялық және эксперименталды зерттеулердің бәрі нақ осы мақсатқа бағдарланған. Ғылыми танымның өзі құбылыстар арасындағы мәнді, қажетті, тұрақты, қайталанып жүретін байланыс, қатынастарды білуден келіп шығады.

Ғылымдағы күрделі міндеттердің бірі – заңдылықты сипатқа ие байланыстар мен қатынастарды көре білу. Ғылымдық қатал талап – объектив заңдарды ашып қана қоймастан, олардың әрекеттік аймағы мен қолдану жағдайларын көрсете алу. Сондықтан да психологиялық зерттеулердің объектісі–психологиялық деректермен қатар психологиялық заң, заңдылықтар. Сонымен бірге ескеретін жәйт, заңдылық байланыстарды білу өздігінен заңдылықтарды іске асыратын нақты тетіктерді ашып бере алмайды. Осыдан психологияның міндеті–психологиялық деректер мен заңдылықтарды аша отырып, психологиялық іс-әрекетті, қозғаушы механизмдерді де анықтап білу. Қорыта айтқанда, жантану ғылымы-психология психика деректерін, заңдылықтарын және механизмдерін зерттейтін ғылым саласы.

2. Даму жайлы түсінік, дамудың заңдылықтары мен қағидалары

Даму термині психологиядан басқа да ғылымдар саласында (физиологияда, биологияда, медицинада және т.б.) кеңінен қолданылады

және «өзгеру» сөзінің синонимы ретінде қарастырылады. *Психология ғылымында «даму» жүйелі көзқарастың идеясы, жеке элементтер арасындағы күшті әрі тұрақты байланыстар арқылы қалыптасқан. Даму байланыстар арасындағы интегративті қасиеттер түсінігі.*

Даму дегеніміз – кез-келген құбылыстың сандық және сапалық өзгеруін көрсететін объективті процесс. Адамға қатысты дамудың келесі түрлерін көрсетуге болады: физикалық даму, физиологиялық даму, әлеуметтік даму, рухани даму, психикалық даму. *Дамуды адам психикасы мен мінез-қылығы құрылымындағы сандық және сапалық өзгерістерді туғызатын, қайталанбайтын бағытталған заңды құбылыс деп қарастырамыз. Дамудың негізгі қасиеттері: қайталанбайтындығы, бағыттылығы және заңдылығы.* Даму мәселесі психологияның генетикалық психология, салыстырмалы психология, психогенетика, даму психологиясы мен акмеология салаларында зерттелуде.

Балалар психикасы дамуының негізгі заңдылықтары:

- *Дамудың ырғақтылығы мен гетерохрониялығы* - психикалық функциялардың, қасиеттердің дамуындағы өзгерістер: көтерілуі, тұрақталуы және төмендеуі. Дамудың гетерохрониялығы дамудың асинхрониясымен (уақытпен сәйкес келмеушілік) түсіндіріледі: жекеленген ағзалар мен функциялардың дамуы.
- *Дамудың тұрақсыздығы* – дамудың ырғақтығы мен гетерохрониялығы әрбір тұрақсыздық кезеңдермен тығыз байланысты. Дамудың тұрақтылығы тұрақсыздықтың арқасында ғана болады.
- *Дамудың сенситивтілігі* – психикалық функциялардың сыртқы ықпалдарға әсерлерінің жоғарлау кезеңі.
- *Дамудың кумулятивтілігі* – дамудың алдыңғы кезеңдерінің нәтижесі болашақ кезеңдерді жалғастырады, трансформациялайды. Мысалы (ақыл-ой дамуының бірізділігі): көрнекті әрекетті → көрнекті бейнелі → тілдік логикалық.
- *Дамудың дивергенттілігі мен конвергенттілігі:* дивергенттілік – психикалық даму үрдісіндегі әржақтылықтың жоғарлауы, конвергенттілік – жинақталуы, таңдамалылықтың (жоғарлауы) күшеюі.

Психиканың даму мен қалыптасуын генетикалық психология, зоопсихология және жас ерекшелік психологиясы зерттейді. Бұл мәселеге елеулі жаңалықтар ХХ-ғасырдың ортасында көптеп енгізілді және мәселені зерттеуге байланысты екі үлкен ағым қалыптасты: эволюцианистік және диалектикалық материалистік. *Бірінші ағым* – психиканы үздіксіз немесе бірізділікпен байланыстырады. Ал *екінші ағым* – психикалық дамуды зерттеудің бір аймағы ғана емес, психологияның барлық мәселелерін

зерттеудің әдісі және жалпы принципі ретінде қарастырды. Өйткені психиканың және барлық құбылыстардың заңдылықтары тек дамуда деп түсіндірді. Адамның психикалық даму процесін дұрыс түсіну үшін, оның негізгі мазмұнын түсініп алу қажет. Яғни, психикалық даму дегеніміз, шындықты бейнелеудің танымдық және әрекеттік формаларының күрделенуі. Кез-келген организм қоршаған ортаның бір бөлігі бола отырып, одан бөліне бастайды, бірақ сол ортамен байланыста болады. Сол сияқты психикалық даму процесінде де тұлға өзін шындықтан неғұрлым алып шыққанымен, соғұрлым онымен байланыста болады. Бейнелеудің неғұрлым жоғары формаларына ауыса отырып, (мысалы: зат немесе құбылысты қабылдап, түйсінудегі сенсорлы талдаулардан) ортаның байланыс қатынастарын ажыратушы. Ойлауға ауысуында, тұлға шындықтың неғұрлым кеңірек сфераларына еніп, онымен байланысқа түседі. Психика дамуының сатылары – байланыс, бөліну.

Адамның психикалық дамуының қарқынына адамзаттың қол жеткізген негізгі үш жетістігі өз әсерін тигізді, олар:

- еңбек құралдарын жасау;
- материалдық және мәдени-рухани заттарын өндіру;
- сөздік тілдің қалыптасуы.

Психика мен әрекет-қылық дамуының негізгі кезеңдері: әрекет-қылық дегенде қоршаған ортамен байланысты қамтамасыз ететін ұйымдасқан іс-әрекеті ұғымын жатқызуға болады. Адам санасының ішкі жоспары әрекет-қылықтан бөлек қарастырылса жануарларда психика мен әрекет-қылық бірге қарастырылады, сондықтан психиканы оқып-зерттеу, оның компоненті ретінде әрекет-қылықты да қарастыруға болады. Негізінен түрлі әрекет-қылыққа байланысты индивидтің эволюциялық дамуында психологиялық табиғаты жағынан үш түрлі типтегі әрекет- қылықты ажыратуға болады: - *инстинктивті қылық-әрекет*, - *дағды*, - *интеллект*.

Жануарлардың барлық әрекет-қылығы “инстинктивті” болады. Психика мен әрекет-қылық формалары тіршілік етудің биологиялық формалары негізінде қалыптасады. Яғни, бұл формалар саналы емес, биологиялық қажеттіліктен туындайтын “соқыр” әрекет. Инстинктивті әрекет-қылық келесі ерекшеліктермен анықталады: - мотивтің спецификалық тәсілі; - орындаудың өзіндік ерекше спецификалық механизмі. Сондықтан инстинктивті әрекет-қылық өте күрделі процесс, ол қажеттіліктен туындайды да, алғашқыда автоматталған реакциялар арқылы орындалады және әрекет-қылықтың басқа формаларынан ерекшелене отырып, олармен тығыз байланыста болады.

3. Адам көптеген ғалымдар саласының зерттеу объектісі

Талай ғасырлар бойы *адам* көптеген ғалымдар әулетінің зерттеу объектісі болып келді. Адам болмысы табиғатының және саналы қоғам шеңберінде өркендеуі мен қалыптасуына, қоғамдағы басқа адамдармен қарым қатынасының ерекшеліктері мен дамуының негізіне қызығушылық уақыт озуымен бірге өрістей түскен. Адам әртүрлі ғылым тұрғысынан жан-жақты зерттелетін объект. Психология ғылымын танып-білудің өзіндік ерекшеліктері: адам ақылына сиып болмайтын, қалыптан тыс, тылсым құбылыс болуында. Себебі, әр қандай нақты заттың өзі мен қабылданған кейіпі бір бірінен ажыратылып тұратыны даусыз.

Адам психикасы – бүкіл материяның эволюциялық даму нәтижесі. Психика тіршілік дамуының белгілі бір сатысында тірі организм мен сыртқы ортаның өзара қатынасын білдіретін бейнелеудің айрықша түрі. Психиканың ең қарапайым түрі жәндіктерге тән, ал ең жоғары формасы адамның санасы. Сана – адамның қоғамдық тарихи дамуының жемісі. Психика сезім мүшелерінің бізді қоршаған сыртқы заттар мен құбылыстарға әсерленіп, тітіркенуінен пайда болады. *Психика дегеніміз – үнемі болып, қозу мен тежелу сияқты физиологиялық процесстердің ми қабығында жасалуы.* Сыртқы заттар мен құбылыстардың әсері мида түйсіну, қабылдау, елес тудырып, олар адамның алуан-алуан ойлау әрекеттері арқылы қорытылады.

Психология адамдардың психикасын зерттейді, ал *психика немесе жан барлық тіршілік иелеріне тән қасиет.* Психиканың ең қарапайымнан күрделіге дейінгі бірнеше формалары бар: ең қарапайым формасы бір клеткалы-қарапайымдыларға, ал ең күрделісі «сана»-деп аталады және ол тек адамдарға ғана тән. Адам санасы ми қызметімен тығыз байланысты.

Психика адам мінез-құлығы және іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар беріп, реттеу қызметін атқарады. Адам психикасы өз тіршілігіне арқау болған қоғамдық әдіс-тәсілдер негізінде туындаған ерекше құбылыс–сана формасына енеді. Дегенмен, сана психиканың барша мән-мағынасын қамти алмайды. Онымен қатар адамда табиғаттан берілген тума құрылымдар (тума бейсана іс-әрекеттер аймағы), сондай-ақ өмір барысында қабылданған автоматты дағдылар (астар сана аймағы) бар. *Психиканың негізгі көріністері: саналық (психикалық) бейнелер қалыптасуына байланысты психикалық үрдістер және іс-әрекеттер психикалық тұрғыдан реттеп барушы үдерістер.* Меншікті, өзіндік іс-әрекет адам психикасының қалыптасуы мен жүзеге келуінің басты негізі. Іс-әрекет жалпы адамзаттың тәжірибе негізінде саналы белгіленген мақсаттардың іске асуымен болатын болмысты меңгерудің адамдық әдіс-тәсілі. *Адам іс-әрекеті қоғамдық-тарихи ілгерлеудің қозғаушы күші, сонымен бірге ол жеке адамның*

психикалық даму құралы ретінде де қызмет етеді. Адамның заттасқан әрекеті, оның қоғамдық-тарихи тәжірибесі тұлға санасының және ұғым-теориялық аймақтарының басын біріктіреді. *Адам дамуының заңдылықтары және оның ерекшеліктері туралы ғылыми ілімдердің жүйесі жалпы қоғамның дамуы үшін қажет.* Қазіргі кезеңде өндіріс, ғылым, медицина, өнер, оқу, ойын, спорт салаларындағы бірде-бір әрекет психологиялық заңдылықтарды түсініп, танып, білмей тиімді орындалуы мүмкін емес. Адам әр түрлі ғылым тұрғысынан жан-жақты зерттелетін объект.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері пәнінің мақсаты мен міндеттері.
2. Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілері пәнінің методологиялық негізі.
3. Психология және психика жайлы түсініктерді талдау
4. Адамдар жайлы ғылымдар саласында психологияның алатын орны

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.
3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010
4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Праваторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003
8. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - А., 2005

№ 2-Дәріс тақырыбы: Адам психикасының қалыптасып дамуы

Дәріс жоспары:

1. Адам психикасының қозғаушы күштері
2. Іс-әрекеттің ішкі және сыртқы компоненттері
3. Адам әрекетінің жануарлар белсенділігінен айырмашылығы

1. Адам психикасының қозғаушы күштері

Адам психикасының қозғаушы күштеріне адамның белсенділігі мен іс-әрекеті жатады. **Белсенділік**-адамның қоршаған ортамен өзара ықпалдасты қатынас формаларының бірігімі. Белсенділік формаларының бәрі бірдей негізгі деңгей түрінде қарастырылады. **Іс-әрекет** жалпы адамзаттың тәжірибе негізінде саналы белгіленген мақсаттардың іске асуымен болатын болмысты меңгерудің адамдық әдіс-тәсілі. Тірі материяның тірі емес материядан айырмашылығы оның екіншісіне қарағанда қозғалмалы және белсенділігінде. Тіршілік иесінің барлық формадағы өмірі міндетті түрде қозғалыспен байланысты және дамуға сәйкес қозғалыс белсенділігі жетіле түседі. Өсімдіктердің белсенділігі сыртқы ортамен зат алмасумен ғана шектелсе, жануарлардың белсенділігі сол ортаны қарапайым түрдегі зерттеумен, үйренумен байланысты болады. Ал адам белсенділігі өзінің көптүрлілігімен және күрделілігімен ерекшеленіп, іс-әрекет деп аталатын ерекше формаға ие болады.

Іс-әрекет дегеніміз тікелей өзінің қатынасуы, тіршілік ету шарттарына сәйкес қоршаған ортаны тануға, оны творчестволық тұрғыдан өзгертуге бағытталған белсенділіктің арнайы түрі. Іс-әрекет нәтижесінде адам рухани және материалдық мәдениет заттарын өндіреді, өзінің қабілеттерін өзгертеді және дамытады табиғатты сақтайды немесе оны өзгерте алады, қоғамдық ортаны жасақтайды. Бізді қаршаған дүние заттары көбінесе адам қолының, оның іс-әрекетінің жемісі. Өзінің іс-әрекетінің творчестволық, продуктивтілік сипатына қарай белгілер жүйесін, еңбек құралдарын жасақтады. Қолданыс құралдарын жасақтай және жетілдіре отырып, адам сонымен қатар өзінің қажеттіктерін дамытады. Адам қажеттіктері мәдени сипатқа ие бастайды. Адам іс-әрекеті адамзаттың тарихи прогресінде ең маңызды роль атқарды. Сонымен іс-әрекет тек адамға ғана тән қасиет. Іс-әрекет деңгейін сол іс-әрекет нәтижесі арқылы бағалауға болады. Іс-әрекет басқа тіршілік иелері белсенділігінен ерекшелене отырып, жеке әрекеттерден құралады. Іс-әрекеттің мағынасы неғұрлым кең, ал әрекет мағынасы тар болып келеді.

Б.Б.Прохоров қоршаған ортаның адамға әсері жайлы көптеген ғылымдар жүйесінде адамды биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде зерттеу қабылданғандығын атайды. Биологиялық түр ретінде адам табиғаттың бір бөлшегі, әрі қалыптасқан өркениеттіліктің жасаушысы. Сондықтан адамзаттың дамуы биологиялық эволюция мен мәдени прогреске негізделеді. Адамның тіршілік әрекеті ағзасындағы анатомиялық-физиологиялық, биологиялық өзгерістер мен қарым-қатынас (оқу, бірлескен еңбек, жанұядағы қарым - қатынас) барысындағы әлеуметтену үрдісіндегі қалыптасқан дағдыларға тәуелді.

Атақты психолог А.Н.Леонтьев кейбір адамдардың қоғамдық - тарихи даму жетістіктерін меңгеруі, адамзат тарихында қалыптасқан сапалар мен қабілеттердің индивидте жаңа психикалық функциялар мен қабілеттер сияқты қасиеттердің қайталанып, дамуына байланысты деп көрсеткен. Әрекеттің тарихи - әлеуметтік қалыптасқан формаларын меңгеруі - дербес адам қалыптасуының ең негізгі шарты мен шешуші факторы. А.Н.Леонтьев «жеке адам болып тумайды, жеке адам болып қалыптасады»- деген тұжырымға келген.

Адамдардың ұзақ уақыт қоршаған орта мен табиғатқа ықпалынан, тіршілік әрекетінің барлық жақтарында маңызды әсерлері бар жаңа «жасанды» тіршілік ортасы пайда болған. Бұл үрдіс индустриализацияның жалғасуы, ортаның урбанизациялануы мен жасанды экожүйенің қалыптасуы және ғылыми-техникалық революция жағдайларына байланысты қарқындады. Дербес ерекшеліктердің дамуы нәтижесінде адам еңбек құралдарын, сапалы қабілеттерді, ұғым - түсініктер мен сөйлеуді меңгерді. Еңбек арқылы сыртқы дүниені тану құралы ретінде сана қалыптасты. Адам өзін-өзі танып, өзінің табиғи күшін алдына қойған міндеті мен еңбек материалдарына қарай реттей білуге үйренді.

Адам санасы, ақыл -ой қажеттіліктен туындаған еңбек үрдісінде, ежелгі адамның қиын тіршілік жағдайларының шұғыл өзгерістерінде бірлікті әрекетке келуінен бірте- бірте қалыптасқанын Сәбет Бап-Баба зерттеген.

Ж.И.Намазбаева адам еңбектің көмегімен өзін айнала қоршаған табиғатты ғана өзгертпей, сонымен бірге өзі де өзгеріп, дамиды деген пікірде. Еңбек құралын жасау әрекеті адамның мінез - құлқының барлық құрылымын түбегейлі қайта құруға әкелді; қажеттіліктерді тікелей қанағаттандыруға бағытталған әрекеттен, кейінірек мағыналы, арнайы әрекет бөлініп шықты. Тілдің пайда болуы - адамның күрделі құрылымды саналы әрекетін қалыптастыратын маңызды шарт. Тілдің арқасында адамдар өткен ұрпақ тәжірибесін жинақтап, сақтап және келер ұрпаққа тапсыра алатын болашаққа ой салып, өз ісінің нәтижесін шамалайтын еңбекті, өмірді, әлеуметтік күресті жоспарлай алатын болады.

Адам іс-әрекеті жануарлар белсенділігінен түбегейлі айырмашылықта. Ол айырмашылықтарды анықтайтын іс-әрекет компоненттері. Іс-әрекет тек қана белсенділіктен ғана емес, әрекет-қылықтан да бірқатар ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Әрекет-қылық көбіне пассивті сипатқа ие және міндетті түрде өнім өндіруге бағытталмайды. Іс-әрекет әрдайым белсенді, мақсатқа бағытталған, әрі жүйелі.

2. Іс-әрекеттің ішкі және сыртқы компоненттері

Адам іс-әрекеті келесі компоненттерден тұрады: мотив, мақсат, зат, құрылым, құралдар. Іс-әрекет қолданбалы ғана емес, творчестволық сипатқа ие. Кез-келген әрекеттің пайда болу себептері бар. Әрекетке итермелеуші күш *себеп (мотив)* болып табылады, субъектіні белгілі әрекетке итермелеуші белсенділік. Мотив адамды әрекетке итермелей отыра, оны бағыттайды, яғни мақсат міндеттерін анықтайды. Адам іс-әрекетінің мотиві әртүрлі болуы мүмкін: *органикалық, функционалды, материалдық, әлеуметтік және рухани мотивтер*. Органикалық мотивтер адамның жаратылыстық қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталады. Бұндай мотивтер ағзаның дамуымен, өзін-өзі сақтаумен байланысты (тамақ өнімдерін өндіру, тұрғын үй, киім-кешек). Функционалды мотивтер белсенділіктің түрлі формалары: ойын, спорт арқылы қанағаттандырылады. Мотивтер түрлі заттар мен құралдарды жасақтауға бағытталады. Әлеуметтік мотив қоршаған орта адамдарының, оны мойындауынан, белгілі бір орынға ие болуға бағытталады. Рухани мотив адамның өзін-өзі жетілдіруімен байланысты. Негізінен іс-әрекет типін мотивтің басымдылығына қарай анықтауға болады.

Іс-әрекет *мақсаты* түпкі нәтижемен анықталады (олар: ой, идея, теория, нақты өнім, өнер туындылары болуы мүмкін). Жалпы мақсат пен мотив бір-бірімен сәйкес келуі де мүмкін немесе керісінше бір мақсаттағы түрлі іс-әрекет түрлері әртүрлі мотивтен туындауы мүмкін. Мысалы: кітап оқу – түпкі мақсат бола отырып, түрлі мотивтерден туындауы мүмкін. Іс-әрекет *заты немесе құбылысы* тікелей атқарылатан іспен байланысты. Мысалы: танымдық іс-әрекетінің пәні - түрлі ақпараттар десек, еңбек іс-әрекетінің пәні – жасалынатын материалдық өнім.

Кез-келген іс-әрекет *белгілі құрылымға* ие. Бұл іс-әрекет құрылымы *операциялар мен жеке әрекеттер*. Әрекет іс-әрекеттің құрамды бөлігі бола отырып өз алдына саналылыққа, жеке мақсатқа ие. Операция әрекетті жүзеге асыру тәсілдері. Бір әрекетті жүзеге асырудың неше тәсілі болса, сонша операция түрлері болады. Операцияның сипаты әрекеттерді орындау шарты мен мүмкіндіктерге байланысты. Мәтінді есте сақтау, оны қайта жаңғыртуды түрлі адамдар өз мүмкіндіктеріне қарай түрлі операциялар арқылы орындайды.

Іс-әрекет құралы түрлі әрекеттер мен операцияларды орындауда қолданылатын қосалқы заттар. Құралды жетілдіру іс-әрекет өнімділігін арттырады. Негізінен іс-әрекет компоненттерінің мазмұны іс-әрекет барысында өзгеріп отырады. Адам іс-әректі компоненттері ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі компоненттер адамның анатомиялық-физиологиялық процестерімен байланысты. Сыртқы компоненттерге іс-әрекеттің практикалық орындалуына байланысты түрлі қозғалыстарды жатқызуға

болады. Ішкі және сыртқы компонентері іс-әрекет барысында бір-біріне ауысып отыруы мүмкін. Бұл интериоризация, автоматизация, экстериоризация құбылыстарымен байланысты: - Іс-әрекет түрлері; - Іс-әрекет пен психологиялық процестердің өзара байланыс ерекшеліктері: дағды, іскерлік, әдет.

3. Адам әрекетінің жануарлар белсенділігінен айырмашылығы

Адамның іс-әрекет түрлері оның қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Сондықтан адам үшін неғұрлым маңызды қажеттіліктерді қарастыру қажет немесе белгілі бір әрекетке байланысты оның қажеттіліктерінің негізгі параметрлерін анықтауға болады. Бұндай параметрлерге: қажеттіліктердің күш, сан мен сапасы жатады. *Күшке* – қажеттіліктің маңызы, оның өткірлігі; *санына* – түрлі қажеттіліктердің, уақыт өткен сайын актуалдылығына байланысты саны жатса, *сапа* – түрлі қажеттіктерді өтеуге байланысты қолданылатын заттар немесе объектілерге, қаланатын тәсілдерге байланысты болады

Адам өзінің түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруда, еңбек етуде, оқуда, ойнауда, ол қоршаған ортаны қабылдау, зейінді тоқтату, белгілі әрекеттерді есте сақтау, ойлау сияқты әрекеттерді өту керек. Сонымен қатар, психикалық процестерсіз адам іс-әрекеті мүмкін емес және олар ішкі жағдайлардың бір компоненті болады. Психикалық процестер іс-әрекет барысында дамиды және олардың әрқайсысы *іс-әрекеттің жеке түріне айналады: Қабылдау; Ойлау; Қиял; Сөйлеу; Зейін*. Бұл жөнінде практикада дәлелденген теориялар бар. Мысалы: ақыл-ой әрекеттерінің қалыптасу теориясы. Сыртқы әрекеттерді үш топқа бөлуге болады:

- адамның көру, есту т.б. сенсорлы каналдар арқылы информацияны қабылдау құралдары;
- адамның қимыл-қозғалыс органдары немесе дауыс арқылы информацияны еңгізу құралдары;
- әрекеттің белгілі бір нұсқауын таңдау құралдары.

Адам әрекеті өнімді болады, яғни ол белгілі бір шығармашылықтан көрінеді. Адам әрекетінің жануарлар белсенділігінен айырмашылығы:

- 1) Адам әрекеті өнімді, шығармашылық жасаушы болып табылады. Жануарлар белсенділігі инстинктке негізделген, ол табиғатта жаңа нәрсені жасамайды, туындамайды.
- 2) Адамның әрекеті материалдық және ішкі рухани заттар қарым-қатынасынан көрінеді. Бұл заттар негізгі құрал немесе өздерінің қажеттерін өтеу немесе өздерінің даму заты ретінде қолданылады. Жануарлар үшін адамның құрал-жабдықтары қажеті жоқ.

- 3) Адамның әрекеті, оның өзінің даму деңгейін, қажеттерін, қабілеттерін, өмір сүруін өзгертеді. Жануарлар белсенділігі олардың өмір сүру тіршілігінде ешқандай өзгерістер әкелмейді.
- 4) Адамдардың әрекеті оның әртүрлі формалары мен құрал-жабдықтарының тарихи жемісі. Жануарлар белсенділігі олардың биологиялық эволюция қорытындысы ретінде көрінеді.
- 5) Заттық әрекеттер адамдарда туа сала берілмейді. Мұндай әрекеттерді қалыптастырып, (оқыту, тәрбиелеу негізінде) дамытып отырады. Сол сияқты ол ішкі, нейрофизиологиялық психологиялық құрылымға да байланысты. Жан-жануарлар белсенділігі туа сала, генотип арқылы беріледі және ағзаның анатомиялық-физиологиялық пісіп жетілуіне байланысты дамиды.

Адам әрекетінің компоненті ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді. *Ішкі компонентке* – анатомиялық физиологиялық жетілу барысында адам әрекетін орталық жүйке жүйесі арқылы басқару және психикалық процестер мен адам әрекеттерінің реттілігіне қосылу жатады. *Сыртқы компоненттерге*: әртүрлі әрекеттерді тәжірибелік тұрғыдан шешу, әртүрлі қимыл-қозғалыстар жасау жатады. Бұл әрекеттердің дамуы әртүрлі болады. Ол интериоризациядан және автоматтанудан тұрады. Экстериоризациялауда әрекеттер барысында белгілі бір қиындықтар туындайды, оларды қайта құру, ішкі компоненттерді қажет етеді, яғни сырттан ішке өту. Автоматтанған- ішкі нәрсе қайтадан сыртқа өтеді, саналы түрде басқарылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Адам психикасының қалыптасып дамуына сипаттама
2. Белсенділік пен іс-әрекет жайлы түсінік
3. Іс-әрекеттің ішкі және сыртқы компоненттері және олардың бір-біріне ауысуы

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.
3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010
4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Праваторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003

№ 3-Дәріс тақырыбы: Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілерінің ғылыми зерттеу әдістер

Дәріс жоспары:

1. Адам психикасын зерттеудегі салыстырмалы психология пәні мен ғылыми объектісі
2. Салыстырмалы психологияның пайда болуын, онто және филогенезде даму жолдарын, олардың заңдылықтарын, көріністерін эволюциялық даму тұрғысын зерттеу

1. Адам психикасын зерттеудегі салыстырмалы психология пәні мен ғылыми объектісі

Салыстырмалы психология жан-жануарлардың әрекетін, адамның адам болғанға дейінгі эволюциялық психологиялық дамуын зерттейді. Салыстырмалы психология жалпы психологияның саласы. Зоопсихологияға дейінгі қызығушылықтың өсуі, әсіресе, соңғы кезінде жан-жануарларға эксперименттік тәжірибелер мен зерттеу жұмыстары творчестволық ойлаудың дамуына байланысты. Салыстырмалы психология пәні әр түрлі топқа жағатын жан-жануарлардың нейробиологиялық механизмін, ерекшеліктерін және олардың белсенділігін қарастырады. Соның ішінде психиканың эволюциялық даму заңдылықтарын, әртүрлі биологиялық түрлердің психикалық ықтималдық спектрлерін салыстыру. Этология (мінез-қылық биологиясы) пәні жан-жануарлар әрекетінің координацияланған сыртқы белсенділігін зерттейді. Этология ғылымының зерттеулері бойынша тәртіптің қалыптасқан формалары мен психика арасындағы байланыстардың тәуелсіздігі анықталған.

Адам психикасы дамуын зерттеуде салыстырмалы психологияның алатын орны ерекше. Салыстырмалы психологияда адамдар мен жануарлар психикалық әрекетін, мінез-қылықтарындағы көріністерін және адам психикасының пайда болу мәселелерін зерттейді. Ал эксперименталды зерттеулерде адам мен жануарлар психикасының ұқсастықтары мен айырмашылығын қарастырады. Салыстырмалы психологияның қалыптасуы мен даму тарихы бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарастың қайшылықтарында қалыптасты. Бірінші көзқарас өкілдері салыстырмалы психология тек қана жануарлар психикасын зерттеуі керек деген пікірде болса, екінші көзқарас өкілдері эволюциялық қатардағы психика дамуының әрбір кезеңдерін салыстыру салыстырмалы психологияның пәнін анықтайды деген. Екінші

бағыттағы көзқарас ресейдегі психологиялық мектептің ашылуына негіз болды. Эволюциялық қатардағы психика дамуының әрбір кезеңдерін салыстыру позициясы дарвин ілімі негізінде қалыптасты. *Ч.Дарвин адам психикасы жалпы эволюция үрдісінің нәтижесі екендігін дәлелдеді.* Ч.Дарвиннің осы анықтамасы салыстырмалы психологияның дамуына үлкен ықпал етті. Өзінің «Выражение эмоций у животных и человека» (1872), «Инстинкт» және «Биографический очерк одного ребенка» (1877) еңбектерінде объективті бақылау әдісін қолдана отырып, адамдардың (аффектілі жағдайлардағы) және жануарлардың әртүрлі мәнерлі қимыл-қозғалыстарындағы ұқсастық механизмдерін бақылаған. Ғылыми фактілерге сүйене отырып, Ч.Дарвин адамдар мен жануарлардың эмоциялық көріністерінің ұқсастықтарын дәлелдеген. Дарвин ілімінде инстинкттер мен ойлау қабілеттері адамдарда да, жануарларда да бар, бірақ адамда олар жоғары деңгейде болады – бұл адамның жануарлармен салыстырғанда айрықша қасиеті.

Ч.Дарвиннің ілімінен кейін адам мен жануарлар психикасының айырмашылықтары мен ерекшеліктеріне қатысты көзқарастар мен зерттеулер екі бағытта жүрді:

1. Адам мен жануарлар психикасының арасындағы шектеулердің жоғалуы.
2. Адам мен жануарлар психикасының арасындағы алшақтығының тереңдеуі. Зерттеу жұмыстарының мақсаты адам мен жануарлар психикасындағы жалпы ерекшеліктерін анықтау және олардың сапалық айырмашылықтарын көрсету.

Адам кез-келген қоғамда жан-жануарлармен тығыз қарым-қатынасқа түсуде. Салыстырмалы психологияның даму тарихына көптеген ғалымдар үлес қосқан. *Эпикур, Лукреций* жануарлар жанында «жанның бастауы» бар деді. Жанның бастауы материалистік деді. *Сократ* жан-жануарлар мен адамдарда универсалды «ақыл парасат» бар. Жан тән мен қосылып сезімдікке әсер етеді де өздерінің қимыл әрекеттерінде еліктеумен құмарлыққа бағыттанған. *Платон* жан-жануарлар тәртібімен қимыл қозғалысы еліктеумен анықталады. Бұл инстинкте анықтамаған алғаш қадам. *Аристотель* өлмейтін «ақыл парасат» жаны дегенді енгізді. Ерекше құдай тәріздесе жанға енеді. Аристотель жан-жануарларды бақылау арқылы қорытынды жасайды (мысалы: құмырсқалардың белсенділігі сыртқы факторларға байланыстылығын анықтайды). Жан-жануарлар дыбыстың байланысын әсіресе көбею кезеңінде ерекше сезінеді.

Ең алғаш рет материалистік тұрғыда Аристотель жануарлар жаны материалды және де жан тек сезе алатын ағзаларда болды деген тұжырымға келген. Аристотель еңбектерінде жан-жануарлар тәртібі мен мінез-құлқы

туралы нұсқаулар бар. Мысалы: анасынан айырылған жаңа туған баланың өлең айтуы бөлек. Содан шыққан қорытынды өлең айтуға деген қабілеттілік табиғаттың сиы емес пе. Кейін стоиктердің зерттеуі бойынша туа пайда болған (инстинктивті) қабілеттер жануарлар мен адам әрекетінде және өмір барысында әрекеттік формалары реттелетіндігі дәлелденген. *Стоиктар мектебі* ең алғаш рет инстинкт туралы түсінікті қарастырды. *«Хризипп»* инстинкті мақсатты түрде туа біткен жан-жануарлар қимыл қозғалысына зиянды және қалыпты іс-әрекеттерден аулақтататын тәртіпті айтады.

19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырда салыстырмалы психологияның теориялық дамуы үш бағытта жүрді. Жалпы психикалықтың, психиканың эволюциялық теориясы мен адам санасының пайда болуына психологиялық зерттеу жүргізілді және психология ғылымының құрылымдық бөлімінің дамуына қатысты теория ұсынылды.

Жануарлар мен адам психикасын жан-жақты зерттеу барысында ғалымдар адамдардың жануарлардан шыққандығы жайлы дәлелдемелерді келтірген:

- *Анатомиялық*: құлақ қалқандарының, сүт бездерінің, тістерінің жетілуі, рудименттердің, атавизмдердің болуы.
- *Эмбриологиялық*: ұрықтанған жұмыртқадан дамуы, алғашқы кезеңде желбезек саңылауының болуы, миының балыққа ұқсауы, клоакасының болуы.
- *Физиологиялық*: адам тектес маймылдардың қуануы, ызалануы; ұрпағына қамқорлық жасауы; сезім мүшелері, қан құрамы ауру түрлері ұқсас.
- *Палентологиялық* қазбадан табылған адамның арғы ата-тектері: австралопитек, питекантроп, синантроп, неандертальдық, кроманьондық

Сондайақ, *антропогенездің (адамның шығуының) қозғаушы күштері*: биологиялық және әлеуметтік сипаттары анықталған. *Биологиялық – тұқым қуалайтын өзгергіштік, табиғи сұрыпталу, тіршілік үшін күрес. Әлеуметтік – еңбек әрекеті, сөз, ақыл-ой, сана, еңбектің қоғамдық сипаты.*

2. Салыстырмалы психологияның пайда болуын, онто және филогенезде даму жолдарын, олардың заңдылықтарын, көріністерін эволюциялық даму тұрғысын зерттеу

Салыстырмалы психологияда көбінесе психика механизмдері мен функциялары зерттелінді. Эксперименталды зерттеуді теориялық концепция анықтамасымен бірге келесі бағыттарды қарастыруға болады:

- эволюция дамуында психикалық процесстерді әртүрлі деңгейде салыстырмалы зерттеу;
- адам мен жоғарғы жануарлардың онтогенездік дамуын салыстырмалы зерттеу;

- эволюциялық дамудың әртүрлі деңгейде психиканың антропогенетикалық белгілерін (жануарлар психикасы мен адам психикасы) салыстырмалы зерттеу;
- антропогенезде психика дамуын зерттеу.

Психиканың эволюциялық теориясы мен адам санасының пайда болуы туралы теория ұсынылғанда таңдаған сипаттамалар болады. Зерттеуде психика жайлы толық білімдер жүйесі қарастырылды. Жалпы зерттеу барысында психоанализ бен эволюциялық дамуы, психика функциясының ерекшеленуі, эволюциялық үрдістің психика функциясын реттеудегі субъективті және объективті өзара әрекеті анықталды. Яғни психиканың жалпы қасиеті мен сапалық ерекшеліктері анықталды.

Адам психикасының пайда болуын заңды процесс ретінде қарастырады. Адам психикасы өзінің сапалы жаңа филогенетикалық деңгейде дамуын көрсетті. Келесі бағыттарда адам санасының пайда болуына байланысты көптеген ғылымдар саласында зерттеулер жүргізілді. Философия ғылымында жүргізілген зерттеулер ежелгі дәуірдегі адам мен жануарлардың айырмашылығы жайында болады.

Биология ғылымындағы зерттеулерде психиканы эволюциялық процесс фактор ретінде қарастырылады. Бұл идеяларға пікірлерін ұсынғандардың ішінде Ч.Дарвин өз пікірін жеткізе алды. Бұл зерттеулерде адамның пайда болуы ұсынады. 19-ғасырдың басында психика эволюциялық фактор ретінде қарастырылған. А.Н.Северцов, В.А.Вагнер кейінірек жалпы биологиялық аспектілерде бұл идеяларды Б.П.Мантаефель, С.И.Левушкин және т.б. дамытты.

Психология ғылымындағы зерттеулерде психиканың дамуы мен адам санасының пайда болу жайлы теориялық жаңалықтар, анализдер көптеген болды. Зерттеулердің көпшілігі психиканың анықтамасына, оның функциясына, құрылымына және психиканың деңгейін анықтау бағыттарында жүргізілді. Эволюциялық теория негізінде психика мен адам санасының пайда болуы және жалпы заңдық пен механизмдік процестердің өзіндік теориялық міндеттері ретінде А.С.Выготский, Н.Н.Ладыгина-Котс және т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарында көрсетілді.

Адамның психикалық әрекеттерінің, ақыл-ой санасы ағымдарының даму жолдарын білу үшін, олардың нерв жүйесінің, мидың құрылысын білу қажет. Психика ерекше ұйымдасқан материя. Мидың қасиеті есебінде психика пайда болады. Жоғары сатыда тұрған материяда ғана психика болады. Жоғары материя дегеніміз ми, нерв жүйесі. Жүйке жүйесі психиканың негізі болғандықтан, оның құрылысын, әрекеттерін, өсіп дамуын білмейінше, психиканың қалайша өсіп-дамып отыратынын да жақсы біле

алмаймыз. Жүйке жүйесі психикалық әрекеттердің негізі. Жүйке жүйесі адамның денесіндегі түрлі химиялық заттарды шығатын бездермен бірге адамның психикалық қуаттарын меңгеріп, басқарып отырады. Ол сондай-ақ адаммен сыртқы дүниенің арасындағы қатынасын басқарады. Егер жүйке жүйесі болмаса, адамның барлық әрекеттері бір-біріне байланыспай, үйлеспей бір орталыққа бағынбай әрекет етер еді. Жүйке жүйесі болмаса, оның сыртқы дүние мен қатынасы дұрыс болмай оны тануға, өзгертуге, түрлі-түрлі бейнелер туғызуға мүмкіндік болмас еді. Жүйке жүйесінің құрылысы, әрекеті, өте күрделі. Оны зерттеу оңай емес. Жүйке жүйесін зерттеу үшін ғылымда сан алуан әдістер қолданылады. Соның кейбіреуі – мына төмендегілер:

- Салыстырмалы физиология ғылымының фактілерін зерттеу.
- Эксперименттік физиологияның фактілерін зерттеу.
- Медицинадағы клиникалық фактілерін зерттеу.
- Құрсақтағы ұрықтың нерв жүйесінің өсіп-дамуын зерттеу.

Осы айтылған әдістермен адамның жүйке жүйесі қалайша өсіп, дамып отыратындығын, мұның психикаға қандай әсері бар екендігін, яғни ми мен психиканың қандай байланысы бар дейтін мәселелерді шешуге болады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Адам психикасы дамуын зерттеудегі салыстырмалы психологияның орны
2. Салыстырмалы психологияның ғылыми зерттеу объектісі мен ерекшеліктері
3. Эволюциялық теорияның психика дамуындағы маңызы

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.
3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010
4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Праваторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003
8. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - А., 2005

№ 4 –Дәріс тақырыбы: Жануарлар психикасы мен адам психикасының пайда болуы

Дәріс жоспары:

1. Жануарлар психикасы мен адам психикасының пайда болуы жөніндегі білімдердің даму тарихы
2. XVII – XIX ғасырларда философияда адам және жануарлар психикасы жөнінде түсініктің дамуы

1. Жануарлар психикасы мен адам психикасының пайда болуы жөніндегі білімдердің даму тарихы

Жануарлар психикасы мен адам психикасының пайда болуы жөніндегі білімдердің даму тарихы барлық психологиялық ғылыммен тығыз байланысты. Себебі, салыстырмалы психология іргелі психологиялық мәселелерді шешеді: психиканың анықтамасын, оның туындауы және эволюциядағы дамуын, адамның сана-сезімінің пайда болуын. Әлем туралы басқа да білімдер сияқты жануарлар психикасы жөніндегі білімдер екі негізгі көзден тарайды: ол тұрмыс тәжірибесі (ғылыми емес білімдер) және арнайы ұйымдастырылған ғылыми зерттеулер. Білімдердің екі түрінің де өз ерекшеліктері бар, олар бір-бірін толықтырып, әртүрлі кезеңде әртүрлі қатынас пен байланыста болуы мүмкін. Бір жағынан, адамның шаруашылық өмірінде әлемнің қасиеттері туралы әртүрлі сұрақтар туындап, ғылыми білімдердің дамуын ынталандырады. Екінші жағынан, адамның тұрмыстық сана-сезімі ескішіл және шектеулі болады, кейбір жағдайларда ғылыми жаңалықтарды бірден қабылдауға дайын болмауы мүмкін. Қазіргі заманда білімтанудың екі жолының да дамуы байқалады: ғылым тарапынан адамзаттың практикалық тәжірибесіне сыйластық көрсетіліп дұрыс көңіл аударылуда, ал жалпы білім деңгейінің жоғарлауы және адам тәжірибесінің кез келген саласында арнайы білім болуының қажеттілігі ғылыми білімдерге ынталандырады.

Тұрмыстық (ғылыми емес) білімдер адамның шаруашылық тәжірибесі және табиғатта жануарлар тәртібін қадағалау негізінде пайда болды. Бұл білімдердің өте көне тарихы бар. Көне заманда, Homo Sapiens sapiens (150 000 жыл бұрын туындаған саналы адамның тұрпаты) адам жануарлар психикасын зерттей бастады және де сол жануарлармен бірге әрекетті жасау үшін екі негізгі мақсатты (аңшылық, мал шаруашылық) қадағалады. Бірінші мақсат суреттер мен салттық аң аулау рәсімдерінен алынған тәжірибе арқылы жүзеге асырылды. Мұндай аң аулау рәсімдерінің элементтері неандерталдықтарда (қазіргі заман алдындағы Homo Sapiens тұрпаты) кездеседі. Кейін аңшылыққа дайындалған кезде аңшылар өздерін

жануарларға ұқсас суреттеп, олардың қимылдарын келтірген. Мұндай іс-әрекеттер адамға жануарлар өмірі мен тәртібін түсінуге мүмкіндік береді. Екінші мақсат (өз психикасын тану) алғашқыда тотемдік ұғымдарда ұсынылған. Адам өзін тотеммен салыстырып, сыртқы келбетін, қимылдарын, дауысын сол жануарға келтіріп, сондай ой-ақыл, ерлік т.б. қасиеттеріне үйренген. Мұндай тәсілдер осы күнге дейін шығыс практикасында адам жаны мен тәнімен жұмыс жасауында кездеседі.

Ғылыми білімдер бас кезінде жалпы философиялық ғылымдармен бірге қаралып, кейін бөлек ғылым болып ресімделді. Салыстырмалы психология XIX ғасырдың ортасында ғана бөлек ғылымға айналды. Жануарлар психологиясы мен адам психологиясы екі бағытта жүргізілді: философия (адам психикасының пайда болуы, психика анықтамасын белгілеу) және жаратылыстану (эволюциялық дамудың қозғаушы күштері, адам мен жануарлар тәртібін реттеу, антропогенез). Бүгінгі таңда салыстырмалы психология екі бағыттың синтезі ретінде қаралып, жалпы және жеке мәселелер қойылып, әртүрлі теориялық тәсілдер мен эксперименттік зерттеу әдістері қолдануда.

2. XVII – XIX ғасырларда философияда адам және жануарлар психикасы жөнінде түсініктің дамуы

Бұл кезеңде психология әлі де философия құрамында дамыды, ал жаратылыстану ғылымы орта ғасырдан кейін жаңа ғана ояна бастады. Философтардың алдына ең басты адамның сана-сезімі мен адам тұрмысы проблемалары тұрды; психиканың пайда болуы мен дамуын олар осы позициядан қарады. Философтар адам психикасын әлем құрылысының жалпы жүйесінде зерттеді, психикалық құбылыстардың туындауын материяның жалпы заңдылықтары негізінде зерттеді. Психика эволюциясын талдау мақсатында ең маңызды ұғымдарды Р.Декарт (Франция, 17 ғ.), Б.Спиноза (Голландия, 17ғ.) және Г.В.Ф. Гегельдің (Германия, 18-19ғ.ғ.) еңбектерінде берілген.

Р.Декарт адамның жаны мен тәнін екі бөлек санаған. Адам тәні тек рефлекс арқылы қимылдап, организм сыртқы әсерге осылай жауап береді деп санаған. Жануарлар тәртібі осымен түсіндіріледі. Ал адамның тәнінен басқа жан дүниесі бар. Р.Декарт жануарларды тірі машина ретінде түсінген. Декарт идеялары психология ғылымының адамның сана-сезімі мен тәртібін зерттейтін бөлімдерге бөлінуіне бастама берді.

Адамның жаны мен тәнінің бірлігі жөніндегі тезисті *Б.Спиноза* ұсынды. Спиноза ұсынған ойлаудың ұғымы психиканың қазіргі ұғымымен түйіседі: жанды тән ойланатын тән болып табылады, адамның сана-сезімі тәннің іс-қимылдарын бағыттап отырады. Адамның ойлауға қабілеті түрлі үш тұрпатта

дамиды: *сезімталдық, интеллект және интуиция*. Спинозаның философиясы мен психологиясы адам психикасы білімдері дамуына және сонымен қатар бірдей заңдылықтарға бағынатын психика механизмдері жөніндегі білімдердің дамуына зор әсерін тигізді.

Психиканың туындауы мен эволюциясы жөніндегі аса маңызды философиялық ұғымдар *Г.В.Гегельдің* еңбектерінде көрсетілген. ХХ ғасырдың ортасында марксистік-лениндік философия Гегель ілімінің дамуына кедергі келтіріп, Гегель философиясы Ресейде қабылданбады. «Қызмет» ұғымын негізгі орталық ұғым ретінде пайдаланып, Гегель психика дамуының философиялық және онтогенетикалық заңдылықтарының бірлігін көрсетті.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Адам және жануарлар психикасы жайлы ғылымдардың негізі
2. Ғылыми және тұрмыстық (ғылыми емес) білімдерді меңгерудің жолдары
3. Салыстырмалы психологиядағы психиканың дамуы жайлы зерттеулер

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.
3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010
4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Правоторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003
8. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - А., 2005

II-MOДУЛЬ: «Психика эволюция дамуының нәтижесі»

№ 5-Дәріс тақырыбы: Эволюцияның қазіргі заманғы теорияларындағы сальтационизм

Дәріс жоспары:

1. Сальтационизм түсінігі
2. Морфологиялық сальтацийлер
3. Сальтацийлер мен макроэволюциядағы реттеуші гендердің ролі

1. Сальтационизм түсінігі

Соңғы 10 жылдықта биологияда түрлі сальтациондық (дамудағы секірмелілік) концепциялардың шапшаң таралуы байқалады. Секірмелі түрде түрдің шығуы және жануарлар мен өсімдіктердің жаңа ұйымдасқан белгілері туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар, секірмелі түрде жоғарғы таксондардың шығуы және жердің бұрын болған геологиялығындағы биоттардың секірмелі түрде ауысуы.

Мұндай тұрғыдағы концепциялар жаңалық емес. Сальтационистік көзқарастармен Ч.Дарвин замандастары А.Келликер (1864), С.Майварт (1871), палеонтологтар Э.Зюсс (1863), О.Геер (1868), алғашқы генетиктер (де Фриз және Бэтсон) қолданылатын. Сальтационистік концепциялар қазіргі заманғы биологияның жетістіктерінде ғылыми мәліметтер түрінде тұрақтанды: кариосистематика, молекулалық биология, генетика, даму биологиясы, палеонтологияда. Мүшелердің сальтациондық жанару мүмкіндігі, репродуктивті изоляцияның жаңаруы, геномдардың қайта құрылуы, эукариоттардың шығуындағы симбиогенездің ролі туралы көзқарастар одан сайын жетіле бастайды.

Геология мен палеонтологияда үлкен жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстар нәтижесінде Жердің бұрын өткеніндегі, органикалық дүниенің жаңаруында ғарыштық және т.б. әлемдік жағдайлардың маңызы зор деген тұжырым қалыптасты. Кейін бұл тұрғыда глобальдық катастрофалар немесе абиотикалық ортаның әсер етуі, «өмірге мұра қалдыру механизмін іске асырады» туралы көптеп айтыла басталды. Сальтационизм макроэволюция концепциясы пайда болған молекулярлық биологиямен де байланысады. Ағзалардың жаңа группаларының пайда болуы, прокариот пен вирустардан жоғарғы деңгейлі ағзаларға ДНҚ-на бүтін блоктардың кездейсоқ кіруі. Нәтижесінде жоғарғы рангтағы барлық таксондар пайда болды.

Биологияның жаңа философиясы туындап отырғандай. Ол, болып өткен эволюцияға қатысты кездейсоқ құбылыстарға шешуші не ерекше мағына береді. Сонымен қатар, тіршіліктің жаңа формасының пайда болуын анықтайтын, ішкі ағзалық фактормен эволюция жолын түсіндіретін ой-пікірлермен байланыста болады. Мұндай ағза мен орта арасындағы байланыс және іріктеудің ролі ескерілмейді. Көбіне іріктеуге апробация мен браковка ғана тән фактор деп есептеледі. Макроэволюцияның жетекші факторы ретінде қарапайым катастрофалық жағдайлар да аталады. Мысалы, геомагниттік инверсия. Кейбір авторлар оларды жердің территориясында биоттардың біруақытта жаңаруына себеп болып келеді деп есептейді.

Мұнда көзқарастар арасында қазіргі адам жүйелі сальтацийлар қатары нәтижесінде пайда болды деген тұжырым бар. Және де сальтацийлар уран кенінің радиациясы арқасында болды. Сонымен қатар, 30 мың жыл бұрын неандерталецтен қазіргі адамға айналуына себеп болған магниттік инверсия деп қарастырылған.

Сальтационизм көп түрлі. Оның концепциялары түрлі фактілік дәлелдемелерге ие және оны градуализм позициясы тұрғысынан даттауға болмайды. Сальтационизм түрістілік эволюция деңгейінде макроэволюция факторларының ерекшелігімен белгілі болады. Ф.Стэнли, С.Гоулд, Н.Элдридж және т.б. зертеушілер пікірінше: дарвиндік фактор негізінде эволюция тек «түр» деңгейінде ғана болады.

Биология жетістіктері көптеген эволюциялық құбылыстарда градуалистік пен сальтационистік процестердің араласу мүмкіндігі бар деген қорытындыға әкеледі. Тіпті, бұл екі процестің арасындағы нақты айырмашылықтар жоғалады. Екеуінің түрлі эволюциялық процестерде маңыздылығы да түрлі болуы мүмкін. Бірақ градуализм сальтационизмге қарағанда шындыққа жақын.

2. Морфологиялық сальтацийлер

Сальтационизм типті көлемді морфологиялық өзгерістердің маңызды туралы мәселе бұрыннан белгілі. Сальтационистік жолмен дамыған эволюция туралы ойлар А. Келликер (1864).М. Мстерс (1869) сияқты өз жақтастарын тапты. А. Н. Северцовтың (1939) филоэмбриогенездік модустарындағы архаллаксистер немесе мүшелерді қалай бастауының өзгеруі, жоғарғы рангтағы жаңа таксондардың сальтация жолмен қалыптасуында маңызды тәсіл болып қабылданды. Бұндай көзқарас неміс генетигі Р. Гольдшмидтте қолданды. Ол макроэволюцияның секірмелі түрде жүрісі ірі мутациялар арқылы болады деді.

Гольдшмидт пен Северцов ой-пікірлерін неміс палеонтологі О.Шиндевольф (1950) типострофизм теориясын жасағанда қолданылды. Бұл теориясы бойынша жаңа типтер, ең алғашқы сатыдағы онтогенездің жүру барысының өзгеруі нәтижесінде пайда болды. Ал егер олар, яғни өзгерістер жаңа типке әкелсе, онда Шиндевольф оларды протерогенез деп атады.

Гольдшмидт пен Шиндевольфтың жоғарғы таксондардың сальтационистік пайда болуы туралы көзқарастар жоққа шығарылған кездері болды. Бірақ 70 жылдарда бұл мәселеге деген қызығушылық қайта өрлеу жолына түсті. Бұнда маңызды роль – даму биологияның үлесіне тиді.

Морфологиялық сальтацияларға байланысты **ботаникалық мәлімет** А.Л. Тахтаджянмен (1983) талданды. Оның пікірінше өсімдіктердегі морфологиялық сальтациялар онтогенетикалық гетерохронияларға

негізделген. Сонымен қатар, оның ойынша макромутация негізінде жоғарғы деңгейлі өсімдіктер жасыл балдырлардан пайда болды және сальтанизмге жақын мұндай жол тек өсімдіктерге тән.

3. Сальтацийлер мен макроэволюциядағы реттеуші гендердің ролі

Соңғы 10 жылдарда биологтардың арасында ағылшын генетиктері Р.Бриттен мен Э. Давидсонның идеясы кең көлемде тарала бастады. Бұл идея бойынша құрылымдық гендердің мутациясымен байланысты микроэволюциядан гөрі, макроэволюция реттеуші гендердің мутациясына негізделген. оған орай, реттеуші гендердің мутациясы онтогенездің жүру жолын өзгертуге және ағза фенотипінің көлемді өзгеруіне әкелетіндігі туралы тұжырымдамалар айтылды.

Жануарларға қатысты көптеген жағдайларды да келтіруге болды. Мұндай жағдайда градациондыққа карағанда морфологиялық өзгерістер секірмелі түрде анық көрінеді.

Тератология мен сальтацийлер. Жаңа құрылыстардың пайда болуын сальтационизм тұрғыдан негіздеу тератология фактілері арқасында болады Ғылым тератологияның негізін салушы, Ч.Дарвин замандасы К.Дюрест (1877) тератологиялық сальтационизм позициясынан дарвинизмге қарсы шықты. Оның пікірінше тек «құбыжықтар» арасынан жаңа группалардың ата-тегі болатын ағзалар байқалады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Сальтационизм жайлы түсінік және негізін салушылар
2. Сальтационизмнің макроэволюция концепциясымен байланысы
3. Тератология мен сальтационизмнің қалыптасу жолдары.

Әдебиеттер:

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2007
3. Дубинин Н.П. Что такое человек. М., 2010.
4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активности. М., 2011.
5. Рогинский Г.З. Проблемы антропогенеза. М., 2000
6. Северцов А.Н. Эволюция и психика. М., 2009
7. Рычков Ю.Г. Генохронология исторических событий // Вопросы антропологии 2010. Вып. 77.

№ 6-Дәріс тақырыбы: Психика эволюциясының теориялық негіздері қалануы

Дәріс жоспары:

1. XVIII-XIX ғасырларда жаратылыстану ғылымындағы жануарлар және адам психикасы туралы түсінік
2. XIX-XX ғ. басында салыстырмалы психологияның қалыптасуы
3. Сана эволюциялық дамудың нәтижесі

1. XVIII-XIX ғасырларда жаратылыстану ғылымындағы жануарлар және адам психикасы туралы түсінік

XVIII-XIX ғасырларда жаратылыстануда эволюциялық идеялардың дамуы жануарлардың психикалық ерекшеліктері талдауында негізделді. Француз және ағылшын ғалымдары орталық ұғым ретінде жануарлардың бейімделу тәртібінің пайда болуын қарастырды. XVIII ғ. *Ж.Ламетри* әртүрлі жануарларды зерттеп, олардың инстинкті іс-әрекеттерінің биологиялық бейімделуі жөнінде және жабайы жануардан адамға дейін күрделі дамуы жөнінде пікірін білдірген. *Э.Кондильяк* инстинкт пен машықтарды салыстырап, инстинкттер уақыт өткен сайын дағдыға айналуын көрсетті. *Ш.Леруа* қарама-қарсы көзқарасын білдірді: қайталанатын қимылдар нәтижесінде туындаған инстинкттен адамның ойлау қабілеті аса түседі. Леруа адамның машықтары тұқым қуалау нәтижесінде дағдыланады деген пікірді білдірді.

Ең көп талас пікірлер жануарлардың ойшыл қабілеттері мәселесі бойынша қаралды. *Ж.Бюффон* жануарларда ойлау қабілеті жоқ, ойлау қабілеті тек қана адамда болуы мүмкін деп санаған. Бюффон еңбектерінде жануарлар психикасын объективті зерттеу негіздері салынған. 18 ғ. аяғы - 19 ғ. басында жануарлардың ойшыл тәртібі мәселесі бойынша эксперимент зерттеулері өткізілді. Бұл мәселе бойынша ғалымдар *Ф.Кювье*, *Ж.Б.Ламарк*, Мәскеу университетінің профессоры *К.Рулье* еңбектенді. *К.Рулье* инстинкттерді сыртқы орта әсерінен пайда болатын бейімделген реакциясы деп санаған. Инстинкттер жануарлардың алған тәжірибесі нәтижесінде өзгеруі мүмкін және бұл құбылыстар кейінгі тұқымға тапсырылады.

XIX ғасырдың ортасынан бастап психология бөлек ғылым ретінде ресімделіп, ең басынан жануарлар психикасы жөніндегі және салыстырмалы-психологиялық зерттеулерге айрықша орын бөлініп, психологиялық ғылымның іргелі бағыттары негізінде қаралатын болды.

2. XIX-XX ғ. басында салыстырмалы психологияның қалыптасуы

XIX ғ. аяғы-XX ғ. басында жануарлар психикасымен және салыстырмалы психологиямен айналысатын психология ғылымының негізгі бағыттары қалыптасты – *эксперименттік психология, бихевиоризм, зоопсихология,*

салыстырмалы психология. Сонымен қатар салыстырмалы-психологиялық зерттеулер үлгілі психологиялық бағыттардың шеңберінде (гештальпсихология, психоанализ, психофизиология) және басқа ұқсас ғылымдардың жүйесінде (жоғары жүйке қызметінің физиологиясы, зоология, антропология) өткізілді.

XX ғ. аяғында психологияда аса назар теориялық түсініктерге аударылды, адам мен жануарлар психикасы жөніндегі өз әдістемелерінде негізделген басты ғылыми бағыттар қалыптасты.

Психиканың негізі мен эволюциясы жөнінде жалпы теориялық түсініктер *Г.Спенсер* (Англия XIX-XX ғ. басы) еңбектерінде берілген. Спенсер психиканы эволюцияның жалпы құбылыстары мен заңдылықтары қатарында зерттеген, органикалық емес, органикалық табиғат пен психика дамуының заңдары бірлігін негіздеді. Оның зерттеулерінде бұрынғы және сол заманның философтары мен жаратылыстанушылардың диалектикалық идеялары талдап қорытылды. Психика эволюциясын ол дара нысаннан күрделі нысанға жақындау қырынан зерттеді. Дара сезімдерді Спенсер психика бірлігі деп санаған.

Адам психикасы жануарлар психикасынан сапалы түрде ерекшеленеді, адам психикасы ойлау қабілеті және жігермен сипатталады. Психиканың негізгі мақсаты – ішкі қатынастардың сыртқы ортаға бейімделуі. Гегель концепциясында негізделген сезімталдықтың пайда болу идеясы орыс физиологы мен психологы И.М.Сеченовтың зерттеулерінде сүйеніш тауып, ал кейін А.Н.Леонтьевтің ілімінде психика эволюциясының негізгі концепциясы болып табылды.

XIX ғ. аяғында жануарлар психикасы мәселелерімен *У.Джеймс* және *У.Мак-Дугалл* сияқты белгілі психологтар айналысты. Олардың еңбектерінде жануарлардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы жөнінде салыстырмалы деректер бар, инстинкт, импринтинг мәселелері қаралды. Бұл зерттеулер жануарлар психикасының эксперименттік зерттеулерінің дербес бағытқа бөлінуінің басын бастады.

Бас кезінде жануарлар психикасының эксперименттік зерттеуі Англияда (Э.Л.Торндайк) және Америкада өткізілді (Р.М.Йеркс, Дж.Б.Уотсон, К.С.Лешли). Бұл елдерде мысықтар, иттер, приматтар, сабаукүйрықтар, құстар, балықтар, құрт-құмырсқалар, тіпті дара клеткалы организмдерге салыстырмалы-психологиялық зерттеулер өткізілді. Зерттеулерде нақтылы эксперименттік әдістер ұсынылды: проблемалы клетка, лабиринт, адам тәрізді маймылдардың еңбек құралдарымен пайдалану әдістері қолданды.

XX ғ. басында бұл жалпы бағыт екіге бөлінді: біреуі *үйрету (дағдыландыру)* процесін объективті зерттеуімен айналысып, кейін

бихевиоризмге айналды (Дж.Б.Уотсон, 1913), ал екіншісі *салыстырмалы-психологиялық бағыт* ретінде дамыды (Р.М.Йеркс, В.Келер, У.Гамильтон, Г.Харлау). Э.Торндайктың үйрету теориясын және жануарлар мінез-құлқын объективті зерттеу жөніндегі Дж.Б.Уотсонның принциптерін негізге алып, бихевиористтер *«ынта-реакция»* формуласын пайдаланып, жануарлардың ішкі субъективті әлемін зерттеудің пайдалы еместігін көрсетті. Бұл бағыттың одан арғы дамуы бастапқы парадигманы қайта қарау қажеттілігін тудырды.

Нақтылы салыстырмалы психология зерттеулері Америкада белсенді өткізіліп психика дамуына зор үлесін қосты. *Р.М.Йеркстің* жоғары саналы маймылдармен өткізген эксперименттері және ол ұйымдастырған бірінші приматологиялық орталық бұл жануарлар интеллектін, олардың онтогенездегі дамуын, әлеуметтік мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын зерттеуге көп мүмкіндіктер берді.

Йеркс ғылымда алғашқы рет горилла, шимпанзе және орангутанның «ақыл қабілеттерін» 20-дан астам көрсеткіштері негізінде салыстырмалы зерттеулерін өткізді. Нью-Йорк қаласының психологтары тобы өткізген жануарлар психикасының жеке даму заңдылықтарының зерттеулері қазіргі психологияда *«даму психологиясы»* деп аталатын жүйелі бағыттың қалыптасуына бастама берді.

3. Сана эволюциялық дамудың нәтижесі

Қазіргі эволюция адам өмірінің әлеуметтік жағына қатысты, ал биологиялық эволюцияға келсек, адам жануарлардан бөлініп шыққаннан кейін ол шешуші рөл атқармайтын болғаны сөзсіз. Енді адамның эволюциясына оның өмірін мәдени жағынан ұйымдастыру, яғни қоғамдық өндірістің тәсілі, еңбек қызметінің дамуы, тұрмыс жағдайлары тағы басқа шешуші әсер ететін болды. Тіпті денсаулығы әлсіз адамдарда медицинаның көмегі арқасында қоғам өміріне белсене қатыса алады. Табиғи сұрыпталудың күші қоғам өмірінде барған сайын әлсіреуде, өйткені денсаулық мекемелері және басқа әлеуметтік институттар жеке адамдардың биологиялық жағынан өзгергіштігін ұдайы әлсіретеді. Бүгін таңда, бір жағынан, сұрыпталудың салдарынан болатын генетикалық өзгерістің өте баяулауы және адамның түрліше топтарының арасындағы генетикалық ұқсастықтың күшеюі байқалса, ал, екінші жағынан, мәдениетпен тұрмыс жағдайларының алуан түрлілігі, әлеуметтік өзгерістердің аса жылдамдауы байқалады- мұның бәрі адамзат қоғамында жүріп жатқан мәдени эволюцияның көрсеткіші болып табылады. Сондықтан қазіргі адамның эволюциясында мәдениет шешуші рөл атқарады деп сенімді түрде айтуға болады, өйткені көптеген елдерде саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер адамдардың тұрмыс жағдайларын жақсартып, денсаулығының нығаюына алып келді, ал бұл адамның табиғи

сұрыпталу процесінен тәуелсіздігіне себепкер болды. Егер жануарлар үшін табиғи сұрыпталу эволюцияның басты факторы болса, адам үшін оның рөлі-генофондын (геннің қорын) сақтауда және денсаулыққа теріс әсер ететін мутациялық өзгерістерді болдырмауда ғана.

Табиғи сұрыпталу адамда негізінен ұрықтық клетка деңгейінде болады. Балалар негізінен генетикалық тұрғыдан денісау клеткалардан туады. Мұның дәлелін ата-аналардың жыныстық клеткаларының ірі генетекалық бұзылысқа ұшырауы салдарынан көп жағдайда ұрықтанған тұқым клеткалары даму басталған алғашқы кезде-ақ өліп кететін фактілерінен көруге болады.

Қазіргі заманғы биологтар мен антропологтардың пікірінше, адамның түр ретіндегі биологиялық эволюциясы *Homo sapiens* пайда болғаннан бері тоқтады деуге болады. Мұның дәлелі ретінде сол уақыттан бері адам миының өзгермегендігін, оның морфологиялық өзгерісінің аяқталғанын келтірсе де болады. Бұған қарама-қарсы пікір айтуға жеткілікті негіз жоқ.

Сонымен антропогенез процесінің дамуы адам түрінің қалыптасуының аяқталуымен тоқтайды. Ал ол бұдан 30-40 мың жылдай бұрын болған. Сол уақыттан бастап адам эволюциясының шешуші факторы ретінде топтық сұрыпталудың әсері де тоқтайды. Осы кезден бастап эволюция әлеуметтік өмірмен байланысты іске асып, адамның болашағы мәдениеттің деңгейіне тәуелді бола бастады. Эволюцияның негізін адамның ақыл-ойы және саналы іс-әрекеті құрады. Сондай-ақ адам мен қоғамның пайда болуына байланысты генетикалық информация адамның өмірінде жетекші маңызынан айырылып, оның орнына әлеуметтік информация келгенін атап айту қажет.

Адамның жеке басының дамуындағы биологиялық факторлармен әлеуметтік факторлардың алатын орны мен рөлі жайлы түрліше пікірлер бар. Мәселен: Ч. Дарвиннің ілімін насихаттауда көп еңбек сіңірген неміс биологы Геккель адам мен қоғамның дамуын негізінен анықтаушы биологиялық факторлар, ал қоғам дамуы мен адам эволюциясының қозғаушы күші тіршілік үшін күрес және табиғи сұрыпталу деп есептеді. Сондықтанда дәл осындай көзқарасқа негізделген әлеуметтік дарвинизмнің тууын көбінесе Геккельдің есімімен байланыстырады.

1869ж. генетика ілімінің принциптерін тұңғыш тұжырымдаған Ф.Гальтон деген Ч.Дарвиннің немере інісі. Гальтон адамның болашақ ұрпақтарының тұқым қуалаушылық сапаларын (денсаулығын, дарындылығын, ақыл-ой қабілеттерін) жақсартуға әсерін тигізетін факторларды зерттеуді ұсынды. Сонымен бірге озат ойлы ғалымдар евгениканың алдына гуманистік мақсаттар қойған болатын, бірақ оның идеялары көп жағдайларда нәсілшілдікті, атап айтқанда фашистік нәсілшілдік теорияларды ақтау үшін

пайдаланылады. Қазіргі заманғы ғылымда евгениканың көптеген проблемалары, медициналық генетика саласында шешімін табуда.

Адамның дамуы көп жағдайда биологиялық факторларға байланысты болғанымен, бірақ оны асыра бағалауға болмайды. Осы жөнінен алғанда соңғы кезде шыққан *социобиология* деп аталатын жаңа бағыттың адам жайлы теориясының көзқарастық қағидаларына талдау жасаудың сабақ боларлық мәні бар. 1975 ж. Американдық энтомолог Э. О. Уилсонның “социобиология: новый синтез” деген кітабы жарық көрді. Социобиологияның шығуы осы кітаптың шығуымен байланысты болды. Бұл кітапта адамның моральдік, еркіндік, агрессивтік, эгоистік, альтруистік сияқты элеуметтік сапаларын жануарлар биологиясы тұрғысынан жаңаша түсіндіру концепциясын түсіндіреді. Мұнда жануарлармен адам арасындағы мінез құлық ұқсастығының шекарасымен мүмкіндігін талдауға аса маңызды орын беріледі. Бұл мәселелерді шешудің кілтін дарвинизм ілімінің ұғымдары мен принциптерінен, атап айтқанда табиғи сұрыпталу ілімінен іздейді. Жануарларды зерттеудің нәтижесінде жасалған қорытындыларының адам мінезін түсіндіруге кеңінен қолданады. Методологиялық жағынан өарағанда, адамның мінез-құлық сапасы биологиялық және малекулалық генетика тұрғысынан тұрпайындылап түсіндіріледі, яғни антропология биологияға, ал биология малекулалық генетикаға жатқызылады.

Социобиологтардың пікірінше, адамның табиғаты жайлы түсінікті негізінен өзгертетін біріккен гендік-мәдени эволюция теориясы болуы тиіс. Бұл теорияның мәні мынада: адамның бойындағы органикалық және мәдени эволюциялар процестері бірге жүруі керек, өйткені гендер мен мәдениет бұл эволюцияда өзара айырғысыз байланыста. Бірақ жетекші рөлді гендер атқарады. Адамның көптеген іс-әрекеттерінің түпкі себебі солар болып табылады. Сондықтан адам іс жүзінде алдымен биологиялық танымның объектісі болады. Осыдан келіп Уилсон социобиологияның міндеті “барлық жануарлардың, адамды қоса алғанда, элеуметтік мінез-құлқының барлық формаларының биологиялық негіздерін зерттеу болуы тиіс ” деп тұжырымдайды. Оның теориясының басты қағидасының мәні мынада: адамның биологиялық табиғатынан тыс, одан бұрын пайда болған “трансцендельтальды” мақсаттары болуы мүмкін емес.

Гендік-мәдени коэволюция теориясы өкілдерінің теориясы бойынша, адам моральдік сезімдерін биологиялық каналдар бойынша мұраланатын сияқты. Мәселен қандас адамдардың некелесуіне тиым салу жануарлардың мінезінде байқалатын сияқты, олай болса, жалпы моральдық тиымның биологиялық негізі де сонда. Агрессияшылдық та сол сияқты адам психологиясына табиғи тән қасиет, олай болса, соғыс-адамға іштей тән

қасиеттің сыртқы саяси көрінісі ғана . Махаббатта адамға іштей тән бірін-бірі қанағаттандыру сезімінің социобиологиялық көрінісі. Тіпті адамның санасы да тек биологиялық қажеттіліктерді орындау енструменті ретінде қарастырылады. Бұл қағидалардың бәрін қазіргі әлеуметтік дарвенизм, нәсілшілдік және евгеника теориялары өз мүддесіне пайдалануға тырысады.

Адам мен табиғаттың дамуында биологиялық пен әлеуметтік факторлардың бірлігін көрсететін коэволюция шындығында бар. Ол ол ма, қайта адам табиғатпен бірлікте ғана дами алатынын ерекше атап көрсеткен жөн. Мұны орыс ғалымы В.И.Вернадский XX ғасырдың басында-ақ атап көрсеткен болатын, адам мен табиғаттың, оның ішінде адам мен биосфераның өзара тығыз байланыстылығын сол кісі тұңғыш ғылыми негіздеген болатын. Алайда басты мәселе биологиялық фактордың әлеуметтіке тигізетін әсері, адамның мінез-құлқы биологиялықтан қаншалықты тәуелді екендігінде. Биология, гендер әрине адамның мінез-құлқын айқындайды, бірақ ол өзінің биологиялық табиғатынан тыс шыға алмайды. Адамның жануарлар мен эволюциялық байланысы да бар, олардың мінез құлқында белгілі бір ұқсастықта бар. Басқаша айтқанда, адамның әлеуметтік жаратылысының биологиялық негізі бар.

Адам мен табиғаттың дамуында биологиялық пен әлеуметтік факторлардың бірлігін көрсететін коэволюция шындығында бар. Ол ол ма, қайта адам табиғатпен бірлікте ғана дами алатынын ерекше атап көрсеткен жөн. Мұны орыс ғалымы В.И.Вернадский XX ғасырдың басында-ақ атап көрсеткен болатын, адам мен табиғаттың, оның ішінде адам мен биосфераның өзара тығыз байланыстылығын сол кісі тұңғыш ғылыми негіздеген болатын. Алайда басты мәселе биологиялық фактордың әлеуметтіке тигізетін әсері, адамның мінез-құлқы биологиялықтан қаншалықты тәуелді екендігінде. Биология, гендер әрине адамның мінез-құлқын айқындайды, бірақ ол өзінің биологиялық табиғатынан тыс шыға алмайды. Адамның жануарлар мен эволюциялық байланысы да бар, олардың мінез құлқында белгілі бір ұқсастықта бар. Басқаша айтқанда, адамның әлеуметтік жаратылысының биологиялық негізі бар.

Алайда социобиология бағытының өкілдері жасағандай, адамның дамуын және мінез-құлқын негізінен биологиялық терминдердің, заңдылықтардың көмегімен ғана түсіндірсек, мүлдем дұрыс болмайды, өйткені адам бойындағы биологиялық пен әлеуметтік өзара тығыз байланысты. Мысалы, белгісіз бір себептермен жануарлар тобырының ішінде қалып қойған адам нәрестесі тірі қалғанымен, бірақ адам қоғамына қайта қосылса, бәрібір толық мәнінде адам бола алмайды. Мұны растайтын фактілер тарихта баршылық. Нәресте адам болу үшін туғаннан бастап

элеуметтендірудің белгілі бір кезеңінен өту керек. Осы тұрғыдан алғанда орыс психологы А.Н.Леонтьевтің “Бала туылған кезде адамдыққа тек кандидат қана, бірақ ол оңашада адам бола алмайды: ол адамдармен қатынаста ғана адам болуды үйренуі тиіс”-деген сөздерімен келіспеуге болмайды. Басқаша айтқанда, элеуметтік жағдайлардан тыс табиғаттың бір өзі адамды жасай алмайды.

Адамның биологиялық жаратылысына элеуметтіктің тигізетін әсерінің тағы бір жағы бар: адам бойындағы биологиялық қасиеттер мен элеуметтік формада іске асып, элеуметтік формада қанағат табады, яғни адам өмірінің табиғи биологиялық жақтары мәдени-элеуметтік факторлар арқылы ғана “адамдыққа ” айналады. Бұл ұрпақ өсіру, тамақтану, сусындау сияқты т.б. таза биологиялық қажеттерді қанағаттандыруға да қатысты.

Ч.Дарвин сана басқа да психиканың формалары сияқты эволюциялық дамудың нәтижесі деген анықтама берген. Сана – адамның материя дамуының белгілі бір сатысында пайда болған қасиеті Сана психиканың ең жоғарғы формасы және тек адамдарға ғана тән. Сана жалпыны және болмыстағы елеуліні тану қабілеті сияқты қасиетімен ерекшеленеді. Жеке адамның санасы мен қоғамдық сана диалектикалық бірлікте болады. Жеке адам санасы оның болмысын ғана бейнелеп қоймайды, сонымен қатар адамзат жинақтаған білімді меңгеру нәтижесі де болып табылады

Санадан тыс құбылыс әрбір адамның психикалық әрекетінің міндетті құрамдас бөлігі. Сананың *айқын сана, астар сана, санасыздық* сияқты түрлері бар. Айқын түсіну аумағынан, ағзаның ішкі және сыртқы орталарынан бір мезетте келіп түсетін сигналдардың барлағының аз бөлігі ғана өз көрінісін табады. Айқын сана аумағында пайда болған сигналдарды адам өз мінез құлқын саналы түрде басқаруға пайдаланады. Сана мен санадан тыс құбылыстар үйлесімді бірлікте жұмыс істейді. Психика мен сананың дамуы және пайда болуы –генезисі тығыз байланыста болады.

Сана – адам шындығының ең жоғарғы бейнелеу дәрежесі болып табылады. Психологиялық ғылым тарихында сана ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады, бұны материалдық және идеалды түрде әлі де шешілмеген. Ғалымдар қандай философиялық бағыт қолдағанына қарамастан, оны рефлекстік әрекетпен байланыстырады. Яғни басқа психологиялық әрекет және өзін-өзі тануға дайындық. Мұндай қабілеті бар адам ғылым психологиясының дамуы және бар болуы мен байланысты, онсыз берілген класс феномені жабық болар еді. Рефлекссіз адам өзінде психикасы бар екенін елестете алмас еді. Адамның сонымен қатар *бірінші психологиялық мінездемесі өзін субъект ретінде тану, ойша елестету қабілеті, өзінің психологиялық және жағдайларын реттеу*. Оларды басқару,

айнала қоршаған шындықты бейне ретінде қабылдау және көру қабілеті. Өзін субъект ретінде сезінетін адам өзін әлемде тануға дайын жеке ерекшеленген тұлға ретінде сезінеді. *Шындықты ойша елестету және қиялдау - сананың екінші басты психологиялық мінездемесі.* Ол сана сияқты біртіндеп тығыз бейне ретінде ерікпен байланысты. Саналы басқарылған елес және қиял түрлері. Олар адам еркімен туған және өзгермеген жағдайда айтылады. Мұнда шындығында бір қиындық бар. Елестету және қиял үнемі саналы ерік реттеуімен болмайды. Осыған байланысты сұрақ туады.

Сана үнемі сөз түсінік қолдануымен үнемі байланыста, олар өзінде ортақ және ерекшеленген сананың бейнеленген сипатынан тұрады. Адам *санасының үшінші мінездемесі* - бұл оның коммуникацияға бейімділігі. Тіл және басқа деп аталатын жүйе көмегімен басқа тұлғаларға берілуі коммуникативті мүмкіндіктер көптеген жоғарғы жануарларда бар, бірақ олар адамдардікімен басты жағдаймен ерекшеленеді: тіл көмегімен адам өзінің ішкі жағдайын хабарлап қана қоймай, ол білгенін, көргенін, елестетуін нақты әлем жөнінде мәліметтерін жеткізе алады. Тағы бір адамның ең ерекшелігі интеллектуалды сызба. Нақты зерделі құрылым сәйкесіне адам қабылдайтын және қоршаған орта туралы және өзі жайлы информацияның сақталуы - сызба деп аталады. Сызба адамның информацияны белгілі бір жүйеге келтіретін түсінік, логикалық операция, ережеден тұрады. Елестету аймағында жұмыс істейтін сызба мысалдарымен біз кітаптың танымдық процесс жайлы қарастырғанда кездестіреміз. Тіл және сөйлеу екеуі әртүрлі, бірақ бір-бірінен байланысты сананы қалыптастырады: түсінік жүйесі және сөздің түсінік мағынасы. Сөздің мағынасы деп - сөйлеуші адамның сөйлем мазмұны. Мағына өзіне сөздің қолданылуындағы барлық түрін қосып алады және сөздік мағына жүйесі қоғамдық сана қабатынан тұрады, ол тілдің белгілер жүйесі әр адам санасынан тыс алынған. Психологияда сөздің мәні деп – сол белгіні немесе спецификалық белгіні айтады. Ол адам сөйлегенде мәнге ие болады. Сөз мәнімен көптеген сезім, ой, бейнелер байланысты.

Сана сөйлегенде ғана емес бейне формасы түрінде де бар болады. Бұл жағдайда ол сәйкестендірілген бейнелер тудыратын екі белгі жүйесі қолданылуымен байланысты. Тұлғаның санасы тарихта топтық процесс кезінде құрылған, адамдар бір іспен айналысу үшін әрқайсысы өзіне бірлескен жұмыс мақсатын елестету керек. Бұл мақсат сөзде айқындалған және анықталған болу керек. Дәл осындай онтогенезде баланың жеке адамдық санасы дами бастады. Оның құрылуына үлкендердің баламен бірлескен іскерлік және активті қарым-қатынасы қажет. Ең басында фило- және онтогенездік адамның санасының дамуының субъективтілі құрылысы сөз болып табылады. Адам санасының дамуына өнімділік адам

шығармашылығының мінезі басты мағына береді. Сана арқылы адам сыртқы әлем жайлы ғана емсе, сонымен қатар бейне, сезім, елестету, сезіну және өзін-өзі таниды. Басқа адам үшін сезіну жолдары жоқ. Адамның бейне, ой, елестету сезімі материалды түрде олардың шығармашылық еңбегінің құрамында айқындалады. Сондықтан шығармашылықта өзін-өзі тану әдістері және адамның санасының даму жолдары бар.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Сана туралы түсінік
2. Сана мен санадан тыс құбылыстар
3. XVIII-XIX ғасырлардағы эволюциялық идеялардың дамуы

Әдебиеттер:

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2007
3. Дубинин Н.П. Что такое человек. М., 2010.
4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активности. М., 2011.
5. Рогинский Г.З. Проблемы антропогенеза. М., 2000
6. Северцов А.Н. Эволюция и психика. М., 2009
7. Рычков Ю.Г. Генохронология исторических событий // Вопросы антропологии 2010. Вып. 77.

№ 7-Дәріс тақырыбы: XX ғ. шет елдерде салыстырмалы психологияның дамуы.

Дәріс жоспары:

1. Психология ғылымының негізгі бағыттары. Психологиялық бағыт.
2. Биологиялық бағыт.

1. Психология ғылымының негізгі бағыттары. Психологиялық бағыт.

Жануарлардың мінез-құлқын зерттеу жұмыстарын жалғастырып, бихевиоризм және оның жаңа бағыттары жануарлардың үйрену дағдыларымен бірге ой қабілеттерін де зерттеді. Жануарлардың көптеген түрлері зерттелді: омыртқасыз жануарлар, сүтқоректілер, құстар, приматтар. Бұл зерттеулердің толық суреттемелері Р.Хайнд, Р.Шовен, Д.Дьюсбери, О.Меннинг, Д.Мак – Фарленд еңбектерінде берілген.

Салыстырмалы-психологиялық зерттеулер Р.М.Йеркс бастаған дәстүрлерді жалғастырып, антропоидтердің жоғары психикалық қабілеттерін зерттеуіне бағытталады. XX ғ. бойы бұл зерттеулер маймылды адамға «тарту» жолымен жүргізілді. *В.Келер* «шимпанзе адам дерлік» деп айтса, ал *Н.Н.Ладыгина-Котс* «Шимпанзе адам дерлік емес, ол мүлдем адам емес» деп сендірген.

Шетелдік психологтар жоғары маймылдардың күрделі психикалық қабілеттерін анықтауын мақсат етті.

Сондықтан олар бірінші кезекте маймылдардың антропогенетикалық маңызды қабілеттерін зерттеді: ақыл-ой қабілетін (В.Келер, Д.Румбо, Д.Гиллан), еңбек құралдарын жасап қолдану қабілетін (В.Келер, К.Паркер, Ю.Летмат), жасанды белгі құралдарын меңгеру (К.Хейс, Л.Келлог, В.Келлог, Д.Премак, Д.Румбо, Е.Сэведж-Румбо, Ф.Патерсон, Р.Гарднер), сана-сезім белгілерін (Д.Гриффин, Г.Галлуп) зерттеді.

2. Биологиялық бағыт

Жануарлар мінез-құлқын түсіндіретін көптеген деректер мен идеялар жоғары жүйке қызметі физиологиясын зерттеуінде, этология және антропологияда берілді. *Жоғары жүйке қызметі физиологиясында* дәстүрлі салыстырмалы әдістері және адам физиологиясын жануарларға келістіру әдістері қолданды. Бұл саладағы зертеулер *И.М.Сеченов, И.П.Павлов, П.К.Анохин, Е.И.Соколовтың* зерттеулеріне сәйкес келеді. XX ғ. басында туындаған этология ғылымы (*К.Лоренц, Н.Тинберген*) жануарлар мінез-құлқын зерттеуіндегі ең басты ғылымға айналды.

XX ғ. салыстырмалы психологияның дамуында ерекше орынды антропология алды. XX ғ. антропологияда көптеген революциялық жаңалықтар ашылды, еңбек ету және еңбек құралдарымен пайдалану, сөйлеу, өнер, есеп жүргізу, әлеуметтік және отбасылық қатынастардың пайда болу концепциялары ұсынылды. Палеонтологиялық зерттеулер (*Л.Лики, Д.Джохансон, И.Иди, К.Лавджой, Р.Фоули*), табиғатта жүргізілген бақылаулар (*Дж.Шаллер, Дж.Ван Лавикк-Гудолл, Д.Фосси, Дж.Маккинон*), жасанды жағдайдағы жануарлардың өмірі (*Х.Хедигер, Дж.Эрвин, Б.Харрисон, Т.Майпл, В.Липперт*), Африка мен Оңтүстік-Шығыс Азияда өткізілген зерттеулер (*Б.Галдикас*) көптеген қызықты деректер беріп, психологтар арасында біздің ең жақын эволюциялық туыстарымыздың психикалық қабілеттері жөніндегі түсініктерге басқаша қарауға мүмкіндік берді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Жануарлардың мінез-құлқын зерттеу жұмыстарына сипаттама
2. Психологиялық және биологиялық бағыттардың маңызы
3. XX ғ. салыстырмалы психологияның дамуы.

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.
3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010

4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Праваторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003
8. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - А., 2005

№ 8-Дәріс тақырыбы: XX ғасырда Ресейде салыстырмалы психологияның дамуы

Дәріс жоспары:

1. Психика эволюциясының теориялық негіздерін қалау.
2. Салыстырмалы-психологиялық бағыт.
3. Мидың сенсорлық функциясы.

1. Психика эволюциясының теориялық негіздерін қалау

Психика сыртқы ортаның біздің жүйкеге әсер етуінің идеалдық бейнесі. Тітіркену барлық тірі организмге тән. Объективтік заттың организмде бейнеленуі үшін ол заттың қасиеті болу керек. Организмнің бейнеленуі организм қажетіне байланысты. Психика дамуының негізгі сатысы сезгіштік «сенсорлық». Оның кезеңдері: төменгі, жоғарғы және ең жоғарғысы. Тітіркену бейтарап, тітіркендіргіш, барлық организмде бірдей олар пайдалы және пайдасыз болады. Жоғарғы сатылы айырықша орналасқан қимылға тән яғни биотикалық организм. Тітіркену сыртқы ортаға жауап береді.

Белокты молекулалық күрделі қосындысы *коацеватор* . Белоктың ерекшелік қасиеті сыртқы әсерге жауап қайтарады. Бұл жауап физикалық механикалық болуы мүмкін. Белоктардың күрделі организмдердің өзіне керектеріне жауап қайтару, керек еместеріне бейтарап болу яғни бұл тітіркену. Тітіркену неорганикалық материяның жабайы қасиеті. Неорганикалық тану органикаға ауысады. Яғни қасиеті күрделінеді. Бұнда ассимиляция мен дессимиляция жауап қайтарады. Яғни керек емеске жауап қайтару кезінде белоктың қасиеті өзгереді. Сезгіштік органикалық материяда болады. Сенгіштік тітіркену және сезімге белгіленген. Бұл жоғарғы сатылы қасиет. Бұл психикаға байланысты. Сенгіштікте белсенділік болады

тітіркенуді сыртқы орта өзіне бейімдейді. Мысалы: өсімдіктің күнге қарауы, ылғанды жерге тамырын жіберуі т.б. тек ғана тітіркену арқылы жүреді.

Биотикалық «тіршілік» ортаға бейімделу тітіркену организмді әрекеттік жағдайға итермелеу ол сыртқы ортаға байланысты. Тітіркену барлық органикалық организмде бірдей емес. Өйткені олардың құрылысы әртүрлі. Тітіркенудің түрлері көп. *Психикалық даму процесі екі түрге бөлінеді.*

1. Тітіркену: температуралық, жарықтық, темпиралық «термомотропизмдер», химиялық «химотропизм», сәуле он «гелиомотропизм» химиялық, механикалық, физикалық, биологиялық.

2. Тітіркену арнаулы объектілерге жауап қайтарудан тұрады. Жауап қайтару сыртқы ортадағы заттың қасиетіне байланысты. Тітіркену органикалық ең қарапайым организмге тән.

2. Салыстырмалы-психологиялық бағыт

Жануарлар психикасын және адамның сана-сезімінің пайда болу мәселесі бойынша зерттеулер ресейлік ғылымда жалпы психологияның әдістемесі шеңберінде өткізілді. Бұл бағытта еңбек еткен зоопсихологтар (*В.А.Вагнер, А.Н.Северцов, Н.Н.Ладыгина-Котс*) және «адамшыл» психологтардың (*Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев*) зерттеулері нәтижесінде салыстырмалы психология дербес ілімге айналып, психологтарды оқыту мемлекеттік стандартына енгізілді. Жалпы ХХ ғ. Ресейде салыстырмалы психологияның дамуында төмендегі бағыттарды айрықша атап кетуге болады: *психика эволюциясының теориялық негіздерін қалау; Мәскеу, Ленинград және Грузия психологиялық мектептерінің салыстырмалы-психологиялық зерттеулері, зоопсихологиялық бағыт.*

ХХ ғ. басында белгілі орыс зоологы *В.А.Вагнер* жазған бірқатар әдістемелік еңбектерінде жануарлар психологиясы бойынша ілімдердің талдауы жасалып, салыстырмалы-психологиялық зерттеу әдісінің негіздері берілді. Ленинград университетінің салыстырмалы психология және зоопсихология профессоры *В.А.Вагнер* ресейлік салыстырмалы психологияның әдістемелік негіздерін қалаушысы болып саналады. Ғалым жануарлардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, инстинкттерін зерттеп, олардың ақыл қабілеттеріне толық талдау жүргізген.

Осы кезеңде Мәскеу университетінде еңбек еткен белгілі эволюционист *А.Н.Северцов* психика эволюциясының өзекті мәселелерімен айналысады. «Эволюция және психика» атты еңбегінде *А.Н.Северцов* психика маңызын эволюция факторы ретінде негіздеді және жануарлардың қоршаған айнала құбылыстарына бейімделуінің екі түрін анықтады:

1) жануарлар құрылыстарының баяу өзгерістері

2) қоршаған айналаның құбылыстарына жедел бейімделуі

Жануарлардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрыстарының мұндай өзгерістері психикамен ретке келтіріліп отырады. Психика эволюциясы және адам санасының пайда болу теориялық мәселелерінің қалауына *Л.С.Выготский* зор үлесін қосты. «В.Келердің кітабына алғашқы сөз», «Адам тәрізді маймылдар интеллектін зерттеу» атты еңбектерінде *Л.С.Выготский* жоғары саналы маймылдардың, дара адам және жас баланың интеллекті жөніндегі деректерді талдады. Бұл еңбектерінде *Л.С.Выготский* салыстырмалы-психологиялық әдісті «маймылдың мәдениетті адамға дейінгі» жолын түсіндіру үшін пайдаланады.

Ресейлік салыстырмалы психология ғылымының қалыптасуы ХХ ғ. көрнекті ғалымы *Н.Н.Ладыгина-Котс* есімімен байланысты. *Н.Н.Ладыгина* – *Котс* психика эволюциясының теориялық негіздерін қалап, инстинкттердің бір-біріне бейімделу жөнінде және үйрену мен ойлау қабілеттерінің эволюциясы жөнінде түсініктердің негіздерін қалады. Ғалым жануарлардың ойлау қабілеті деңгейлерін ұсынды: *көрнекі-ұтымды, көрнекі-көркемді ойлау және сөйлеу арқылы ойлау*. *Н.Н.Ладыгина-Котс* дүние жүзінде алғашқы болып шимпанзе баласы мен адам баласына жүйелі түрде салыстырмалы зерттеулерді өткізді.

Психика эволюциясы теориясының әрі қарай дамуын *А.Н.Леонтьев* жүзеге асырды. *Л.С.Выготский*дің шәкірті, ол *А.В.Запорожец, А.Р.Лурия*мен бірге психиканың пайда болуы және дамуы мәселесімен айналысты. *А.Н.Леонтьев* теория жүзінде және эксперимент нәтижесінде психика эволюциясының дамуы концепциясын негіздеді, психиканың даму кезеңдерін ұсынды (негізгі еңбектері: «Психика дамуының очеркі» 1947ж., «Психика дамуының өзекті мәселелері» 1972ж., «Психика эволюциясы» 1999ж). *А.Н.Леонтьевтің* шәкірттері *К.Э.Фабри, С.Л.Новоселов, Н.Н.Мешкова, Г.Г.Филиппова* психика эволюциясы жөніндегі теориялық түсініктерді ғылыми зерттеулер негізінде қалыптастыру жұмыстарын жалғастырды.

3.Мидың сенсорлық функциясы

Сенсорлық жүйенің жалпы құрылымдық принциптері

«Сенсорлық жүйе» - түсінігін қабылдау механизмдерін түсіну және ақпаратты қайтадан өндеуде пайдаланады, ми құрылымындағы анатомиялық ұйымдастырылған ядролық қалыптасу мен байланысын түсіндіреді, белгілі бір модальді ақпаратты табу және кодтау үшін қызмет етеді.

Сенсорлық жүйе сыртқы және ішкі болып бөлінеді.

Сыртқы сенсорлық жүйе экстрорецепторлармен жасақталған және де сыртқы ортадан келген тітіркендіргіштерді қабылдайды. Экстрорецепторлар дистантты (дыбыстық, түстік, сезгіштік) және контактілі (терілік, дәм

сезгіштік). *Ішкі сенсорлық жүйеде* рецепторлық аппарат – интрорецепторлар – барлық ішкі организмдерде бар (ішкі бундардың қабырғасы, ішкі органдар, бұлшық ет, сіңірлер, сүйектері).

Рецепторлармен қабылданатын энергия формасы бойынша: түстік, дыбыстық рецепторларға, механорецепторларға, хеморецепторларға және терморецепторларға бөлінеді. Ерекше топқа ауырсыну рецепторларын бөледі. Организмнің әдеттегі тіршілік жағдайына қиын комплексті тітіркендіргіштер түседі олар бір уақытта әр түрлі рецепторлы аппараттармен қабылданады.

Көпканалды және көпдеңгейлі принциптер.

Сенсорлық жүйе эволюциясының заттық нәтижесінің бірі көпканалдылықтың ақырындап қалыптасып жоғарғы ми сатысына сигнал жіберу болып табылады. Мысалға көру жүйесінің шегінде сезімталдық жолын, ми құрылымындағы бөлімдер, көз алдындағы заттың ауысуы туралы ақпарат алмасу және оның түстік қасиеттерін бөлуге болады.

Канал бойынша сигналдарды өткізу көпдеңгейлі немесе көпқабатты мінез-құлықтың жіберілуін және сенсорлық белгілерді қайта қарауды болжайды. Берілген сенсорлық жүйе шегіндегі канал көбейген сайын әр канал үшін қосылу саны тән. Көпканалдылық ақпаратты өңдеуімен қатар ми орталығына жіберу тепінің ақырындауын болжайды.

Дивергенция және конвергенция принципі.

Байланыс каналдарының сенімділігі нейрондардың келісімді жабылуына байланысты өседі. Тіпті рецепторлық деңгейде мысалы: көз қарашығында, сол бір нейронның ұштарымен және жоғары деңгейлі бірнеше нейрондармен байланысады (дивергенция, мультипликация). Сол мезетте сол бір нейрон импульттарды алып, бастаушы деңгейдегі бірнеше нейрондармен байланыс жасайды (конвергенция). Сенсорлық жүйеде сол кезде тәуелсіз каналдардан ақпаратты беру айқын сызықтылық қажет етпейді.

Еш шектеусіз сыртқы бетінде бірінші сезімтал (афферентті) нейронның перифериялық талшықтардың ұштарын осы нейронның - *перифериялық рецепторлық алаң* деп аталады.

Келісімді түрде рецепторлық алаңдардың жабылуы орталық ядролық жүйеде айқын көрінеді, бұл орталық байланысының *конструктивті принципінің* бейнеленуі, дәлірек айтқанда «жүйке решоткасы» принципі. Перифериялықтан қарағанда ми құрылысындағы нейрон санының көбеюіне байланысты жүйкелік әсерді тарату кеңістігі үлкен болады. Сонымен бірге *Ч.С.Шеррингтонның ортақ жолды принципі* жұмыс істейді, ол көп түрлінің бір нейронда жиналуы «*шұңқыр*» сияқты.

Кері байланыс принципі.

Сенсорлық жүйе қызметі кез-келген тітіркендіргішті жйілік модульде импульстік сигнализациясын кодтау пассивті процессі ретінде емес биологиялық маңызды ақпаратты өңдеу және активті қабылдау процессі ретінде қарастырылуы тиіс. Сенсорлық жүйені пассивті байланыс каналы ретінде емес активті «сигнализатор» ретінде қарастыру керек. Төмен деңгейлерден жоғары деңгейлерге ақпаратты беру және өңдеу процесті басқару аппараты. Әр деңгей минимум екі түрмен жұмыс істеуі керек: -мәліметтердің кіруі – өспелі жол, -басқарулар кіруі – бәсеңдейтін жол Тура және кері байланыстарын сенсорлық жүйенің орталық ұйымдастыруы арқылы жүйке дөңгелек күйіне келтіреді.

Сигнал табудағы заңдылықтар

«Тірі» түсінігімен анықталатын барлығы жалпы реактивтілік қасиетіне ие, яғни әртүрлі ықпалдарға көп немесе аз реакциялау қабілеті. Реактивтіліктің көрінуі тітіркендіргіштік болып табылады – орта жағдайына қалыптасуға жету нәтижесінде организмнің жауапқа қабілеті. Метаболизмнің қозғалуына әкелетін кез-келген физико-химиялық орта өзгеруі тітіркендіргіш болуы мүмкін.

Тітіркендіргіштің қасиеті әліде сапалы өзіндік тітіркенуді көрсетуге қабілетті емес. Тітіркенуге қарағанда қозғыштық – бұл спецификалық жүйке сигнализациясын ауыстыру және организм үшін тітіркену белгілерін қабылдау қабілеті. Жүйке жүйесінің арнайы рецепторлық элементтері сыртқы тітіркендіру актінің мүлтіксіз және тез әсер ететін жүйке сигнализациясына айналдыру қабілетімен байланысты, яғни электрлік импульстар сериясы түрінде өзіндік физиологиялық код болып табылады.

Нәтижесінде, көбінесе жалпы рецепторлардың қасиеті тітіркену әсеріндегі олардағы электрлік процестің ұрпағы (генерация) болып табылады. Олар жүйке сигнализациясын шығарады.

Нақты энергия бойынша стимулдарға рецепторлардың реакциялауға қалыптасуы рецепторлардың спецификалығына негізделеді (түстік, механикалық, т.б.) және берілген белгі бойынша классификация олардың негізінде жатыр. Спецификалық рецепторлар стимулына сай дәрежесі тітіркенудің адекваттылығын сипаттайды. Әртүрлі стимулдармен ықпал ету ұзақтығында сезімдер ақырындап азаятыны белгілі. Бұл көріністің негізінде адаптация атына иеленген, әртүрлі сенсорлы жүйе үшін тән.

Сенсорлық сигналдарды табуда рецепторлық аппараттардың қосалқы құрылымы маңызды рол атқарады, яғни барлық өзіндік рецептірлік элементті қоршайтын толықтырылып бейімделу болып табылады. Жүйке жүйесі рецепторлық құралдар жұмысына әртүрлі әдістермен әсер етеді:

1. Рецепторлық құралдардың қоректенуін өзгертіп, және қоршаған бұлшықеттердің қан айналымын өзгертумен
2. Қосалқы құрылымдарға әсер ету
3. Рецепторлардың функциональдық жағдайын өзгерту
4. Рецепторлардың сезімталдығын өзгерту

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Психика дамуындағы «сезгіштік» сатысы
2. Психика эволюциясының теориялық негіздерінің қалану жолдары.
3. Салыстырмалы-психологиялық бағыт.

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.
3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010
4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Праваторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003
8. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - А., 2005

№ 9-Дәріс тақырыбы: Адам психикасы дамуының деңгейлері

Дәріс жоспары:

1. Адам психикасы даму деңгейлеріне сипаттама.
2. Адам миының қызметі туралы ғылыми деректер
3. Үлкен жарты шарлар (ми сыңарлары) қыртысы функцияларының филогенетикалық дамуы

1. Адам психикасы даму деңгейлеріне сипаттама

Күрделі психикалық процестердің мидағы ұйымдастыруын жете түсіну үшін, адам миы қызметі туралы қазіргі замандағы ғылыми деректерді білу қажет. Мұндай ұйымдастыру принциптері психолог-ғалым А. Р. Лурия тарапынан нақтылаған. Психикалық әрекеттің даму нерв жүйесінің дамуымен шарттас. Ал нерв жүйесі құрылысының күрделене түсуі психиканың күрделене түсуіне, оның жоғары формаларының пайда болуына жағдай туғызған. Ақпаратты қабылдау мен өңдеуді қамтамасыз ету үшін өз

әрекетінің бағдарламасын түзу, олардың өзара әрекеттес қызметтеболуын бақылайтын адамның бас миының құрылымдары әрдайым бүтін бірлікте жұмыс атқарады. Адамның психикалық процесі, оның қалпы тікелей орталық жүйке жүйесімен байланысты. Осы себеппен адамның жүйке жүйесінің қызметі психологияда үлкен маңызға ие.

Органикалық дүниенің ұзаққа созылған эволюциясында қарапайым бір жасушалы жануарлардан адамға дейін қылық-әрекеттің физиологиялық механизмдері үздіксіз жетілуде болады. Организмнің біртұтас тіршілігімен тән мүшелерінің өзара байланысын орталық жүйке жүйесі қамтамасыз етеді. Нерв жүйесі түрлі дене мүшелерінің, ұлпалардың, клеткалардың қызметін, зат алмасу мен қан айналысын басқарып, сыртқы ортаның үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына оларды бейімдеп, үйлестіріп отырады. Адамның саналы әрекетін реттеп басқаратын үлкен ми сыңарының қабығы. Сондықтан да адам психикасы үлкен ми сыңарлары арасындағы байланыс, қатынас мәселесі маңызды проблемалардан, осыдан ғылымда, психикалық қызметтердің ми қабығында мекенді болуы.

Демек нерв жүйесі аса күрделі жүйе-организмді және оның барлық бөліктерін шексіз көп сыртқы әсерлермен байланыстырып, өзара қатынастарын аса күрделі де нәзік құрал болып табылады (И.П.Павлов)

Нерв жүйесінің негізгі анатомиялық элементі нерв клеткасы, ол өзінен шығатын барлық өсінділермен қоса, нейрон немесе аксон (нейроцит) деп аталады.

Ең қарапайым бір клеткалы организмдерде нерв жүйесі болмайды. Кейін нерв жүйесі пайда болғанда реттелудің басқа-нервтік формасы қалыптасады. Нерв жүйесі дамыған сайын нервтік реттеу бірте-бірте гуморальдық реттеуді өзіне бағындырып, нерв жүйесі жетекші роль атқаратын бірыңғай нейро гуморальды реттеу түзіледі.

Орталық нерв жүйесінің жоғарғы бөлімі ретіндегі соңғы мида сезімталдықтың барлық түрлері үшін орталықтар пайда болады.

Сөйтіп нерв жүйесінің эволюциясы соңғы мидың прогрессивті дамуына келтіріледі. Ол жоғарғы сатыдағы омыртқалар мен адамда нерв қызметтерінің күрделенуіне байланысты көлемі жағынан өте-мөте ұлғаяды.

Адам нерв жүйесінің эмбриогенесті филогенездің бұл баяндаған заңдылықтарына байланысты дамиды. Нерв жүйесі сыртқы ұрық жапырағынан немесе эктодермадан пайда болады. Бұл нервтік пластика деп аталатын бойлық буылтық түзеді. Нервтік пластика көп ұзамай нервтік жүлгеншеге тереңдейді де ал ол жүлгеншенің жиектері біртіндеп биіктеп, бір-бірімен бітиседі. Ол өсіп түтікке айналады. Ми түтігі-нерв жүйесінің орталық бөлігінің бастамасы болып табылады. Түтіктің артқы шеті

жұлынның бастамасын құрайды ал оның алдыңғы кеңейген шеті созылу арқылы үш бірінші ми көпіршігіне бөлініп, олардан аса күрделі бас миы пайда болады.

Нерв пластикасы алғашында эпителий клеткаларының тек бір қабатынан тұрады. Ол қабат ми түтігіне айналып тұйықталғанда, оның қабырғаларындағы клеткалар мөлшері көбейеді де үш қабат пайда болды. Осындай жолмен нерв қозғалысы пайда болды.

Адам миының күрделілігі оның көлемі мен ішкі құрылысынан жақсы байқалады. Нерв талшықтарының жаны ``сіріден`` берік. Өйткені бір тал сымы істен шыққан радиоприемнек жұмысын дереу тоқтататын болса, жүздеген, мыңдаған нерв клеткалары зақымданған ми өз жұмысын одан әрі жалғастыра береді. Зақымданған нейрондар да қалпына келіп отырады.

Орталық жүйке бөлігі күрделі қозғалыстар мен бүкіл дене қалпын реттеуге қатысады. Орталық жүйке жүйесінің ең жоғары бөліктері бас миының ең жоғары бөліктері бас миының үлкен жарым шарлар біріккен.

Сонымен қатар басқа да анализаторлардың дамып, жетілуінен құрлықта тіршілік ететін жануарлардың алдыңғы миы өсіп орталық нерв жүйесінің басқа бөлімдерінен басым болып, иіс сезу миынан жануардың бүкіл мінез-құлығын басқаратын мүшеге айналды. Жануарлардың мінез-құлығының негізгі 2 формасы: 1) Инстингтивті (шартсыз рефлексстер). 2) Индивидтің тәжірибесіне негізделген (шартты рефлекс).

Эволюция процесінде орталық нерв жүйесі бөлімдерінің ішінде соңғы ми жылдамырақ және күштірек өсетіндіктен, ол адамда мидың ең үлкен бөлігіне айналып, екі көлемді оң және сол жақ жарты шарлар түріне ие болады. Жарты шарлар ақ зат, сұр заттан тұрады.

Бізге адамның психикасы мимен тығыз байланыста екендігі мәлім. Адам анатомиясын зерттеген ғалымдар мен дәрігерлер ежелгі дәуірде-ақ психикалық құбылыстардың ми қызметінің байланыстылығы жөнінде болжам айтқан, әрі психикалық сырқаттарды сол ми қызметінің бұзылу салдарынан деп тапшылған. Психологиядағы бұл ғылыми мәселе өз шешімін барша психикалық іс-әрекет түрлерінің рефлекторлық сипатына байланысты ғана табуы мүмкін.

М.Сеченов өзінің әйгілі «Бас ми рефлекстері» еңбегінде рефлекторлық принципі адамның бас ми қызметіне, одан әрі барша психикалық іс-әрекетіне жая қолданады. Нерв жүйесінің қызметі рефлекс арқылы жүзеге асып отырады. Рефлекс туралы алғаш айтқан француз ғалымы Ренэ Декарт. Ал рефлексстің биологиялық сипатын чех ғалымы Иржи Прохаске өз еңбегінде дұрыс көрсете білді. Рефлекс терминің алғаш ендірген осы кісі еді. Рефлекс сөзін латын тілінен қазақшаға аударғанда бейнелеу деген мағынаны

білдіреді. Рефлекс сырттан немесе іштен келген тітіркендіргіштерге организмнің қайтаратын жауап реакциясы.

Психикалық процестердің әрекеті өзгермелі жағдайларға сай етіп отыру сигналдық және реттеу қызметтері б.т. Психикалық құбылыс жауап әрекетті өздігінен реттей алмайды. Бұл сыртқы дүние жөніндегі ақпарат келіп түсуші, сақталушы, және өңделуші мидың белгілі бөлімдерінің қасиеті, қызметі болып табылады. Психикалық көріністер бұл мидың сыртқы және ішкі әсерлерге жауабы, яғни психикалық құбылыс-бұл нақ осы мезетте өткен тәжірибеде болған (ес) осы әсерлерді қорытындылап немесе олардың нәтижесін білуге жәрдемдескен тітіркендіргіштерге жауап әрекеттерді реттеуші механизм.

И.П.Павлов адамдардың сигнал жүйелері бір-бірімен үнемі тығыз байланысты, екінші сигнал жүйесі адамның тарихи даму процесінде туған және бұл бірінші сигнал қызметін реттеп, бақылап отырады.

Қорытындылай келе жан процесінің миға қатынасы, психикалық әрекеттің заттасқан негізі болған мидың жұмыс принциптері дамуының әр кезеңінде әрқилы сипатталады. Мұның себебі адамның психикалық процесіне, олардың негізі миға деген түсінік, көзқарастардың біркелкі болуынан еді.

Анағұрлым күрделі психикалық әрекеттерге ми қызметін бүтін, топ органдарының күрделі қызметтік жүйе орындайды (П.К.Анохин).

Адамның жүйке жүйесі барлық органдардың қызметін, системаларын, организмнің сыртқы дүниемен байланысын реттейді. Оның анатомиялық орналасуы ішкі органдарға, олардың бір-бірімен байланысына тікелей әсер етеді. Адамның психикалық әрекет заңдарын, оның желісі мен құрылым ерекшеліктерін айқын түсіну үшін жан әрекетін туындатушы тән адам миының құрылымымен танысып, оның жан күйі көріністерінің сол тән бөлігімен қандай байланыста болатынын білу қажет. Нерв жүйесі өзінің тармақ-тарамдарымен барлық мүшелері мен тканьдерге өтіп, организмнің барлық бөліктерін біріктіріп, интеграциялап, тұтастырып байланыстырады. Егер орталық жүйке жүйесі болмаса осы процестер жүзеге асырылмас еді.

2. Адам миының қызметі туралы ғылыми деректер

Адамның психикалық әрекетінің қызметінің заңдылықтары, оны жүзеге асыру ерекшеліктері мен құрылысын түсіну үшін, адамның психикалық әрекет жасаушы негізгі мүшесі - адам миы қалай құрылғанын және адамның әр түрлі көріністегі психикалық өмірімен қандай қатынаста екенін білу керек.

Орталық жүйке жүйесінің бөлімдеріне: жұлын, артқы ми (сопақша ми мен варолий), ортаңғы ми, мишық, аралық ми (таламус және гипоталамус), алдыңғы ми (қыртысасты ядроларының стриопаллидарлық жүйесі және ми

сыңарларының қыртысы) жатады. Орталық нерв жүйесінің 2-ші бөлігі ми. Оның орташа салмағы ересек адамдарда шамамен 1400гр. болады. Мұндағы сопақша, ортаңғы және аралық ми – бәрі қосылып ми бағанасын құрайды. Сопақша ми - жұлынның тікелей жалғасы. Мұнда жүрек қызметінің, қан айналысы мен ас қорытудың нерв орталықтары бар. Сопақша мидың сырт жағында, формасы ағаштың жапырағына ұқсас мишық орналасқан. Мишық организмнің қозғалысын, оның бірқалыпты жүріс-тұрысын басқарып отырады.

Адам өмірінде ми қабығы негізгі қызметті атқарады. Ол бейне қабылдағыш аспап тәрізді, көптеген анализаторлардан тұрады. Мида көру, есту, қозғалыс, иіс, дәм анализаторларының нерв орталықтары бар. Егер, ми салаларына зақым келсе психикаға да зақым келеді. Адамда мидың маңдай бөлігі жақсы дамыған. Маңдай миға зақым келсе адамның ақыл-ой процесіне зақым келеді. Үлкен мидың сол жақ жарты шарларының төменгі маңдай иір қыртысының артқы жағында «*Брока кіндігі*» орналасқан. Бұл кіндік адамның сөйлеу орталығын басқарады. Егер бұған зақым келсе адам дауыстап сөйлей алмайды. Қаншама сөйлейін десе де тілі икемге келмейді. Орта маңдай ирегiнiң жоғары жағында жазу кіндігі орналасқан. Оған зақым келсе, адам жаза алмайды. Мұндай ауруды *аграфия* дейді. Ал адамдардың тілі күрмеліп сөйлей алмай қалса, оны *афазия* деп аталады. Мидың төбе бөлігі адамның қимыл әрекетімен байланысты (кеңістікті, уақытты ажырату). Егер, осыған зақым келсе, адам үйреншікті әрекетін қайтадан жасай алмайды. Мұны *апраксия* деп атайды. Мидың желке бөлігі көрумен, самай бөлігі естумен байланысты. Егер жоғары самай ирегiнiң алдыңғы жағына зақым келсе, адам музыканы есінде қалдыра алмайды, естіген сөзін ұқпайды.

Мидың морфологиясы және нейрондар, олардың өсінділері, қосымша клеткаларының ерекшелігі адам психикасы феноменінің негізімен байланысты. Мидың құрылымы дара байланысқан жеке элементтер мен олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін анықтайтын эволюциялық үрдіспен тығыз байланысты. Адам жүйке жүйесінің құрлымдық ерекшеліктері мен негізгі қағидалары сүт қоректілерден айырмашылығы жоқ. Әсіресе эмбриогенездік үрдістің алғашқы кезеңінде құрлымдық қалыптасуы мен функционалдық ерекшеліктері бірдей. *Себебі онтогенез Геккелл мен Ф.Мюллердің биогенетикалық заңы бойынша онтогенез-филогенездің қысқаша қайталануы.* Сондықтан жүйке жүйесінің физиологиялық негізі психофизиологияда аса маңызды. Жүйке жүйесі ақпаратты жылдам жеткізетін және басқаруды жүзеге асыратын күндегі ұйымдасқан әрі жоғары дәрежеде маманданған жүйе. Оның негізгі құрлымдық бірлігі *жүйке клеткасы - нейрон деп аталады.*

Адам организмі күрделі және өте тығыз байланысқан жүйелерден, органдардан, жасушалардан тұрады. Ерекше рөлді орталық жүйке жүйесі атқарады. Ол бас мидан және жұлыннан тұрады. Адам миының басқа сатылы тіршілік иелеріне қарағанда айырмашылығы:

1. шеткі мидың жоғары дәрежедегі дамуы, жоғары нейрон қабатының морфологиялық ерекшеліктері, жоғары ми сыңарлары қабатының алты пластинкасын құрайды;
2. ми қабаты сыртқы иірімдердің күрделілігі;
3. ми ассиметриясының дамып жетілуі;
4. адам ми сыңарлары туа салысымен қарқынды дами алады (бір жасқа келгенде ми көлемі 2 еселенеді, ал 4 жаста 3 еселенеді және ары қарай дамып жетіліп отырады)

3. Үлкен жарты шарлар (ми сыңарлары) қыртысы функцияларының филогенетикалық дамуы

Ертедегі ескі және жаңа қыртыс. Ең бірінші рет дөңгелек ауыздылардың алдыңғы миында келешек қыртыстың негізі салынды. Ол толығымен иіс сезу функциясымен байланысты болды. Кейін көлденең ауыздыларда бұл бастама дифференцияланып, одан екі туынды пайда болды. Иіс сезу қыртысы, немесе ертедегі қыртыс және аммон я ескі қыртыс. Бұл екі туындының екеуі де бұрынғыша иіс сезумен байланысты.

Сүтқоректілердің үлкен жарты шарларының негізгі массасы болып табылатын жаңа қыртыс ең бірінші рет амфибилияларда байқалып, рептилияларда одан әрі дамиды. Ол үлкен жарты шарлардың сырқы қабырғасында ертедегі қыртыс ауданда пайда болады. Бірақ, қазіргі кезде өмір сүретін рептилияларда жаңа қыртыстың көлемі болымсыз ғана және ағза функцияларымен байланысады. Оларды жаңа қыртыс түгіл, бүкіл қыртысты зақымдаудың өзінен олардың жүріс-тұрысы өзгере қоймайды. Қазіргі кезде рептилияларда көбірек дамыған бөлімдер – түссіз шар мен стриатум. Тек сүт қоректілерде ғана жаңа қыртыс орталық нерв жүйесінің жоғары бөлімі болып табылады. Жаңа қыртыстың дамуы төмпешік ядроларынан талшықтардың жарты шардың бүйір қабырғасындағы қыртысына енуі мен байланысты. Осының салдарынан қыртыс тек иіс сезу қызметін ғаға атқаруды қойып, оған теріден, қозғағыш аппараттан, көру органынан тағы басқа импульстер келе бастады. Кейін басқа да афференттік жүйелер қыртыспен байланыс орнатты. Жаңа қыртыспен филогенетикалық ескілеу туындылардың ертедегі және ескі қыртыс шекарасындағы қыртыс участоктарын аралық қыртыс деп атайды.

Қыртыстың «алғашқы» құрылыс типінің эволюциясы. Салыстырмалы – анатомиялық және онтогенез мәліметтері қазіргі тіршілік ететін

сүтқоректілірдің ертеде өлген тектерінің үлкен жарты шарлар қыртысының құрлысын сипаттауға мүмкіндік береді. Олардың алдыңғы миында мүйізді дене жоқ болған, жаңа қыртыс нашар дамыған, жарты шарлар ауданының көпшілігін ертедегі қыртыс алып жатады.

Эволюция процесінің барысында үлкен жарты шарлар қыртысының бұл «алғашқы» құрлыс типі көптеген өзгерістерге ұшырайды. Төменгі сатылы сүтқоректілердің ми қыртысы сол «алғашқы» типке ұқсайды.

Сүтқоректілірдің жеке отрядтарының ішінде қыртыстың жеке белгілерінің түрліше болып келетіндігі анықталды. Бұл түсінікті де, себебі, жарты шарлар қыртысының өзгеріп отыратын сыртқы орта жағдайларына бейімделетін орган ретінде пластикалық қасиеттерінің болуы заңды нәрсе. Тіршілік ету жағдайларына байланысты қыртыстың кейбір бөлімдері күшті прлнрессивті дамуға ұшырап, ал басқалары өзгермей сол қалыпта қалады немесе регрессияға ұшырайды. Мысалы приматтар мен адамда ертедегі қыртыстың бір бөлімінің құрлысы өте қарапайым болады, ал басқа сүтқоректілердің көптеген өкілдерінде иіс сезу төмпешігі жақсы дамыған.

Қыртыстың рецепторлық және моторлық функцияларының дамуы. Эволюция процесінің барысында туатын үлкен жарты шарлар қыртысының өзгерістерінің биологиялық мәне өзгеше болады. Ең прогрессивті өзгерістерге жануарлардың жарты рефлекторлық реакцияларын жетілдіре түсіп, соның арқасында организмнің сыртқы қоршаған ортаның түрлі өзгеріп тұратын жағдайларына бейімделуді жеңілдететін өзгерістер жатады.

Филогенетикалық даму процесінде үлкен жарты шарлардың гностикалық функциясы да, праксис немесе қозғыштық функциясы да жетілді. Қыртыстың жеке пункттерінің арасындағы байланыстар күрделеніп, көбейе түсті. Бұл жағдай біріншіден, бұрын болып өткен қозу ізінің қалуын және сол арқылы индивидуальдық тәжірибенің баюын, екіншіден тұқым қуалайтын және тіршілік ету барысында пайда болатын қимыл актларының көбейіп, түрлене беруін қамтамасыз етеді.

Қыртыстың нерв клеткалары және талшықтары. Адамның жарты шарлар қыртысының негізгі айырмашылық белгісі – оның күрделілігімен көп қабаттылығында, оның жоғарғы қабаттарында аралық нейрондардың саны өте көп.

Қыртыстағы нейрондардың негізгі 4 типін айырады: 1. Эфференттік нейрондар. Бұған пирамидалық және жіп тәрізді клеткалар жатады. Атына сәйкес пирамидалық клеткалардың формасы пирамида тәрізді келеді. Оның жоғарғы ұшынан қыртыстың беткі қабаттарына дейін жетіп тарамдалатын дендрит шығады; қысқарақ дендриттер пирамиданың негізі мен бүйір жақтарынан шығады. Аксон пирамиданың негізгі жағынан шығып, кері

кететін коллатералдар беріп, жарты шардың ақшыл затына беттейді. Қыртыстың жоғарғы қабаттарындағы пирамидалардың көлемдері кішкене келеді, ал тереңіректе орташа, үлкен және 120 мкм-ге дейін жететін алып клеткалар орналасады. Клеткалардың жоғарғы полюсінен тарамдалатын жіп тәрізді дендрит кетеді де, төменгі полюсінен аксон кетеді.

2. Аксоны жоғары кететін нейрондар - қыртыстың терең қабаттарындағы импульстерді беткі қабаттарға жеткізеді.

3. Аксоны горизонталь орналасқан нейрондар - импульсті қыртыс бетіне параллель бағытта таратады.

4. Көп тарамдалған қысқа аксонды қондырма нейрондар - импульсті көрші клеткаларға береді. Оған жататындар: жұлдызды немесе дәнді, бұта тәрізді (оның аксоны кішкентай және орташа пирамидаларды орап алады), өрмекші тәрізді клеткалар.

Қыртыстың сұр затына оның астында жатқан ақ заттан өте көп афференттік талшықтар келеді. Олардың ішінен мынадай негізгі талшықтарды айырады: а) проекциялық талшықтар - үлкен жартышарлар қыртысын мидың төмен жатқан бөлімдерімен байланыстырады б) алыс және жақын жатқан учасоктарын байланыстырады, бір жарты шардан екіншісіне келетін талшықтарды комиссуральдық деп атайды. Қыртыстың эфференттік талшықтарының өздерінің ішінен проекциялық және ассоциациялық талшықтарды айырады. Бұлардың біріншісі қыртыстың төменгі қабаттарынан, ал екіншісі жоғарғы қабаттарындағы клеткалардан кетеді. Адам туғаннан кейін нерв клеткаларының саны көбеймейді деп есептеледі. Ал мидың массасының үлкеюі дендриттердің өсу есебінен жүреді. Осының нәтижесінде туғаннан кейін клеткалардың орналасу жиілігі біртіндеп азая береді: Үлкейген дендриттер клетка денелерінің арасындағы кеңістіктерді толтырып, олардың өзін біраз ығыстырады. Жасқа байланысты дендриттер құрылысында да біраз өзгерістер жүреді: оларда ерекше қалыңданған кішкене өсінділер (чипики) пайда болады. Шипиктер орталық нерв жүйесінің барлық бөлімдеріне кездеседі, әсіресе олардың саны қыртыстың пирамидалы клеткаларында көп, әрі алуан формалы болып келеді. Қыртыста шипиктер туу қарсаңында пайда болып, олардың саны жасқа байланысты өсіп отырады. Чипиктер түрлі зақымдағыш заттарға өте сезімтал келеді. Мысалы мидағы қан айналу бұзылса шипиктер тез ыдырап кетеді. Дендриттің түрлі учасоктерінде Чипиктер санының өсіп-көбеюі белгілі аралық нейрондардан қозудың өтуін жеңілдететін түседі.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Адам миы жайлы сипаттама
2. Адам өмірінде ми қабығының негізгі атқаратын қызметі

3. Адамның жарты шарлар қыртысының негізгі айырмашылық белгісі

Әдебиеттер:

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2007
3. Дубинин Н.П. Что такое человек. М., 2010.
4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активности. М., 2011.
5. Рогинский Г.З. Проблемы антропогенеза. М., 2000
6. Северцов А.Н. Эволюция и психика. М., 2009
7. Рычков Ю.Г. Генохронология исторических событий // Вопросы антропологии 2010. Вып. 77.

III-МОДУЛЬ: «Адамның жоғарғы психикалық функцияларының дамуы»

№ 10 Дәріс тақырыбы: Шартты рефлекторлық қызмет заңдылықтары

Дәріс жоспары:

1. Рефлекс туралы түсінік
2. Шартты рефлексерді жасау
3. Шартты рефлексерді зерттеу әдістемесі және жасалу механизмі

1. Рефлекс туралы түсінік

Рефлекс (лат reflexus — кері қайтарылған, шағылысқан) — организмнің ішкі немесе сыртқы тітіркендіргіштер әсеріне орталық жүйке жүйесінің қатысуымен қайтаратын жауабы. Рефлекс туралы түсінікті алғаш рет ұсынған француз философы Р.Декарт (1596 — 1650). Ол рефлекті санаға тәуелсіз, жан әрекетінің нәтижесі деп есептеді. “Рефлекс” терминін жүйке жүйесі физиологиясына чех ғалымы Й.Прохаска (1749 — 1820) енгізді. Рефлекс дененің белгілі бір бөлігінде орналасқан рецепторлардың тітіркенуінен басталады. Рефлекс тудыратын қозудың жүріп өтетін жолын рефлекс доғасы дейді. Тітіркендіргішке қайтаратын жауабына қарай рефлектің бірнеше түрлері бар:

- биологиялық маңызына қарай қоректік, қорғану, бағдарлау рефлексі, т.б.;
- рецепторлардың (сезімтал жүйке ұштары) табиғатына қарай экстерорецептивтік, интерорецептивтік, проприорецептивтік рефлексі;
- нейрондардың орналасуына қарай жұлындық, булбарлық (сопақша ми), диэнцефалдық (аралық ми) рефлексі болады.

Рефлектің бұлай бөлінуі көп жағдайда шартты топтастыру болып табылады. Себебі, орт. жүйке жүйесінің әр түрлі құрылымдары арасында тығыз морфол. және функц. байланыс болады; эфференттік бөлімнің

сипатына қарай Рефлекстер тұлғалық және вегетативтік болады. Тітіркендіруге жауап қайтаратын мүшенің (эффектордың) әсеріне байланысты қоздырғыш және тежеуші рефлекстер болып бөлінеді. Қалыптасу табиғатына, атқаратын қызметіне және биологиялық маңызына қарай рефлекстер шартты және шартсыз болып жіктеледі. Рефлекстің түрлі органдардың қызметі мен олардың байланысын реттей отырып, организмнің ішкі ортасының салыстырмалы тұрақтылығын (гомеостаз) қамтамасыз етуде, оны сыртқы орта жағдайларына бейімдеуде маңызы зор. Жүйке жүйесінің рефлексті әрекетінің нәтижесінде организм әрекетінің тұтастығы және оның сыртқы ортамен қарым-қатынасы анықталады. Жоғарғы жүйке қызметінің рефлекстік сипаттамасын бірінші рет 1863 жылы орыс *физиологы И.М. Сеченов* берді. Сеченовтың жұмысын әрі қарай толықтырып, тәжірибелік түрде зерттеген орыс ғалымы *И.П. Павлов*. *Рефлекс-жүйке жүйесінің әрекетінің негізі*. Рефлекстер шығу тегі бойынша шартты және шартсыз болып бөлінеді.

Шартсыз рефлекс—тұрақты, сондықтан ол үйреншікті (адекватты) тітіркендіргішке (тамақ, жарық, жылылық және т.б.) мидағы белгілі рецепторлық алаң арқылы жауап беріп отырады. Шартсыз рефлекс көбінесе туғаннан қалыптасса, ал кейбірі өте кеш пайда болады (мысалы жыныс рефлекстері). И.П. Павлов оларды инстинкті шартсыз рефлекстер деп атаған.

Орталық жүйке жүйесінің эндокриндік жүйесінің және т.б факторлардың басқа рефлекстерге әсерінен шартсыз рефлестер онтогенезде өзгеріп отырады. Шартсыз рефлекстерді жіктеу қиынға соққан. И.П Павлов мектебінде шартсыз рефлекстің тек қана қоректік, жыныстық, қорғаныштық, бағдарлық және т.б деп бөлсе, А.Б Коган (1959ж). Шартсыз рефлекстің 3 түрін ажыратады: 1) қарапайым шартсыз рефлекс – қарапайым жауап реакцияларын жатқызды; 2) координациялық шартсыз рефлекс; 3) интегративті шартсыз рефлекс

2. Шартты рефлекстерді жасау

Шартты рефлекстерінің шартсыз рефлекстердің айырмалары.

1.Шартсыз рефлекстер туа пайда болған, тұқым қуалайды және тұрақты болады. Ал шартты рефлекстер жеке организмнің тіршілік ету барысында пайда болады, тұқым қуаламайды және онша тұрақты емес.

2. Кез келген шартсыз рефлекс, егер орталық нерв жүйесі тиісті даму дәрежесіне жетсе, белгілі тітіркендіргішті бірінші рет және бір-ақ рет қолданғанның өзінде-ақ пайда болады. Жаңа туған баланың аузына тамақ түссе, шартсыз рефлекторлық жолмен сілекей ағады. Ал шартты рефлекстер бірден пайда болмайды, олар белгілі жағдайларға байланысты, біртіндеп дасалады.

3. Шартсыз рефлексінің дайын рефлекторлық доғасы бар, ал шартты рефлекс болу үшін шартты байланыс деп аталатын, ми қыртысында жаңа байланыс орнауы қажет. Сөйтіп, бұрын болмаған жаңа рефлекторлық доға тұйықталуы қажет.

4. Шартсыз рефлекс доғасын рецептор, кондуктор (қозу өткізетін – сезгіш, қозғағыш, аралық нейрондар жүйесі) және эффектор құрайды. Ал шартты рефлексдердің доғасының 1-звеносы – анализатор (тітіркендіру әсерін қабылдап, одан сапалы түйсік тудырады); 2-сі – тұйықтағыш (замыкатель) - өзгергіш келеді, анализатор клеткаларын эффекторды жабдықтайтын нерв клеткаларымен байланыстыратын нерв жолы; 3-сі – эффектор.

5. Шартсыз рефлексдерді түрлік деп, яғни бір түрдің барлық өкілдеріне тән деп қарау керек. Ал шартты рефлексдер жануардың жеке басының тіршілік ету барысында пайда болған. Дегенмен, сыртқы ортаның ұзақ уақыт өзгермейтін факторлары бар жағдайда, кейбір жеке тұрақты шартты рефлексдер (көбінесе атадан атаға қайталайтын, особьтың (дараның) тіршілік етуінің жас кезінде пайда болатын рефлексдер), біртіндеп тұқым қуалайтынға, яғни шарттыдан шартсызға айналуы да мүмкін. Бұған мысал етіп құстардың жаңа ғана жұмыртқадан шыққан балапандарының олардың ұясының дірілдеп қозғалуының әсерінен ауыздарын ашуын ала аламыз. Балапанның анасының ұшып келіп ұяға қонуы, ол кезде ұяның дірілдеуі (қозғалып шайқалуы) әр уақытта тікелей балапандардың тамақтануының алдында болып отырады. Сөйтіп тез шартты тамақ рефлексі пайда болады. Ал, кейін, біртіндеп бұл рефлекс тұқым қуалайтын, шартсызға ауысты деп есептеуге болады.

6. Шартты рефлекс мидың жоғарғы бөлімдерімен байланысты, ал шартсыз рефлексдердің доғасы мидың түрлі төменгі бөлімдері арқылы да өте алады. Жоғары сатыда ұйымдасқан, үлкен жарты шарлар қыртысы бар жанураларда шартты рефлексдер жасалу үшін мидың осы бөлімінің болуы міндетті. Мысалы: иттердің ми қыртысын алып тастаса, оның шартты рефлексік әрекеті толығымен тоқтайды. Ит өзінің иесін танымайды, басқа жануардың тұрғанын (тіпті мысықтың да) елемейді, оны сипасан қорғану рефлексімен жауап береді, алдына қойылған тамаққа ұмтылмайды. Сөйтіп, ол сыртқы ортаның түрлі өзгерістеріне бейімделу қабілетін жоғалтады.

3. Шартты рефлексдерді зерттеу әдістемесі және жасалу механизмі

Шартты рефлексдерді зерттеуге Павлов 1900 ж. кіріскен. Алғашқы кезде экспериментатор иттің қасында отырып, тамақ беруді, тітіркендіргішпен әсер етуді өз қолымен орындаған. Бірақ мұндай жағдайда экспериментатордың әрбір қимылының өзі итке қосымша тітіркендіргіш болып, реакцияның жүрісін я күшейтіп, я әлсіретіп отырған. Осындай бөтен тітіркендіргіштер

әсер ете алмау үшін, итті ерекше бөлектенген, дыбыс өткешпейтін камераларда ұстайды. Экспериментатор камераның сыртында отырады. Тамақтандыру, тітіркендіргіштер беру – бәрі механизацияланған, сырттан жасалады. Ерекше баллон арқылы сілекей бөлінуін де сырттан бақылауға мүмкіндік бар. Бір-біріне салыстыруға болатын фактылар алу үшін, итті тамақтандыру тәртібі әр уақытта бірдей болу керек. Тамақты тәжірибеге дейін емес, одан кейін беру қажет. Белгілі бір тітіркендіргіштің әсетінен қозған әрбір рецептор орталық нерв жүйесіне түсетін афференттік импульстердің көзі болып табылады.

Шартты рефлексдердің механизмін И.П. Павловша түсіндіруден байқалатыны – олардың негізінде уақытша (шартты, тұйықтайтын) байланыс «горизонталь» құрылымды болып келеді және ми қыртысындағы сигналдық (шартты) тітіркендіргіш орталығы мен шартсыз рефлексінің өкілдігіндегі клеткалар арасында тұйықталады. Жалпы алғанда, уақытша байланыстар шынында да қыртыс деңгейінде түзіледі. Бірақ егер ми қыртысын тігінен кесіп, жоғарыда айтылғандай түрде уақытша байланыс жасау мүмкіндігі жоғалса, бұдан шартты рефлексдер жасалмай қалмайды екен. Өйткені уақытша байланыстар қыртыстың астыңғы жағында орналасқан бөлімдер арқылы өтетін жолдар көмегімен де түзіле алады. Шартты рефлексдер жасалуының көптеген ерекшеліктері шартты байланыстар құрылымдық локализацияның көп вариантты бола алатындығы арқылы түсіндіріледі. Мәселен, ми қыртысы деңгейінде де және қыртыс пен қыртысасты бөлімдері арасында да көптеген тура және кері уақытша байланыстар орнай алады деп есептеуге негіз бар (Э.А. Асратян, А.Б. Коган, Л.Т. Воронин т.б.).

Шартты рефлексдер жасалу процесінде ОЖЖ-нің жоғары бөлімдеріндегі нейрондар арасында уақытша байланыс тұйықталу механизмі осы күнге дейін толық анықталмаған. Морфологиялық тұрғыдан түсіндірушілердің есептеуінше шартты рефлекс жасалу кезінде нерв клеткаларының өсінділері өседі де клеткалар арасында жаңа байланыстар орнайды. Біраз зерттеушілер мұндай өсу пирамидтік клеткалар дендриттеріндегі бүршіктер (шипиктер) санының көбеюі есебінен жүреді деп есептейді. Функциональдық тұрғыдағылар ойынша шартты рефлекс жасалу барысында бұрын пайдаланылмаған, бірақ та ылғи да бар жаңа синапстар өткізгіштігі жоғарылайды. Мұның мәнісі – белгілі бір нейрондар тізбегі арқылы қозу импульстері қайталап өте берсе (нейрондар титаникалық түрде тітіркендірілсе) олардың бұрын іске қосылмаған синапстарындағы медиатор мөлшері көбейіп оның кванттары келесі нейронда қозу тудыратын болады. Басқаша айтқанда, посттетаникалық потенцияция жүреді де «потенциалды» синапс «актуальды» синапсқа айналады; осыдан бұрын байланыс жоқ жерде

енді байланыс орнайды. Келесі бір болжам бойынша, шартты рефлекторлық әректі ұйымдастыруда глийлық ткань клеткалары қатысуы мүмкін. Осыған орай, тұрақты уақытша байланыс түзілу барысында бұл клеткалар аксондарының пресинапстық «жалаңаш» терминальдары миелинделіп, қозуды тез өткізе алатын қабілетке ие болады деп жобалайды.

Көптеген зерттеушілер шартты байланыстар табиғатын клеткадағы белок синтезінің өзгерістерінен іздестіреді. Шартты рефлекстер жасалу барысындағы көптеген нейрондардың бірге қозу күйіне келуінен сигналдық тітіркендірулер кодталатын РНҚ құрылымында өзгерістер жүру тиіс. Осындай өзгерістер, мәселен, белгілі бір дағдыға үйретілген құрттармен басқа құрттарды қоркөтіргенде соңғыларда жаңа дағдыға үйренуді жеңілдетеді деп есептейді. «Химиялық есті көшіру» тәжірибесі басқа да жануарларда жүргізілген. Бұл үшін тиісті дағдыға үйретілген жануарлар миының сығындысын басқа жануарларға апарып ендірген. Рибонуклеин қышқылын (РНҚ – ны) бұзатын рибонуклеаза ферментімен әсер еткенде, «Химиялық есті көшіру» тәжірибесі нәтижесіз аяқталып отырған. Кейбіреулердің есептеуінше, естің ізі дезоксирибонуклеин қышқылында (ДНҚ да) ұзағырақ сақталады. Осымен қатар РНҚ мен ДНҚ қасиеттерінің өзгерістері белок синтезінің сандық және сапалық өзгерістерін тудыратынын да ескеру қажет. Мида нейрондар арасындағы уақытша байланыстарды орнататын арнайы спецификалық белокты заттар бар деп есептейді. Тағы да бір гипотезалар бойынша уақытша байланыстар түзілу механизмінде басты рөлді белок-фермент жүйесі және оның ингибиторлары атқарады. Бұлардың күйлері өзгермелі болуы тиіс. Шартты рефлекторлық байланыстар тұйықталуының конвергенттік механизмі туралы бойынша нейрондардың үлкен екі тобы бар: мультивалентті (модальдығы әр түрлі тітіркендірулерді қабылдайды; мысалы, дыбыс пен жарыққа, теріден шығатын және қозғалыстан туатын, көзден келетін т.с.с. тітіркендірулерге жауап береді) және поливалентті (жалпы бір жүйке шеңберіндегі, мысалы, бір анализатордан, айталық теріден келетін әр түрлі тітіркендірулерге жауап береді).

Микроэлектрондық зерттеулерге қарағанда жоғары қарай бағытталған әр түрлі ми қыртысындағы көптеген нейрондарда әмбебап конвергенцияланады. Конвергенцияның екі типті болуы мүмкін: 1. Спецификалық емес – мұнда шешуші нәрсе стимулдың қасиеті емес, оның энергиялық құрамы болып табылады. Мәселен, ретикулярды формация мидың жоғарғы бөлімдерінің қозғыштығының жалпы деңгейін реттей отыра, оларда уақытша байланыстардың жасалуына қатысады. 2. Әр тітіркендіру өзінің спецификасын сақтайтын конвергенция. Әр түрлі анализатордан шығатын

қозуларды қабылдап, жинайтын нейрондардың болатындығы тітіркендірулердің бірігуі және уақытша байланыстардың орнауы ми қыртысындағы әр түрлі учаскелердің транскортикальды байланыстар арқылы бірігуінен емес шығар деген ойға жетелейді. Ендеше уақытша байланыстардың мәнісін тітіркендірулер интеграциясының бір нейрон деңгейінде жүруінің нәтижесі деп те түсіндіруге болады. Бұдан жеке нейронды өзіне импульстерді конвергенциялай алатын күрделі жүйе деп қарау керек. Өздерінде уақытша байланыстар түзе алатын мультивалентті нейрондар ми қыртысының әр түрлі және бір-бірінен алыс-жақын жерлерінде «шашырап» орналаса береді. Мұндай бір нейрон әрі шартты, әрі шартсыз әр түрлі модальды қозуларды интеграциялай алады деп есептелінеді. Әр түрлі биологиялық модальдығы бар тітіркендірулер бір нейронды түрлі нейрохимиялық механизмдер арқылы активтендіреді. Мәселен, жоғары қарай бағыттарған қоректік активация холэнергиялық синапстық механизм арқылы іске асса, ауырту – адренергиялық механизммен орындалады. Сондай-ақ бұл ерекшеліктің молекулалық деңгейге де тән болуы мүмкін.

Нейрондар арасында ылғи да өзара әрекеттесу болып отыратындығын ескерсек, шартты рефлектің уақытша байланысының механизмін жауап беру қасиетіндегі ортақ таңдамалыққа негізделген нейрондар белсенділіктерінің белгілі бір өрнегінің (жүйесінің) қалыптасуы болар деп те қарауға болады. Өрнектің пайда болуын анықтайтын факторлар: жиіліктің белгілі бір диапазонында белсенділіктің синхрондығы мен синфазалығы (қозулар тізбегін түзуші нейрондардың едәуір санының бірыңғай лабильдікке көшуі) – ми құрылымында қозу өтуді жеңілдететін жағдайлар тудырады. Аффференттік сигналдар әсерінен қалыптасатын қозу ошақтарының арасындағы өзара әрекеттесу динамикалық сипатта болады. Және оны тиісті дәрежеде тежелу процесі шектеп отырады. Сөйтіп, соңғы кездері уақытша байланысты нейрондар арақатынасының кеңістік – уақыттық ұйымдасуы (нейро-селективтік әрекет деген атқа ие болған) деп түсінуі қалыптасып дамытылуда. Бұған нейрохимиялық зерттеулер көмектесуде. Мәселен, функциональдық ансамбльдерге біріккен нейрондар химизмінің өзгерістерінің өзіндік ерекшеліктері анықталған. Сондай-ақ нейроглиалдық комплекстердің ДНҚ арқылы көрінетін таңдамалы активациясы жүреді деген де тұжырым бар.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Рефлекс туралы түсінік және оның түрлері
2. Рефлексстердің психофизиологиялық механизмдері
3. Шартты және шартсыз рефлексстердің жасалу жолдары

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.
3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010
4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Правоторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003
8. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - А., 2005

№ 11 Дәріс тақырыбы: Жоғарғы психикалық функциялардың ерекшеліктері

Дәріс жоспары:

1. Адамның жоғары психикалық функцияларының дамуы
2. Адам психикалық қасиеттері жан-жақтылығының феномені

1. Адамның жоғары психикалық функцияларының дамуы

Күрделі психикалық процестердің мидағы ұйымдастыруын жете түсіну үшін, адам миы қызметі туралы қазіргі замандағы ғылыми деректерді білу қажет. Мұндай ұйымдастыру принциптері психолог-ғалым А. Р. Лурия тарапынан нақтылаған. Психикалық әрекеттің даму нерв жүйесінің дамуымен шарттас. Ал нерв жүйесі құрылысының күрделене түсуі психиканың күрделене түсуіне, оның жоғары формаларының пайда болуына жағдай туғызған. Ақпаратты қабылдау мен өңдеуді қамтамасыз ету үшін өз әрекетінің бағдарламасын түзу, олардың өзара әрекеттес қызметте болуын бақылайтын адамның бас миының құрылымдары әрдайым бүтін бірлікте жұмыс атқарады. Адамның психикалық процесі, оның қалпы тікелей орталық жүйке жүйесімен байланысты. Осы себеппен адамның жүйке жүйесінің қызметі психологияда үлкен маңызға ие.

Органикалық дүниенің ұзаққа созылған эволюциясында қарапайым бір жасушалы жануарлардан адамға дейін қылық-әрекеттің физиологиялық механизмдері үздіксіз жетілуде болады. Организмнің біртұтас тіршілігімен тән мүшелерінің өзара байланысын орталық жүйке жүйесі қамтамасыз етеді. Нерв жүйесі түрлі дене мүшелерінің, ұлпалардың, клеткалардың қызметін, зат алмасу мен қан айналысын басқарып, сыртқы ортаның үнемі өзгеріп

отыратын жағдайларына оларды бейімдеп, үйлестіріп отырады. Адамның саналы әрекетін реттеп басқаратын үлкен ми сыңарының қабығы. Сондықтан да адам психикасы үлкен ми сыңарлары арасындағы байланыс, қатынас мәселесі маңызды проблемалардан, осыдан ғылымда, психикалық қызметтердің ми қабығында мекенді болуы.

Демек нерв жүйесі аса күрделі жүйе-организмді және оның барлық бөліктерін шексіз көп сыртқы әсерлермен байланыстырып, өзара қатынастарын аса күрделі де нәзік құрал болып табылады (И.П.Павлов). Нерв жүйесінің негізгі анатомиялық элементі нерв клеткасы, ол өзінен шығатын барлық өсінділермен қоса, нейрон немесе аксон (нейроцит) деп аталады.

Ең қарапайым бір клеткалы организмдерде нерв жүйесі болмайды. Кейін нерв жүйесі пайда болғанда реттелудің басқа-нервтік формасы қалыптасады. Нерв жүйесі дамыған сайын нервтік реттеу бірте-бірте гуморальдық реттеуді өзіне бағындырып, нерв жүйесі жетекші роль атқаратын бірыңғай нейро гуморальды реттеу түзіледі. Орталық нерв жүйесінің жоғарғы бөлімі ретіндегі соңғы мида сезімталдықтың барлық түрлері үшін орталықтар пайда болады. Сөйтіп нерв жүйесінің эволюциясы соңғы мидың прогресивті дамуына келтіріледі. Ол жоғарғы сатыдағы омыртқалар мен адамда нерв қызметтерінің күрделенуіне байланысты көлемі жағынан өте-мөте ұлғаяды.

Адам нерв жүйесінің эмбриогенесті филогенездің бұл баяндаған заңдылықтарына байланысты дамиды. Нерв жүйесі сыртқы ұрық жапырағынан немесе эктодермадан пайда болады. Бұл нервтік пластика деп аталатын бойлық буылтық түзеді. Нервтік пластика көп ұзамай нервтік жүлгеншеге тереңдейді де ал ол жүлгеншенің жиектері біртіндеп биіктеп, бір-бірімен бітиседі. Ол өсіп түтікке айналады. Ми түтігі-нерв жүйесінің орталық бөлігінің бастамасы болып табылады. Түтіктің артқы шеті жұлынның бастамасын құрайды ал оның алдыңғы кеңейген шеті созылу арқылы үш бірінші ми көпіршігіне бөлініп, олардан аса күрделі бас миы пайда болады. Нерв пластикасы алғашында эпителий клеткаларының тек бір қабатынан тұрады. Ол қабат ми түтігіне айналып тұйықталғанда, оның қабырғаларындағы клеткалар мөлшері көбейеді де үш қабат пайда болды. Осындай жолмен нерв қозғалысы пайда болды.

Адам миының күрделілігі оның көлемі мен ішкі құрылысынан жақсы байқалады. Нерв талшықтарының жаны ``сіріден`` берік. Өйткені бір тал сымы істен шыққан радиоприемнек жұмысын дереу тоқтататын болса, жүздеген, мыңдаған нерв клеткалары зақымданған ми өз жұмысын одан әрі жалғастыра береді. Зақымданған нейрондар да қалпына келіп отырады. Орталық жүйке бөлігі күрделі қозғалыстар мен бүкіл дене қалпын реттеуге

қатысады. Орталық жүйке жүйесінің ең жоғары бөліктері бас миының ең жоғары бөліктері бас миының үлкен жарым шарлар біріккен.

Сонымен қатар басқа да анализаторлардың дамып, жетілуінен құрлықта тіршілік ететін жануарлардың алдыңғы миы өсіп орталық нерв жүйесінің басқа бөлімдерінен басым болып, иіс сезу миынан жануардың бүкіл мінез-құлығын басқаратын мүшеге айналды. Жануарлардың мінез-құлығының негізгі екі формасы: 1) Инстингтивті (шартсыз рефлексстер).

2) Индивидтің тәжірибесіне негізделген (шартты рефлекс).

Эволюция процесінде орталық нерв жүйесі бөлімдерінің ішінде соңғы ми жылдамырақ және күштірек өсетіндіктен, ол адамда мидың ең үлкен бөлігіне айналып, екі көлемді оң және сол жақ жарты шарлар түріне ие болады. Жарты шарлар ақ зат, сұр заттан тұрады.

Бізге адамның психикасы мимен тығыз байланыста екендігі мәлім. Адам анатомиясын зерттеген ғалымдар мен дәрігерлер ежелгі дәуірде-ақ психикалық құбылыстардың ми қызметінің байланыстылығы жөнінде болжам айтқан, әрі психикалық сырқаттарды сол ми қызметінің бұзылу салдарынан деп тапшылған. Психологиядағы бұл ғылыми мәселе өз шешімін барша психикалық іс-әрекет түрлерінің рефлекторлық сипатына байланысты ғана табуы мүмкін.

М.Сеченов өзінің әйгілі «Бас ми рефлексстері» еңбегінде рефлекторлық принципі адамның бас ми қызметіне, одан әрі барша психикалық іс-әрекетіне жая қолданады. Нерв жүйесінің қызметі рефлекс арқылы жүзеге асып отырады. Рефлекс туралы алғаш айтқан француз ғалымы Ренэ Декарт. Ал рефлексстің биологиялық сипатын чех ғалымы Иржи Прохаске өз еңбегінде дұрыс көрсете білді. Рефлекс терминін алғаш ендірген осы кісі еді. Рефлекс сөзін латын тілінен қазақшаға аударғанда бейнелеу деген мағынаны білдіреді. Рефлекс сырттан немесе іштен келген тітіркендіргіштерге организмнің қайтаратын жауап реакциясы.

Психикалық процестердің әрекеті өзгермелі жағдайларға сай, сигналдық және реттеу қызметтері б.т. Психикалық құбылыс жауап әрекетті өздігінен реттей алмайды. Бұл сыртқы дүние жөніндегі ақпарат келіп түсуші, сақталушы, және өңделуші мидың белгілі бөлімдерінің қасиеті, қызметі болып табылады. Психикалық көріністер бұл мидың сыртқы және ішкі әсерлерге жауабы, яғни психикалық құбылыс-бұл нақ осы мезетте өткен тәжірибеде болған (ес) осы әсерлерді қорытындылап немесе олардың нәтижесін білуге жәрдемдескен тітіркендіргіштерге жауап әрекеттерді реттеуші иеханизм.

И.П.Павлов адамдардың сигнал жүйелері бір-бірімен үнемі тығыз байланысты, екінші сигнал жүйесі адамның тарихи даму процесінде туған

және бұл бірінші сигнал қызметін реттеп, бақылап отырады. Жан процесінің миға қатынасы, психикалық әрекеттің заттасқан негізі болған мидың жұмыс принциптері дамуының әр кезеңінде әрқилы сипатталады. Мұның себебі адамның психикалық процесіне, олардың негізі миға деген түсінік, көзқарастардың біркелкі болуынан еді.

2. Адам психикалық қасиеттері жан-жақтылығының феномені

Адамның психикалық даму процесін дұрыс түсіну үшін, оның негізгі мазмұнын түсініп алу қажет. Яғни, психикалық даму дегеніміз, шындықты бейнелеудің танымдық және әрекеттік формаларының күрделенуі. Адам психикасын және әрекет-қылығын оның биологиялық бастауларын, ағзаның қызмет ету заңдылықтары мен құрылымын зерттеп алмай, оны толық түсіну мүмкін емес. Адам санасының қалыптасуын қарастырғанда, оның біртіндеп уақыт өте келе қалыптасқандығын және шыңдалғандығын байқаймыз.

Адам туғаннан табиғат тылсымынан тыс жасанды әлеуметтік ортада өмір сүреді, дамиды. Біздің айналамыздағы нәрсенің барлығы адам қолының, оның іскерлігінің жемісі. Ал бұның барлығы адам психологиясының көріністері.

Адам баласының санасында ең алғаш ғылыми түсініктер пайда болғаннан бастап психологияда зерттелінетін мәселелерге қызығушылықтар байқала бастады. Психологияның зерттейтін құбылыстар әлемі ұланғайыр. Оның ішіне күрделілігі әр деңгейдегі адам қалпы мен қасиеттері, процестері, яғни сезім мүшелеріне әсер етуші объектінің қарапайым жеке белгілерінен бастап, жеке адам мотивтерінің тайталасы кіреді.

Жантану ғылымы үшін ең маңызды мәселелердің бірі—зерттелуші құбылыстардың мән-мағынасын ашып беру. Осыған байланысты әдіснамалық мәселелер туындайды. Психология ғылымының практикалық міндеттерді шешуге араласуынан оның теориясының даму жағдайлары да біршама өзгерді. Шешімі психологиялық біліктілікті қажет еткен міндеттер адамдық фактор маңызының жоғарылауынан қоғам өмірінің барша тарапында әр қилы формада пайда болуда. "Адамдық фактор" дегеніміз әрбір азамат тұлғаға тән болып, олардың нақты іс- әрекетінде көрініс беретін әлеуметтік-психологиялық, психо-логиялық және психофизиологиялық қасиеттердің кең ауқымы.

Психиканың объектив шындық бейнесі екені белгілі, сондықтан психологиялық зерттеулер ең алдымен психикалық құбылыстардың адамның объектив өмір шарттары мен қызметіне тәуелділігін тануға бағытталуы тиіс. Сонымен бірге, адамдардың әрқандай іс-әрекеті барлық уақытта адам өмірінің объектив жағдайларымен байланысып қалмастан, оның субъектив мезеттерімен де қатынаста болады. Ғылыми психология барша психикалық

құбылыстардың (қаншама күрделі болмасын) материалдық негізі бас миы қыртысындағы уақытша байланыстар жүйесі болатындығына арқа сүйей отырып, субъектив және объектив жағдайлардың өзара ықпалды болатынын шынайы заңдылықты дәлелдеуге негіздеп бере алады. Осы байланыстардың түзілуі және олардың қызметтес болуынан психикалық құбылыстар адам іс-әрекетіне ықпал жасап, оны реттеп, бағыттайды, шындықты санада бейнелеуде адамға өз әсерін тигізеді.

Жоғарғы психикалық құбылыстардың адам өмірі мен әрекетінің объектив жағдайларына тәуелді заңдылықтарын аша отырып, психология осы әсерлердің мидағы бейнелену механизмдерін де айқындайды. Осыған орай, психология физиологиямен, дәлірек айтсақ, жоғары жүйке қызметі физиологиясымен өте жақын байланыста болуы сөзсіз. Психологияның дербес ғылымға айналуында оның ХІХ ғ. Басталған жаратылыстану ғылымдарымен бірлікте зерттелуі үлкен маңызға ие болды. Осы байланыстың нәтижесінде психологияға экспериментальдық әдіс енді. (Г. Фехнер), рефлекторлық теория ашылды (И. М. Сеченов, И. П. Павлов). Қазіргі заман психология проблемаларының зерттелуіне Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясы да үлкен ықпалын тигізіп, тіршілік иелерінің құбылмалы орта жағдайларына икемделудегі психиканың рөлін анықтауға, жоғары психикалық әрекет формаларының қарапайым түрлерден туындайтынын түсінуге мүмкіндік берді. Көп жағдайда адамдардың жеке және ұжымдық әрекеттерінің механизмі, әрекет, әдет, әлеуметтік бағыт, тәртіп-талап стереотиптерінің қалыптасу заңдылықтары жөніндегі білімдерді пайдаланбай, кейіп, сезім, психологиялық климатты танып білмей, жеке адамның ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерін, қабілетін, сезімін, мінезін, адам аралық қатынастарын зерттемей, әлеуметтік процестер мен құбылыстардың мәні толық ашылмайды, яғни, ықшамдап айтсақ, әлеуметтік процестерді зерттеуде психологиялық факторды ескеру заңды қажеттілік. Психологиялық факторлар өздігінен әлеуметтік процестерді бағыттай алмайды, керісінше, олардың өзін осы қоғамдық процестерді талдау арқылы түсіну мүмкін. Адамның психикалық іс-әрекеттерінің негізгі формалары қоғамдық тарих шарттарына орай туындап, дәстүрлі объектив іс-әрекет жағдайында өрісін тауып, еңбекке, еңбек құралдары мен тілді қолдануға байланысты қалыптасады. Адам психикасының генезисінің даму мәселесі бұдан әрі алдыға жылжуды талап етеді. Бұл неғұрлым жоғары форма – “интеллектуалды” әрекет-қылық.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Жоғарғы психикалық функциялардың сипаттамасы
2. Жоғары психикалық функцияларының механизмдері

3. Адам психикалық қасиеттері жан-жақтылығының феномені

Әдебиеттер:

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2007
3. Дубинин Н.П. Что такое человек. М., 2010.
4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активности. М., 2011.
5. Рогинский Г.З. Проблемы антропогенеза. М., 2000
6. Северцов А.Н. Эволюция и психика. М., 2009
7. Рычков Ю.Г. Генохронология исторических событий // Вопросы антропологии 2010. Вып. 77.

№ 12 Дәріс тақырыбы: Адам психикасы дамуын салыстырмалы психологиялық синтездің қажеттілігі мен мәні

Дәріс жоспары:

1. Жануарлар мен адам психикасы, олардың генетикалық туыстығы мен сапалық өзгерістері.
2. Тіршілік иелерінің эволюциялық өзін-өзі жетілдіруі

1. Жануарлар мен адам психикасы, олардың генетикалық туыстығы мен сапалық өзгерістері

Психиканың пайда болуы, яғни генезисі және оның дамуы туралы проблемалар өзара тығыз байланысты. Сондықтан да психика дамуы туралы жалпы көзқарас психиканың туындауы жөніндегі мәселенің теориялық ерекшеліктерімен сипатталады. Аталған проблема бойынша ғылымда бірнеше теориялық бағыт қалыптасқан. Ең алдымен бұлар арасында философиялық ой-пікір тарихында Р. Декарт есімімен байланысты ғылыми елеуге тұрарлық "*антропсихизм*" бағдары. Оның мәні психиканың пайда болуы адамның келіп шығуымен байланысты. Психика тек адамға тән қасиет. Осылай пайымдаудан адам психикасының біз білетін тарихтан бұрынғы болмысы түгелдей жоққа шығарылды. Мұндай пікір қазіргі күнде де өз қолдауын табуда. Бұған қарама-қарсы, екінші теория "*панпсихизм*", яғни бүкіл табиғаттың жан-рухани қасиетке иелігі жөніндегі ұғым. Бұл біріне бірі қайшы екі көзқарастың аралығында кеңірек өріс алған "*биопсихизм*" теориясы бар. Биопсихизмшілдердің пікірі - психика жалпы материяның қасиеті емес, ал оның тек жанды бөлегіне ғана тән нәрсе. Қойылған проблеманың шешіміне орай өрістеген және бір көзқарас психика барша жанды материяның қасиеті емес, ал олардың арасындағы жүйке жүйесіне ие

болғандарына ғана тән құбылыс. Мұндай тұжырым "*нейропсихизм*" деп аталған.

Ғылыми психология аталған тұжырымдардың бірде-бірін толығымен құптай алмайды. Оның дәлелдері тіпті басқаша психологияның туындауы жөніндегі мәселенің шешімін өмірдің өте күрделі формасы - психиканың туындауына себепші болған жағдайларды зерттеп танумен байланыстырады. *Тіршіліктің пайда болуының негізгі шарты - қоршаған ортамен тұрақты зат алмасуға икемделген күрделі ақуызды молекулалардың түзілуі.* Өздерінің тірлік қалпын сақтап қалу үшін олар қоршаған ортадан қорек заттарды сіңіріп, сонымен бірге қалыпты өміріне зиянды қорытылған қорек қалдықтарын сыртқа шығарып отырады. *Ассимиляция және диссимиляция* деп аталған бұл екі процесс зат айналымының құрамды бөлектері болумен күрделі ақуызды түзілімдердің негізгі жасалу шарты болып табылады.

Бұл өте күрделі ақуызды молекулалар, *каоцерваттар*, пайдалы қоректер мен оларды қорытуға немесе өміріне қауіп туғызатын не зиянды әсерлерге жауап бергізетін ерекше қасиеттерге ие. Мысалы, мұндай молекулалар тек қоректік заттарға ғана емес, сол заттарды қорытуға себебін тигізетін жарық пен жылуға да ұнамды әрекетпен жауап береді. Ал шектен артық механикалық не химиялық қалыпты жасауына кедергі болатын әсерлерге қарсылық білдіреді. Зат алмасу процесіне қатысы жоқ, бейтарап әсерді тіпті елемейді.

Каоцерваттардың индиферент (бейтарап) әсерлерді елемей, зат алмасу процесіне себепші әсерлерді сезу қасиеті *тітіркену* деп аталады, ал бұл тітіркену құбылысы органикалық емес материяның органикалық жағдайға ауысқанында көрінеді. Бұдан шығатын қорытынды әрқандай тірі организм сыртқы тітіркендіргіштерге таңдамалы қатынас жасап, тірі *материяның өзіндік реттеу* деп аталатын жаңа сапалық қасиетін танытады. Тітіркену- бұл биологиялық бейнелеудің ең қарапайым формасы болумен, өсімдік және жануарлар эволюциясының барша кезеңдеріндегі тірі организмдерге тән құбылыс, яғни бұл тірі организмнің барша биологиялық мәнді әсерлерге жауап беру қабілеті. Осылай, органикалық дүниеге өту барысында бейнеленудің сапалық жаңа формасы келіп шығады, әлбетте, бұл бейне айнадағыдай дәл сипатты бере алмайды. Солай да болса, осы бейне өзінің енжар, кездейсоқ сипатынан арылып, тіршіліктің қажетті шартына айналды.

Тіршілікке маңызды әсерлерге болған тітіркену процестері, тітіркенудің жоғары маманданған формаларының қалыптасуы және олардың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруы *өсімдік дүниесі* деп аталған өмір кезеңінің сипатына айналады. Мысалы, күн жарығына орай өсімдік тамырының тереңдеуі, дарак діңінің қисық болуы, өсімдіктің күн сәулесін бағуы сияқты құбылыстар бәрі

осы биотикалық әсерлерден болған тітіркенудің нәтижесі. Өсімдік өмірі үшін мәнді және бір жағдай бар. Биотикалық әсерге қарқынды зат алмасумен жауап беруші өсімдіктер нақты зат алмасу кезінде өзге әсерлерді байқамайды. Олар қоршаған ортада белсенді бағыт-бағдар таңдай алмайды. Мысалы, адым жерде күн сәулесі жарқырап түсіп тұрғанымен, өзі тасада қалған өсімдік жасай алмайды. Мұндай өмір сүрудің енжар формасынан тіршілік эволюциясының келесі кезеңі *жәндік-жануарлар дүниесі* айрықша сипатқа ие. Бұл кезеңдегі жалпы, ең қарапайым тіршіліктің даму барысында пайда болған бейнелеудің бастапқы формасы - *сезу* екені жөнінде ғылымдық болжам бар (А. Н. Леонтьев). Бұл болжам бойынша, ең қарапайымдарынан бастап әрбір тірі организмге тән құбылыс жануардың тек зат алмасуға қатысты биологиялық әсерлерге жауап беріп қоймастан, биологиялық мәнсіз не "бейтарап" әсерлерге де, егер олардың өмірлік қажеттілігі жөнінде хабар түссе, жауап бере алуы.

Сезу құбылысы психиканың туындауында объектив биологиялық белгі қызметін атқарады. Тіршілікке қажет әсерлер туралы хабар тиісті мүшеге түсуімен бейтарап тітіркендіргіштерді де қабылдай алатын сезу қасиеті өмір формасына түпкілікті өзгерістер енгізді.

2. Тіршілік иелерінің эволюциялық өзін-өзі жетілдіруі

Психика жануарларға да, адамдарға да бірдей тән әрекет болғанымен олардың психикалық әрекеттерінің арасында жалғыз сан жағынан да ғана емес, сапа жағынан да көп айырмашылықтар да бар. Адамның психикасының айрықша өзгешелігі адамда сананың болуымен байланысты. Жануарларда сана жоқ, олардың өздерінің биологиялық мұқтаждықтарымен байланысты *соқыр сезім* әрекеттері және туысынан кейін тіршілік ету үшін күресінде пайда болатын санасыз дағдылану әрекеттері ғана бар.

Қоғамдық эксперименттің өзгеруімен бірге адамның санасы да өзгеріп отырады. Адам өзін табиғаттан бөліп алады, белгілі автономия танытады, белгілі дәрежеде бағалай отырып, оқиғаларға жанасады. Адам қатынастарды интеллектуалды (бағалау арқылы) және эмоционалды (сүйу, ұнату, өшпенділік, жек көру, жирену түрінде көрінеді) сипатта болуы мүмкін. Көп жағдайларда саналы қатынастар интеллектуалды-эмоционалды сипатта, екеуі аралас келеді.

Сана адамның шығармашылық қабілеттілігінен көрінеді. "Адамның санасы объективті дүниені бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар оны жасайды". Жануар еш нәрсені де орната алмайды. Егер ол өзі мекендеген жердің жағдайын өзгертсе оны саналы түрде түсініп істемейді, оның тіршілік етуі соған жеткізеді. Адам дүниені саналы түрде өзгертуге талаптанады, оны өз қажетіне бейімдегісі келеді, тіпті ол табиғаттың жеке элементтерінен

табиғатта кездеспейтін жаңа заттар жасайды. Шығармашылық адамның бүкіл Жерді мекендеуіне және ғарышқа да жол табуына мүмкіндік береді.

Сананың аса маңызды қасиеті оның *есеп беруі*. Адам өзінің ниеті мен күйзелісі, ойы мен түйсігі туралы өзіне-өзі есеп береді, демек, сана тек қана сыртқы білімді емес, өзін білуді де қамтамасыз етеді, яғни сана өзіндік сана-сезім түрінде де көрініс табады. Адам есеп беруінің арқасында өз күшін реттей алады, өзін түзетіп және дамытып отырады. Білім негізінде тұлғаның іс-әрекетіндегі және мінез-құлқындағы

саналылық мөлшерін анықтауға болады. Тұлға мінезі мен іс-әрекетінде білімге сүйенеді, ол өткендегіні ескеріп және болашақты болжай отырып, неғұрлым тиімді тәсілді таңдап алады. Бұл ретте адам өзін-өзі бақылайды және өз күшін жоспарына қарай реттеп отырады.

Адамның жануарлардан айырмашылығы – ол өзін танитын және білетін, өзін түзетіп және жетілдіріп отыруға қабілетті тіршілік иесі. *Өзіндік сана-сезім* - сананың өзінді білу мен өзіне қатынастың бірлігі ретінде көрінетін бір түрі. Өзіндік сана-сезім сыртқы ортаны және өзінді өзің танудың бейнелеуінен біртіндеп қалыптасады.

Адамның өзін-өзі тануда, оны басқаның бағалауы мен ұжымдық бағаның маңызы ерекше. Егер бір адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын сыңар жақты бағалау тұрақты сипат алса, онда сол адам өзінің қабілеті немесе мінезі жайындағы осы сыңар жақ бағаны малданып алады да соған мойын ұсынады. Өзін-өзі тану өзіндік сана-сезімнің қалыптасуында маңызды рол атқарады. Өзін-өзі тану - адамның өз психологиялық және физикалық ерекшеліктерін зерттеп білуі. Адам *өзін тікелей де, жанама* түрде де танып біледі.

Адамның психикалық даму процесін дұрыс түсіну үшін, оның негізгі мазмұнын түсініп алу қажет. Яғни, психикалық даму дегеніміз, шындықты бейнелеудің танымдық және әрекеттік формаларының күрделенуі.

Кез-келген организм қоршаған ортаның бір бөлігі бола отырып, одан бөліне бастайды, бірақ сол ортамен байланыста болады. Сол сияқты психикалық даму процесінде де тұлға өзін шындықтан неғұрлым алып шыққанымен , соғұрлым онымен байланыста болады. Бейнелеудің неғұрлым жоғары формаларына ауыса отырып, мысалы, зат немесе құбылысты қабылдап, түйсінудегі сенсорлы талдаулардан ортаның байланыс қатынастарын ажыратушы ойлауға ауысуында, тұлға шындықтың неғұрлым кеңірек сфераларына еніп, онымен байланысқа түседі. Психика дамуының сатылары – байланыс, бөліну сатылары болып табылады

Тіршілік иелерінің эволюциялық өзін-өзі жетілдіру арқылы организмдерде ерекшеліктер пайда болады, органның дамуы, тәртіпті, қайта

жаңғыртуды басқарды. Бұл жүйке жүйесі. Оның дамуы мен жетілуіне орай, психикалық өмір сүруге қажетті: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сапа, рефлексия пайда болды.

Нерв жүйесі функциясының құрылысының жақсаруы психика дамуының қайнар көзі болды. Бұл процестің механизміне: организмнің жаңа ерекшеліктерге ие болуы, олардың өзгеруіне байланысты жаңа органдардың өзгерістері, генотиптегі өзгерістер: өмір сүруге қажетті бейімделген органдар мен ерекшеліктердің ортақ бейімделуі жатады.

Дамудың келесі маңызды стимулы өмір сүру шарттарының күрделенуі. Организм күтпеген өзгертуге әсер тигізеді. Дүниенің бейнелеу қабілеттілігі пайда болады. Қоршаған ортаны жақсырақ бағалай алу жүзеге асты. Сонда психиканың жетілуіне қоршаған объективті өмір әсер етті. Психика дамуының екінші стадиясын анықтау қоршаған орта туралы хабарлама алу мінездемесінің әдістерінен тұрады. Бірінші стадияға сенсорлы әдіс, екіншіге – перцептивті әдіс тән.

Біріншіден жануарлар адаптациясының деңгейі мен қалыптасуын, жан-жануарлар психикасының даму дәрежесін анықтайды. Қолда бар ғылыми материал жан-жануарлардың психикасының және даму стадияларын көрсетеді. Бұл стадиялар қоршаған орта туралы хабарламаны алу деңгейі, әдістерімен ерекшеленеді. Бірінші жағдайда – түйсіктердің бөліктер деңгейі, екіншісіне заттық қабылдау. Екіншіден, жан-жануардың психикасының ең жоғарғы даму деңгейі - затты қабылдау стадиясында. Жануардың қарапайым интелектісі туралы хабар береді. Жануарлардың тәртібінің ерекшелігі, биологиялық қателікті өтеу, қанағаттандыру.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы психологиялық негізі
2. Жануарлар мен адам психикасының ерекшеліктері
3. Жануарлар мен адам психикасының генетикалық туыстығы
4. Тіршілік иелерінің эволюциялық өзін-өзі жетілдіру

Әдебиеттер:

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2007
3. Дубинин Н.П. Что такое человек. М., 2010.
4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активности. М., 2011.
5. Рогинский Г.З. Проблемы антропогенеза. М., 2000
6. Северцов А.Н. Эволюция и психика. М., 2009

№ 13 Дәріс тақырыбы: Жануарлардың интеллекттік мінез-қылықтары

Дәріс жоспары:

1. Жануарлар интеллектісінің негізгі ерекшеліктері мен қалпы

2. Адам тәріздес маймылдардың ойлау әрекеттері мен өзіндік ерекшеліктері.

3. Жануарлар интеллектісінің биологиялық ерекшеліктері

1. Жануарлар интеллектісінің негізгі ерекшеліктері мен қалпы

Интеллект кезеңі – жекелеген заттың ғана емес сондай-ақ қарым-қатынас ерекшелігі психикада бейімделеді. Яғни интеллект қабылданған жағдайлардың жануарлар психикасындағы бейнесі. Психиканы түсіндірудің материалистік негізі, ең алдымен сол кезде болып кеткен, психиканы бихевиаристік интерпретациялаумен қатысты болған рефлекторлық-организм енді процестерге байланысты болды.

Интеллектуалды әрекет әрқашан біртіндеп қолданылатын операциялар түріндегі автоматты да, стереотипті де компоненттерден тұрады. Бұл мәселе олардың күрделенуіне байланысты түрлі даму стадияларынан өтеді. Интеллектуалды әрекеттің дамуымен әрекет-қылықтың икемділігі арта түседі. Интеллектуалды әрекеттің негізіндегі “саналы” әрекет-қылық, бір жағынан белгілі ситуацияларға деген объективті қатынас ерекшелігімен және екінші жағынан, индивидтің тарихи дамуымен анықталады. Нағыз ақыл адамда ғана болады, хайуанда ол жоқ. Ақыл пайда болу үшін айрықша жағдайлар керек. Маймылдардың адамға айналу процесінде, олардың тәнінде бірнеше түрлі өзгерістер, сапалар пайда болған.

Жоғарғы сатыда тұрған хайуанаттарда дағды тезірек пайда болады және олардың дағдылары күрделі болып келеді. Олардың әрекеттерін, олардағы дағды пайда болу процестерін білу үшін кейбір оқымыстылар әдейілеп зерттеулер жасаған.

Даму сатысының жоғарғы басқышында тұрған жануарлардың әрекеттерінде соқыр сезім және дағдылану қылықтарымен саңылау әрекеттерінің бастапқыбелгілерінің бар екенін байқауға болады. Даму проблемасы осы кезге дейін толық шешіліп қойылмаған өте күрделі проблемалардың бірі. Зерттеулердің көбі – жоғары сатыдағы хайуанаттарда ақыл ой процестері бар

ма, егер болса, адамның ақыл-ойменсалыстырғанда олардың қандай ұқсастықтары және айырмашылықтары болады, олардың ойлау әрекеттерінің қандай айрықша өзгешеліктері бар деген сұрауларға жауап бермек. Зерттеулер көбнесе маймылдарға жасалып, олардың ақыл ес қабілетін байқау үшін бернеше тапсырмалар жасатып көрген

Жануарлардың барлық әрекет-қылығы “инстинктивті” болып табылады. Бұлардың психика мен әрекет-қылық формаларының барлығы тіршілік етудің биологиялық формаларының негізінде қалыптасады. Яғни, бұл формалар саналы емес, биологиялық қажеттіліктен туындайтын “соқыр” әрекет.

В.Келердің, Н.Н.Ладыгина-Котстың зерттеулері негізінде Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтев және К.Э.Фабри жануарлар интеллектісінің сипаттарын бейнелеу мен іс-әрекет құрылымы бойынша бөліп нақтылады. А.Н.Леонтьев бұл зерттеулерді жалпылап, төмендегідей критерийлерді көрсетті:

1. Сәтті аяқталатын операцияны аяқ астынан табу әдісінің пайда болуы;
2. Қайта шешім беруде жүзеге асады;
3. Операцияны тасымалдау объектердің ұзақтығы негізінде емес, жағдайлардың ұқсастық принципі негізінде жүзеге асады;
4. Іс-әрекеттің екі деңгейлі құрылымы дайындау және жүзеге асыру.

Психиканың интеллект даму деңгейінде іс-әрекеттің құрылымындағы өзгеріс – іс-әрекеттің бір бөлігі ішкі құрылысында жүзеге асыруға мүмкіндік (болжау). А.Н. Леонтьевтің соңғы екі критерийі негізгі болып келеді. Бұл іс-әрекетте бернеше операцияларды біріктіру мүмкіндігі туралы С.А.Семенов, Ю. Летман, В.В. Буиак және т.б. айтқан. Операциялардың бірігуі мен өзара ауысуы үшін аралық әрекет пен соңғы мақсатты сәйкестендіру қажет. Әр бір операция бір нәтижеге әкелетін болса, сонда ғана олар бірігеді.

2. Адам тәріздес маймылдардың ойлау әрекеттері мен өзіндік ерекшеліктері

Маймылдардың адамға айналу процесінде, олардың тәнінде бірнеше түрлі өзгерістер, сапалар пайда болған. Ол өзгерістер қоғамдық жағдайда ғана еңбек ету нәтижесінен туған. Даму сатысының жоғарғы басқышында тұрған жануарлардың әрекеттерінде соқыр сезім және дағдылану қылықтарымен саңылау әрекеттерінің бастапқы белгілерінің бар екенін байқауға болады.

Жануарлардың барлық әрекет-қылығы “инстинктивті” б.т. Бұлардың психика мен әрекет-қылық формаларының барлығы тіршілік етудің биологиялық формаларының негізінде қалыптасады. Соңғы жылдардағы генетикалық, биохимиялық зерттеулер шимпанзенің адамға көп ұқсас

белгілері бар екендігін дәлелдегенмен, қазіргі адамтәрізді маймылдардың ішінен адамның тікелей тегін нақты айта алмайды. Өйткені адам мен маймылдардың арасында үлкен айырмашылықтар бар.

Антропогенездің қозғаушы күштеріне биологиялық және социалдық факторлар жатады. Биологиялық факторлар: тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, тіршілік ету, сөйлеу және сана. Антропогенездің алғашқы сатыларында негізгі фактор табиғи сұрыптау болады. Оның әсерінен адамның морфологиялық ерекшеліктері(ми, қол сүйектері, тік жүру) қалыптасты. Еңбек құралдарын жасауды, тағам өндіруді, баспана жасауды үйренгеннен кейін өзін сыртқы ортаның жағымсыз жағдайларынан құтылды. Сөйтіп, адам табиғи сұрыптаудың әсеріне құтылды, адам үшін социалдық фактордың әсері маңызы артты. Қазіргі кезде қоғамнан тыс адамның адам болып өздігінен қалыптасуы мүмкін емес. Адам қоғамында мутация үрдісі маңызын әлі де жоғалтқан жоқ. Планетаның кейбір аймақтарында ортаның мутагендерімен ластауына байланысты мутациялардың жиілігі артып кеткен. Инстинктер көбінесе хайуанаттардың тіршілігіне пайдалы болады.

Даму сатысының жоғарғы басқышында тұрған жануарлардың әрекеттерінде соқыр сезім және дағдылану қылықтарымен саңылау әрекеттерінің бастапқы белгілерінің бар екенін байқауға болады. Даму проблемасы осы кезге дейін толық шешіліп қойылмаған өте күрделі проблемалардың бірі. Зерттеулердің көбі – жоғары сатыдағы хайуанаттарда ақыл ой процестері бар ма, егер болса, адамның ақыл-ойменсалыстырғанда олардың қандай ұқсастықтары және айырмашылықтары болады, олардың ойлау әрекеттерінің қандай айрықша өзгешеліктері бар деген сұрауларға жауап бермек. Зерттеулер көбінесе маймылдарға жасалып, олардың ақыл ес қабілеті нбайқау үшін бернеше тапсырмалар жасатып көрген. Мәселен, Р.Меркс көп тәжірибелерге сүйеніп, макака дейтін төменгі сатыда тұрған маймылдармен бірге барлық сүтқоректі хайуандарды дағдылануға үйретерде түрлі тапсырмаларды орындағанда, олар «байқап қарау, қателесу» заңы бойынша әрекет ететін, ал маймылдар бұл жолменәрекет етпей, олардың әрекеттерінде түйсік саңылауы орын алатынын атап көрсеткен. Айналма жолды пайдалану, құралды пайдалану, құрал жасау арқылы, неміс психологі Келер өзінің тәжірибесінде осы әрекеттердің маймылдарда бар жоғын зерттеген. Маймылдардың құралды «қолдана» алатынын зерттеу үшін, ол отырған тордың сыртына қол жетпейтін жерге біржеміс тастаған. Маймыл бірнеше рет қолын созып, жемісті ала алмаған соң, бір кезде тордың ішінде әдейі қойылған таяққа көзі түскенде, маймыл сол таяқты алып, жемісті өзіне тартып, жылжытып алатын болған. Егер жеміс маймылдың бойы жетпейтін жерде ілулі тұрса, ол сол жерге жақын жәшіктерді алып келіп, солардың

үстіне шығып, жемісті алған. Егер жәшікте құм, яки тас болса маймылдар оларды босатып алып келуді білмей, сол күйінде тасып әуреленген.

Айналма жолды маймылдар онша дұрыс пайдалана алмайтын сияқты. Мысалы, тордың алдына жеміс тастап, тордың ішінен әр жерден сол жеміске қарай бірнеше жіпті созып, жемтікке жақын жеткізбей, қойып, жіптің біреуіне жемісті байлағанда, маймылдар көбінесе тордың төте жолмен жеміске тартылған, бірақ оған байланбаған жіптерді тартып, керекті жіптерді бірден тартуды білмеген. Бұл тәжірибелерден Келер: маймылдар мағыналы байланыстарды аңғара алмайды, заттарды, олардың бір-біріне жақындығын көріп қана аңғарады деп қорытынды шығарған. Өзінен кейін қарай жылжытып, ілмектеп сақинаны шығарып алу әрекеттерін де маймылдар істей алмаған.

Тәжірибелерді маймылдардың құралдарды жасай алмайтындары да байқалған. Бірақ Келер тәжірибесінде «Сұлтан» атты шимпанзе тордың алдында бір таяқпен тартып ала алмайтын алысырақ жерде жатқан жемісті, екі таяқты бір біріне жалғап, ұзын таяқпен жемісті тартып алатын болған. Бірақ бұл әрекетті шимпанзе бірден істей қойған жоқ, әдепкі кезде маймылға екі таяқ берілгенде (бірі –жіңішке және ұштары сүйір, екіншісі жуанырақ, ұштары қуыс). Маймыл әрқайсысымен жеке-жеке жемісті өзіне тартып алмақшы болған, бірақ таяқтың екеуі де қысқаболып, ешқайсысы жеміске жетпеген, бір таяқты алдына, екінші таяқты артына қаратып ұстағанда да, екеуінде қатар бір біріне қосып ұстаса да еш нәтиже шықпаған. Ақырында, ешбір әрекет нәтижелі болмаған соң ол екі таяқты қолына алып, тордың қабырғасынан алшағырақ кетіп таяқтармен ойнай бастайды. Осы кезде абайсызда жіңішке таяқтың сүйір ұшы жуан таяқтың қуыс ұшына қарсы келіп, жалғанады. Міне, осы кездейсоқтықта пайда болған ұзын таяқпен жемісті өзіне тартып алған. Бұл тәжірибеден кудейін маймылға үш таяқты берсе де бір-біріне біріктіріп жемісті өзіне тартып ала беретін болған. Егер бір таяқтың ұшы екінші таяқтың қуысына сыймайтын болса, ол таяқтың басын маймыл тісімен қажап, жіңішкелеп алған.

3. Жануарлар интеллектісінің биологиялық ерекшеліктері

Интеллект деңгейінде «аралық мақсатқа жетудегі әрекеттерді бөліп қарастыру» жүзеге асады. Бұл іс-әрекеттің бөлігін ішкі жоспарға тасымалдауға мүмкіндік береді: В. Келер бойынша бұл жағдайды қайта құру арқылы шешім ядросын табу. Яғни әрекет нәтижесінің бейнеленуі бар. Бейнелер құрамында ерекшеліктер, аралық пен аяққы нәтижелерді сәйкестендіру қабілеті болады.

Көптеген зерттеулер жануарларда бұндай бейненің жоқтығы туралы айтады. Бірақ бұндай жағдайда инстинктивті немесе қалыптастыру жеткілікті. Алғашқы әрекет кейінгі әрекетке мақсат болып келетіні инстинкт ұғымын

білдіреді (А.В. Запорожец). Бұл субъектінің өзінің әрекеттерін бейнелеу нәтижесінде ғана болуы мүмкін. Н.Н. Ладыгина-Котс бойынша бұндай бейнелеу себеп-нәтижелі байланыстарды түсінуге мүмкіндік бермейді, себебі антропоидтер кеңістік-уақыттық, сыртқы қатынастарды бейнелейді.

Л.В. Крушинский қарама-қарсы пікірді ұстанады. Оның айтуынша жоғарғы деңгейлі жанурлар табиғат заңдарының бір бөлігін эксперименттер бойынша олар объектпен өзара әрекеттесуі кезінде объектінің константтылығын адекватты түрде бейнелейді. Яғни басқа объектілерге қатысты оның қатынасын және сапаларын білдіреді.

Қатынастың бейнеленуі құралдарды жасау мен қолдану, айналып өтуді қолдану сияқты эксперименттер арқылы дәлелдейді. Бұл жағдайларда дайындық фаза түрлі әдістермен жүзеге асуы мүмкін. Ал әдістердің түрленуі жануарлардың аралық мақсатқа жетуді түсінетіндіктерін білдіреді. Г.З.Рогинский ұсынған және Л.А.Фирспен қайталанған шимпанзенің отты сөндіру эксперименті, жануарлардың жағдайға байланысты түрлі шешімдерді көрсетуі антропоидтердің соңғы мақсатқа жетуді алдын ала білетіндігін дәлелдеді. Қиындық тек жағдайға байланысты тиімді тиімді шешімді табуда. Аралық нәтижеге жетудегі мұндай операцияларды таңдау Л.А.Фирс баяндады: шимпанзелер таяқ арқылы алынған терезенің шымылдығының көмегімен кілт алатын.

Бұл эксперименталды мәліметтер бойынша психиканың интеллект даму деңгейінде объекттермен өзара әрекеттесу нәтижесінде субъект объект қасиеттерінің бейнеленуі, өз әрекеттерін және объектінің өзгеруімен байланысты нәтиже қалыптасады. Бұл объекттердің жағдайда сәйкестенуінің бейнеленуіне әкеледі. Нәтижесінде іс-әрекеттің бір бөлігін ішкі құрылымға ауыстыруға болады. Ал бұның негізінде аралық әрекеттің нәтижесі мен соңғы мақсатқа қатысты бейнелердің бар болуы дәлелденеді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Жануарлардың интеллекттік мінез-қылықтарының көріністері
2. Жануарлар интеллектісі жайлы зерттеулер.
3. Адам тәріздес маймылдардың ойлау әрекеттері мен өзіндік ерекшеліктері.
4. Жануарлар интеллектісінің биологиялық ерекшеліктері.

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.

3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010
4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Праваторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003
8. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - А., 2005

№ 14 Дәріс тақырыбы: Психиканың антропогенезде дамуын зерттеу

Дәріс жоспары:

1. Адамның жануарлардан айырмашылығы мен ұқсастықтары.
2. Еңбек әрекетінің пайда болуы

1. Адамның жануарлардан айырмашылығы мен ұқсастықтары

Адамның жануарлардан басты ерекшелігінің бірі – еңбек құралын ойлап, жоспарлап жасауы. Оны қажет кезінде қолданып сақтайды. Екіншіден құрал-саймандарды басқа адамдармен бірлесіп қолданады. Адамның психикалық әрекетіндегі саналықтың үшінші ерекшелігі – олардың қоғамдық тәжірибені бір-біріне жеткізіп, мұра етіп қалдыратыны. Қоғамдық тәжірибе адам психикасын дамытуға сезгіштік психиканың ең басты белгісі күшті ықпал етеді. Өзіне әсер ететін заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды бейнелеп, олардың бір-біріне қатынас себептерін таниды, әр қилы эмоцияларға әсерленеді – адам психикасының өзіндік төртінші ерекшелігі.

Адам психикасы жануарлар психикасынан тағы бір ерекшелігі – жануарлар дүниесінің биологиялық эволюция заңына тәуелді болса, ал адамзат санасы қоғамның тарихи даму заңдылықтарына бағынады.

Ағылшын ғалымы Ч.Дарвин өзінің эволюциялық ілімінің қағидаларының адамға да қатысты деп саналады. Ол адам заты адам тектес маймылдардан пайда болған деген пікірде болды. 1871 жылы оның «Адамның шығу тегі және жыныстық сұрыпталу» деген еңбегі жарық көрді. Бұл еңбегінде жалпы тіршіліктің тарихи даму кезеңінде адам ең соңында пайда болғанын, әрі жоғары сатыда тұратындығын атап өтті. Ч. Дарвин адам тектес маймылдар мен адамның арғы тегі бір тармақтан таралған деген қорытындыға келді. Сонымен бірге ол адамның тарихи даму кезеңінде

элеуметтік факторлардың маңызды орын алатындығын ерекше атап көрсетті. Кез келген еңбек құралдарын жасау үшін адам еңбек етуі керек. Еңбек құралдарын дайындау үшін қол қажет. Ф.Энгельс адамның қалыптасуындағы еңбектің рөлін жоғары бағалады. Ол «еңбек – адамзат өмірінің бірінші жоғары шарты, адамды адам еткен-еңбек деген дәрежеде айтуға тиістіміз», - деп жазды.

Адамның жануарлардан шыққандығының дәлелдемелері:

- 1) адам және жануарлардың құрлысындағы ортақ белгілер. Адамға сүтқоректілердің басты белгілері тән. Мысалы, плацентарлық даму, көкек, сүт бездері, үш түрлі тістер-азуіс, күректіс, сойдақтістің болуы және т.б. Сонымен қатар, адамда рудименттер (құйымшақ, соқыр ішек, үшінші қабақ) және атавизмдер(құйрықты, түкті, көп емшекті адамдардың кездесуі).
- 2) Адам мен жануардың ұрықтарының дамуындағы ұқсастығы
- 3) Адам мен адам тәріздес маймылдарға ұқсастығы

Соңғы жылдардағы генетикалық, биохимиялық зерттеулер шимпанзенің адамға көп ұқсас белгілері бар екендігін дәлелдегенмен, қазіргі адамтәрізді маймылдардың ішінен адамның тікелей тегін нақты айта алмайды. Өйткені адам мен маймылдардың арасында үлкен айырмашылықтар бар.

Антропогенездің қозғаушы күштеріне биологиялық және социалдық факторлар жатады. Биологиялық факторлар: тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, тіршілік ету, сөйлеу және сана. Антропогенездің алғашқы сатыларында негізгі фактор табиғи сұрыптау болады. Оның әсерінен адамның морфологиялық ерекшеліктері(ми, қол сүйектері, тік жүру) қалыптасты. Еңбек құралдарын жасауды, тағам өндіруді, баспана жасауды үйренгеннен кейін өзін сыртқы ортаның жағымсыз жағдайларынан құтылды. Сөйтіп, адам табиғи сұрыптаудың әсеріне құтылды, адам үшін социалдық фактордың әсері маңызы артты. Қазіргі кезде қоғамнан тыс адамның адам болып өздігінен қалыптасуы мүмкін емес. Адам қоғамында мутация үрдісі маңызын әлі де жоғалтқан жоқ. Планетаның кейбір аймақтарында ортаның мутагендерімен ластауына байланысты мутациялардың жиілігі артып кеткен.

2. Еңбек әрекетінің пайда болуы

Еңбек – адамның нағыз адамға айналысуындағы шарттардың бірі. Тек еңбек әрекетінің арқасында ғана адам – саналы адам сатысына көтерілді. Эволюциялық дамудың ең жоғарғы сатысына көтеріліп, заттық әрекетінің мәнін шынайы түсінетін болды, дүниені өзгерту дәрежесіне қол жеткізді. Қарапайым еңбек құралдарын жасап, оны қолдану, сақтау әрекетінің арқасында адам тіршілік ортасына тәкелді болатыны бірсыпыра

жағдайлардан құтылады, өзін сол ортаның иесі ретінде сезінетін деңгейге көтерілді. өздері жасаған құралдармен әр алуан әрекеттерді жасайтын болды. Бұл адамдар қауымдастығының жануарлар тобынан ерекшеленетінің басты сапалық айырмашылықтарының бірі.

Еңбек әрекеті – қоғамдық дамудың алға шарты және нәтижесі. Еңбек әрекеті адамдар арасындағы қоғамдық қатынастар мен жағдайының күрт өзгеруіне, адам тегінің өсіп жетілуіне қолайлы ықпал етеді. Ортаның күрт өзгеруі адамның тіршілік етуін қиындатып, қажеттіліктерін қанағаттандыруы шиеленісе түсті. Адам қиындықты жеңбесе, тегінің құрып кету қаупі туды. Сондықтан олар қауымдасып, топтасып тіршілік етуге біріне – бірі бірлесіп көмектесуге мәжбүр болды. Адамдардың топтасқан мүшелерінің қарым-қатынасы біртіндеп өндірістік қатынасқа ауысты. Адамның нағыз адамға айналуындағы негізгі шарттарының бірі – еңбек. Еңбек әрекетінің арқасында адамның санасы дамыды.

Қазіргі психология ғылымында *еңбек субъектісі индивид пен жеке тұлғаның қасиеттерінің жиынтығы ретінде танылады*. Индивидтің жеке тұлғалық қасиеттері дегенде сыртқы, биологиялық және әлеуметтік орта жағдайларына байланысты адамның дербес даму кезіндегі түрленген қасиеттері туралы айтылады. Сонымен қатар, адамның табиғи қасиеттері оның жеке тұлғалық және еңбек субъектісі ретіндегі қасиеттерін есепке алып, индивид ретіндегі қызмет ететін қасиет-сапаларын зерттеу қажет, осылайша жеке тұлғаның құрылымы индивид құрылымын өзіне қосады екен. Осыдан барып, кәсіби маңызды қасиеттер туралы сөз болғанда, жеке тұлғаның дербес – психологиялық қасиеттері және жеке тұлғаның қатынастары туралы айтады. Жеке тұлғаның сенсорлық, перцептивтік, аттенциялық, психомоторлық, мнемикалық, ойлау, сөйлеу, эмоционалдық, еріктік қасиеттерін *дербес-психологиялық* деп атайды. Жеке тұлғаның қатынастарына жататын факторлар мыналар: адамның өз-өзіне деген қатынасы (өзін-өзі бағалауы), өзгелерге, таныстарға және таныс емес адамдарға, достарға, жұмыс бойынша жолдастарына, ата-анасына, отбасының басқа да мүшелеріне т.б. деген қатынасы; еңбекке, өзінің кәсібіне, мамандығына, белгілі бір кәсіби міндеттерге қатынасы, материалды құндылықтар мен қоғамдық меншікке қатынасы, қоғамның идеологиялық құндылықтарына, заңдар мен ережелерге, болашаққа, сәтсіздіктерге, барлық жаңа нәрселерге, алуан түрлі өзгерістерге және т.б. деген қатынасы. Бұндай қатынастар жеке тұлғаның позициясын анықтайды, ол оның статусының субъективті, іскерлік жағын көрсетеді. Жеке тұлғаның қатынастары, мотивтері, бағдарлары мен құндылықтық бағдарлар жүйесі оның кіші топты,

ұжымда және жалпы қоғамда атқаратын рөлдің – қоғамдық функциялардың белгілі бір кешенінде жүзеге асырылады.

Еңбек қоғам өмірі мен адамның жан-жақты әрі жарасымды дамуының қажетті шарты, жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру жолы. Сондықтан ақыл-ой мен дене тәрбиесін қатар дамыту үшін техникалық білім беруге ерекше рөл жүктеледі немесе өндіріс процесінің негізгі принциптерімен таныстыру, сонымен бірге балаға немесе жас өспірімге өндірістің қарапайым құрал жабдықтары жөнінде жалпы дағды беріледі.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Антропогенездік даму жайлы түсінік
2. Антропогенездік дамудың психологиялық аспектілері

Әдебиеттер:

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2007
3. Дубинин Н.П. Что такое человек. М., 2010.
4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активности. М., 2011.
5. Рогинский Г.З. Проблемы антропогенеза. М., 2000
6. Северцов А.Н. Эволюция и психика. М., 2009
7. Рычков Ю.Г. Генохронология исторических событий // Вопросы антропологии 2010. Вып. 77.

№ 15 Дәріс тақырыбы: Адам психикасы дамуындағы саналы қылық-әрекет

Дәріс жоспары:

1. Саналы қылық-әрекеттің құрылымдық алғы шарттары.
2. Саналы қылық-әрекет пен эмоцияның ортақ байланысы.
3. Мидың ассиметриясы және сананың екі жақтылығы

1. Саналы қылық-әрекеттің құрылымдық алғы шарттары

«Саналы» немесе «эвристикалық» әрекет нені білдіреді? Оның рефлекс пен инстинктен айырмашылығы неде, неліктен оны адаптивті белсенділіктің ерекше түрі ретінде қарастырады және, ең бастысы, ол тек қана адамға тән ба?

XIX және XX ғасырдың ұлы психологтары мен физиологтары бұл мәселенің алдында үлкен тұғырыққа тірелді. Эксперименталды психологияның негізін қалаушы Вильгельм Вундтың ойынша, түйсік, зейін, ес сияқты элементарлы табиғи заңдарға бағынатын процестерді ғана ғылыми тұрғыдан түсіндіруге болады. Адам рухының категориялары болып

табылатын рухани құбылыстарды түсіндіру мүмкін емес. Кейіннен «Психика и мозг» атты еңбегінде Чарльз Шерингтон физиолог қажетті түрде адамның рухани дүниесін түсіндіре алмайды, себебі оқшауланған категориялар дүниесі адам санасынан тыс деп айтқан.

Сонда да омыртқалы жануарлар мен адамдар әрекетінің арасында айырмашылықтар бар. Бұған мысал ретінде Торндайк тәжірибесін келтіруге болады. Бақылаудан әр түрге жататын жануарлар өтті: құстар, иттер, маймылдар. Жануарлардың алдында бірнеше қатар ыдыс қойылады. Жануарлардың көзінше бірінші ыдысқа приманка салынады. Әрине, жануар ең алдымен бірінші ыдысқа жүгіріп, оны аударып, приманканы алады. Келесі ретінде жануарларға көрсетпей, приманканы екінші ыдысқа салады. Бұл жағдайда жануар қайтадан бірінші ыдысқа барып, ондағы приманканы таба алмаған соң ғана екінші ыдысқа барады. Бұлай бірнеше мәрте қайталады және әр кезекте приманка келесі ыдысқа салынып отырған. Нәтижесінде ешбір жануар бұл тапсырманы орындай алмады, яғни жануарлар приманка келесі ыдысқа салынып отыратынын «қағып ала» алмайды. Жануарлардың әрекетінде басынан кешкен тәжірибелер басым болады да оқшауланған «келесі» принципі қалыптаспайды. Жануарларға қарағанда, 3,5-4 жастағы бала «келесі» принципін тез қағып алады.

Жануарлардың элементарлы саналы әрекетін зерттеу қарапайымнан басталады- қарны аш жануардың алдына кедергімен бөлінген тамағы бар ыдысты қойып, қанша әрекеттен кейін жануар қателеспей кедергіні айналып өтетінін бақылаған. Бұл тәжірибе «жолды айналып өту» деп аталады.

Сананы әрекетті бағдарлаудың ерекше нейробиологиялық әдісі ретінде оның маңызды қасиеттері арқылы сипаттап көрейік. Саналы әрекет білдіреді: -Қоршаған ортаның қолжетімді ерекшеліктерін өз бетінше анықтау. Құбылыстарды классификациялау қабілеті. Әрекеттерді ойлау актілерімен комбинациялау, мақсатқа жетудің идеалды моделдерін көбейту қабілеті.

Мақсатқа жетудегі ең оңтайлы әрекеттер тізбегін есте сақтау. Ойындағы модельдер мен олардың индивидуалды қолжетімдігі арқылы мақсатқа жету мүмкіндігін бағалау. Идеалды үлгілерге сәйкес ойша модельдерді шынайы әрекеттердің дискретті туындылары ретінде іске асыру мүмкіндігі. Саналы әрекеттің құрылымдық алғышарттары

Бірінші жағдай. Мидың үлкен көлемі оның функцияларының реттелуі үшін көбірек мүмкіндік береді. Шын мәнінде- бұл жүйелі ұйымдасудың жалпы принципі. Э. Шердингердің айтуынша, мидың қоршаған ортаның физикалық ұйымдастырылуын қабылдауында «сыртқы тәртіпті» тіркейтін мидағы процестер де реттелген болу керек. Сол себептен- мидағы әлемнің бейнелену процесінде неғұрлым көбірек нейрондар іске қосылған болса,

соғұрлым процестің барысы реттелген болуы ықтимал. Жануардың алдына қойылған тапсыраманың құрылымы күрделенген сайын, оны шешуде дискретті бірліктер мен нейрондар саны көбірек болу керек. Қоршаған орта заңдылықтарының неғұрлым толық әрі нақты түсіну көптеген нейрондардан тұратын мидың көмегімен іске асады.

Екінші жағдай. Логикалық тапсырманы шешуде қоршаған ортаны детальды қабылдау үшін нейрондардың көптеген функционалдық констелляцияларға бірігуі қажет. *Нейрондар бірігуінің морфологиялық аппараттарын синапс деп атайды.* Нейрондардың синаптикалық контактілері көп болған сайын, жануардың неғұрлым дамыған саналы әрекетке қабілетті екенін сеніммен айтуға болады.

Үшінші жағдай. Ми қыртысының сұр затындағы кез келген операциялар бөлшекті, локальды орындалады. Ми қыртысы мен мишықтың нейрондық ансамбльдері бас миының функционалды модульдері деп аталатын ерекеше вертикалды колонкаларға біріккен. Мұндай диаметрі 30 мкм болатын вертикалды цилиндрге ұқсас колонкалардың құрамына 110 жуық нейрондар кіреді. Кейбір санаулар бойынша, адамның неокортексінде 600 миллион микроколонкалар бар және олар саны 3 миллионға жететін ірі комплекстерге бірігеді. Колонкалар тек белгілі бір сигналдарға сезімтал болып келеді, олар танылған сигналдарды көбейтіп, горизонталды нейрондар арқылы жақын немесе алыс көрші модульдерге таратады.

Ми қыртысының көптеген локальды, автономды функционалды модульдерден құрылуы шындықтың «бейнеленген» дискретті суреті мен шындықтың қасиеттері мен белгілерін айқындауға себептеседі.

Төртінші жағдай. Мида тек қана анализдейтін ғана емес, сондай-ақ синтездеуге қабілетті екі қабілеті бар. 1). Биологиялық маңызы бар логикалық тапсырмаларды шешуге қатысатын нейрондар констелляцияларын таңдайтын ерекше механизм «сана». 2). Эмоциялармен іске асатын тапсырманы шешу маңыздылығын бағалау қабілеті.

2. Саналы қылық-әрекет пен эмоцияның ортақ байланысы

1937 жылы Дж. Пайпец таламустың алдыңғы ядролары, гипоталамус, ми қыртысының иірімдері және гиппокамп бірлесіп, эмоциялардың тууын қамтамасыз ететін бірегей механизмді жасайды. Бұл құрылымдар-лимбикалық жүйе деп аталады. Бұл жүйенің қозу нүктесі гипоталамус болып табылады. Сондай-ақ гипоталамустың ядроларында адамдар мен жануарлардың көптеген инстинктивті бағдарламалары өзінің материалды өкілетін табады.

Сенсорлық жүйе дегеніміз – сырттан келетін әсерлерді сезім мүшелеріне жеткізетін; анализдеу, конфронтациялау (қарсы келу немесе төтеп беру) және

тану қызыметін атқаратын ми бөлігі. Сенсорлық жүйе таным үрдісінің фундаментальды негізі болып табылады. Сенсорлық жүйе болмаса таным да болмайды. Сырттан келген ақпараттарды қабылдау және өңдеу механизмін түсіну үшін ми құрылымындағы атқаратын функциялардың маңызын жоққа шығармаймыз. Сенсорлық жүйе сыртқы және ішкі болып екіге бөлінеді. *Сыртқы сенсорлық жүйе* экстрорецепторлармен қамтылған, яғни сырттан келетін тітіркендіргіштерді қабылдайды. Экстрорецепторлар дистанттық (түстер, дыбыстар, иіс сезу рецепторлары кіреді) және контактілі (байланысты: олар тері және дәм сезу) болып келеді. *Ішкі сенсорлық жүйелердің* рецепторлық аппараттары интерорецепторлармен қамтылған, яғни организмнің барлық ішкі жағдайларының қан тамырларының ішкі жағы, ішкі органдардағы, бұлшық еттердегі, буындардағы, қанқа сүйектеріндегі және т.б. тітіркендіргіштерді реттеп отырады.

Энергияның формасына және оларды қабылдау ерекшеліктеріне қарай рецепторлар былайша бөлінеді:

1. Түстер мен дыбыстарды қабылдайтын рецепторлар.
2. Механорецепторлар.
3. Хеморецепторлар.
4. Терморецепторлар.

Күнделікті өмірде организмге бір мезетте әсер ететін тітіркендіргіштер комплексі бір мезгілде бірнеше рецепторлық аппараттармен қабылданады. Сондықтан, сенсорлық жүйе өзінің әрекетін бір-бірімен тығыз байланысты рецепторлардың көмегімен жүзеге асырады. Дегенмен осы аталған жүйеден кейін сенсорлық жүйенің өзіне тән негізгі принциптары бар:

1. көп деңгейлі және көп каналды принциптер,
2. конвергенциялық және дивергенциялық принципі,
3. кері байланыс принципі,
4. Сенсорлық жүйенің екі жақты симметриялық принципі,
5. Құрылымдық-функционалдық корреляция принципі.

3. Мидың ассиметриясы және сананың екі жақтылығы

Адам миының жарты шарларының айырмашылығы білінер-білінбес. Олардың айырмашылығы әртүрлі адамдардың миының формасының вариациясындай ғана. Дегенмен, адамдарда да, жануарларда да оң және сол жақ жарты шарлардың функционалдық айырмашылықтары зор. Адам миында латерализация сол және оң қол теңсіздігінен айқын көрінеді. Бүгінге дейін ми ассиметриясы жоғарғы тілдік функциялармен тығыз байланысты деген ой бар. Ұзақ уақыт бойы ми ассиметриясы тек қана адамдарға тән деп саналған. Және ол біздің бірегей тілдік қабілетімізді анықтайды.

Сонда да жануарлардың көп түрінде латерализация бар екендігі табылды.

70 жылдары Р. Коллинз бен Дж. Уоррен маймылдар, мысықтар, тышқандар көп жағдайда бір жақ аяқтарын қолданатыны анықталды. *Сол жақ жарты шарда басым:*- индуктивті өңдеу; - абстрактілі белгілерді түйсіну; - сатылы өңдеу; - аналитикалық түйсік;- уақыт түйсігі. *Оң жақ жарты шарда басым:*- дедуктивті өңдеу;- нақты белгілерді түйсіну;- бірмезгілді өңдеу;- синтетикалық түйсіктің приматы;- кеңістік түйсігі.

Ми қыртысының түрлі частоттарының құрылыстық ерекшеліктерін оның архитектуронасы деп атайды. Бұл мәселеге 1-рет көңіл бөлген өткен ғасырдың 70- жылдарында Бец болды. Кейін қыртыстағы клеткалардың көлемін, пішінін, олардың қыртыс қабаттарында орналасуын және әрбір қабаттың қалыңдығын, ондағы түрлі клеткалық элементтердің бір-бірімен сандық қатынастарын (цито-архитектоникасын) т.б. Өте ұқыптылықпен бетін толып жатқан алаңдарға бөлуге мүмкіндік туды. Кешірек қыртыстың миэлинді талшықтарының орналасуы мен құрылыс ерекшеліктерін зерттеуге кірісті (миэлоархитектоника) .

Цитоархитектоникалық және миэлоархитектоникалық зерттеуге сүйене отырып қыртыс бетін облыстарға, алаңдарға және кіші алаңдарға бөлетін карталар жасалды. Мысалы Бродман қыртыс ауданын 11 облысқа және 52 алаңға бөледі. Фогт мидың талшықтық құрылысын зерттеулеріне сүйене отырып қыртысты одан да майда бөлшектерге бөледі.

Қазіргі кезде мидың онто -және филогенетикалық ерекшеліктерін ескере отырып, адам миы қыртысының клеткалық құрылысын толық зерттегендер Москвадағы ми институтының қызметкерлері. Бұл институттың мәліметтеріне қарағанда қыртыстың барлық ауданы негізгі 5 зонаға бөлінеді: *ертедегі, ескі, жаза және аралық қыртыстың екі зонасы* .

Ертедегі қыртыс - Палеокортес бүкіл үлкен жарты шарлар қыртысының 0,6% -ін алып жатады. Бұдан иіс сезу мен оның артқы ұшындағы біраз участок кіреді. Ертедегі қыртыс қабаттары бір-бірінен айқын бөлінбеген және олар қыртысасты ядроларынан да онша бөлініп кете қоймаған. Ол негізінен иіс сезумен функциональды байланыста болады .

Ескі қыртыс - архикортес 2,2% -тей ауданды алып жатад . Оның құрамына аммон мүйізі, тісті сіңір (шандыр , аммон ирегiнiң шет, ішкі иіс сезу ирегi және оның жалғысы тізелік ирек кіреді. Ескі қыртыстың өзіне *тән ерекшелігі* - оларда бүкіл қыртыс қалыңдығын бойлай орналасқан және беткі қалың қабат құратын миелин талшықтарының шоғырының болуы. *Екінші ерекшелігі* - ол басқа қыртыс туындыларына қарағанда жекеленген болады. Ол төмпешік асты облысына импульстер береді де, қыртыстың басқа бөліктерімен байланыспайды деп есептейді. Осы уақытқа дейін ескі қыртыстың функционалдық маңызы толық анықталған жоқ .

Аралық қыртыс - жаңа қыртыстың ескі және ертедегі қыртыспен түйісетін жерінде орналасады. Ол 2 зонаға бөлінеді: -Палеокортекс жанындағы зона *жаңа қыртысты* ертедегіден бөледі және бүкіл қыртыстың 0,3% алып жатады. 2. *Архикортекс жанындағы зона* - жаңа қыртысты ескіден бөледі және 1,3% ауданды алып жатады. *Аралық қыртыс* бірнеше клеткалық қабаттардан тұрады. *Жаңа қыртыс - неокортекс* үлкен жарты шаралар бетінің 95,6% -ін алып жатады. Оның жеті қабаты бар:

I. *Зоналық қабат* - негізінен горизонталь орналасқан нерв талшықтарынан және нейроглия клеткаларынан тұрады . Клетка саны аз , қабат қалыңдығы 0,25 мм - дей .

II. *Сыртқы дәнді қабат* - қалыңдығы 0,2 мм - дей .

III. *Пирамидалық қабат* - оның жоғарғы бөлімінде майда, ал төменгі бөлімінде ірі пирамидалы клеткалар орналасады. Қалыңдығы әр жерінде әр түрлі, кейде 1-мм-ге дейін жетеді .

IV. *Ішкі дәнді қабат* - мұнда майда дәнді клеткалар жиі, пирамидалы клеткалар сирек орналасады. Соңғылардың дендриттері 1-қабатқа дейін жетеді. Сонымен қатар мұнда жақсы жетілген горизонталь талшықтар шоғыры бар. Бұл шоғыр негізінен проекциялық афференттік талшықтардан құралады. Бұл қабат өзгергіш келеді: бір жерінде клеткалар біртекті болса , екінші жерінде әртекті болып келеді .

V. *Ганглионарлық* - көбінесе майда , не орташа және сирек ірі пирамидалық клеткалардан тұрады . Майда клеткалардың дендриттері VI - қабаттан ары бармайды, ал ірі клеткалардікі 1- қабатқа дейін жетеді .

VI - *Триангулярлық* - көбінесе үш қырлы және ірі дәнді клеткалардан тұрады.

VII - *Фузиформдық* - жіп тәрізді клеткалардан тұрады. Олардың дендриттері IV - және -I- қабатқа дейін көтеріледі .

Архитектоникалық зерттеулер нәтижесінде жаңа қыртысты 9 облысқа бөледі: шүйде, самай, шет, орталық алды және маңдай. Бұлардың ішінде орталық алды, маңдай және аралық пен шет облыстардың алдыңғы бөлімдері алдыңғы қыртысты құрайды. Ал қалған облыстар артқы қыртысты құрайды. Жоғары сатылы жануарларда түрлі учасоктарды алып тастау немесе тітіркендіру арқылы жүргізілген тәжірибелер, ми ауруларынан өлген адамдардың миларын патолого-анатомиялық зерттеу, қыртыстағы афференттік жолдарды зерттеу т.б.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Адам психикасы дамуындағы саналы қылық-әрекет
2. Саналы қылық-әрекеттің құрылымдық алғы шарттары.
3. Саналы қылық-әрекет пен эмоцияның ортақ байланысы.
4. Мидың ассиметриясы және сананың екі жақтылығы

Әдебиеттер:

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2007
3. Дубинин Н.П. Что такое человек. М., 2010.

3. ПРАКТИКАЛЫҚ (СЕМИНАР) САБАҚТАРЫ

Практикалық сабақтар – тек білім беру сипатындағы формасы. Егер семинардың негізгі міндеті алған білімді бекіту мен сенімін қалыптастыру болса, практикалық сабақтың міндеті іскерлік пен дағдыны қалыптастыру. Студенттердің мамандыққа қызығушылығы мен дағдыларын, іскерлік ойын, жаттығулар, практикумдар арқылы қалыптастыруға болады. Бүгінгі сұраныстарға сай мамандық қасиеттерін қалыптастыруда көбінесе семинар – практикум сабақтары жүргізіледі.

Семинар әдебиеттерден, дәрістерден жинақталған білімдер негізінде студенттердің сенімін, ой қорытындыларын қалыптастыру формасы. Егер дәріс сабақтарында жетеші рольді оқытушы атқарса, семинарда жетекші рольді студенттер атқарады. Семинардың күрделілігі: студенттердің жетекші роль атқару үшін қажетті мүмкіндіктер мен қабілеттерін қалыптастыратын жағдайлар мен шараларды жасау. Семинардың формалары негізгі міндеттеріне қарай айқындалады.

Семинар-практикалық сабақ психотерапия пәні бойынша дәріс материалдарын қайталауға және бекітуге, сонымен бірге әрбір тарау бойынша дәрісте қарастырылмайтын қосымша білімді меңгеруге бағытталған. Практикалық сабақтарда көбінесе диалог, пікірталас, әңгімеге негізделген тапсырмалар дайындалып, олар пікір-сайыс формасында шешіледі. Сонымен қатар, семинар сабақтарын ұйымдастыруда инновациялық әдістерді: дискуссия, конференция, дөңгелек үстел, кейс технологиялары, модельдеуші ойындар және т.б. оқытудың белсенді әдістерін қолдануға болады. Аталған әдістердің көмегімен ұйымдастырылған сабақтар студенттердің өзіндік пікірін қалыптастыруға, білімін тереңдетуге, өздігінен ізденуіне, қарым-қатынас жасаудың негіздерін үйренуге мүмкіндіктер туғызады.

Семинар тақырыптары белгілі жоспар бойынша құрылады. Әрбір семинар сабағының мақсат, міндеттері, қолданылатын әдебиеттер көздері көрсетіледі. Тақырыптың әр сұрағына конспект жазу қажет. Конспект – сұрақ бойынша маңызды аспектілерді көрсету, сонымен қатар сұраққа толық

жауап беру. Әр сұраққа деген конспектiнiң көлемi 1,5–2 дәптердiң бетi. Конспект бiрнеше әдебиетке негiзделiп жазылуы тиiс.

I-МОДУЛЬ: «Адам психикасы дамуын зерттеудiң салыстырмалы-психологиялық аспектiлерiнiң маңызы» бойынша практикалық (семинар) сабақтары

№ 1-Семинар сабағы: Адам психикасы дамуын зерттеудiң салыстырмалы-психологиялық аспектiлерiнiң пәнi мен мiндеттерi (1 сағ.)

Мақсаты: Адам психикасы дамуын зерттеудiң салыстырмалы-психологиялық аспектiлерi жайлы жалпы түсiнiктердiң; дамудың заңдылықтары мен қағидалардың негiздерi жайлы студенттердiң бiлiмiн қалыптастыру.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Психология – психика механизiмi мен оның заңдылықтарын зерттеушi ғылым саласы ретiнде.
2. Адам психикасы дамуын зерттеудiң салыстырмалы-психологиялық аспектiлерi пәнiнiң мазмұнына түсiнiк.
3. Даму жайлы түсiнiк, дамудың заңдылықтары мен қағидалары
4. Адам көптеген ғалымдар саласының зерттеу объектiсi

Әдiстемелiк нұсқау:

Адам психикасы дамуын зерттеудiң салыстырмалы-психологиялық аспектiлерiнiң пәнiнiң құрылымдық ерекшелiктерiне сараптама жасай отырып, негiзгi қарастырылатын ұғымдарға студенттердiң өз түсiнiктерiн беруi көзделедi

Әдебиеттер:

1. Иванов А.А. Этология с основами зоопсихологии: Учебное пособие. – СПб.: Изд. «Лань», 2009. – 624с.
2. Батуев А.С. Высшая нервная деятельность. М., 2009.
3. Вагнер В.А. Биологические основания сравнительной психологии Т.1,2 М., 2010
4. Вопросы зоопсихологии, этологии и сравнительной психологии. М., 2005
5. Правоторов Г.В. Зоопсихология для гуманитариев. М., 2004
6. Рахимбеков К, Рахимбекова Г.К. Зоопсихология и сравнительная психология. Алматы, 2008.
7. Немов Р.С. Учебник для студентов высших пед. учебных заведений. Т1.(Общие основы психологии) – М., 2003

8. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - А., 2005

№ 2- Семинар сабағы: Адам психикасының қалыптасып дамуы (1 сағ.)

Мақсаты: Адам психикасының қозғаушы күштерінің ерекшеліктерін ашу. Іс-әрекеттің ішкі және сыртқы компоненттерінің түсініктерін қалыптастыру.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Адам психикасының қалыптасып дамуына сипаттама
2. Белсенділік пен іс-әрекет жайлы түсінік
3. Іс-әрекеттің ішкі және сыртқы компоненттері және олардың бір-біріне ауысуы

Әдістемелік нұсқау: Адам психикасының қозғаушы күштері: белсенділік пен іс-әрекет. Іс-әрекеттің ішкі және сыртқы компоненттері. Адам әрекетінің жануарлар белсенділігінен айырмашылығы қарастырылады

Әдебиеттер

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2007
3. Дубинин Н.П. Что такое человек. М., 2010.
4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активности. М., 2011.
5. Рогинский Г.З. Проблемы антропогенеза. М., 2000
6. Северцов А.Н. Эволюция и психика. М., 2009
7. Рычков Ю.Г. Генохронология исторических событий // Вопросы антропологии 2010. Вып. 77.

№ 3 - Семинар сабағы: Адам психикасы дамуын зерттеудің салыстырмалы-психологиялық аспектілерінің ғылыми зерттеу әдістері (1 сағ.)

Сабақ мақсаты: Адам психикасы дамуын зерттеудің ерекшеліктеріне қарай ғылыми-зерттеу әдістерінің қалыптасып дамуын ажырата білу. Тақырыптың сұрақтарына дайындалғанда студенттер ұсынылған әдебиеттерді қолдана білуі қажет.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Адам психикасы дамуын зерттеудегі салыстырмалы психологияның орны
2. Салыстырмалы психологияның ғылыми зерттеу объектісі мен ерекшеліктері
3. Эволюциялық теорияның психика жайлы маңызы.

Әдістемелік нұсқау:

Адам психикасы дамуын зерттеудің ғылыми-зерттеу әдістерінің қалыптасып дамуына сараптама жасай отырып, негізгі қарастырылатын ұғымдарға студенттердің өз түсініктерін беруі көзделеді

Әдебиеттер

1. Анохин А.П. Генетика, мозг и психика человека: Тенденции и перспективы исследований. М., 2009.
